

Батыр БЕКМҰСАЕВ

ЖАУАБЫ ЖОҚ ДҮНИЕ



УДК 821.512.122
ББК 84 (7)
Б 95

Бекмусаев Б.
Жауабы жоқ дүние – Алматы: «ARNA-B», 2016. -204 б.

ISBN 978-601-7221-27-6


Бұл дүние шіркіннің жұмбағының шешуін кім тапқан дейсіз. Әр адамның тағдыры бір жұмбақ әлем. Әсіресе, ерлі-зайыпты адамдардың бақытты болу жолындағы күресінің өзі құпияға, сан-мың сырға толы. Бірін-бірі сүйіп қосылған екі адамды Жаратқан ие олардың махаббатын, екеуінің арасындағы сенімі мен сезімін нықтай түскісі келгенде әрқалай қиындықпен сынаққа алатындай. Сол сынақтың бірі – ұрпақ сүйеге деген ынтызарлық болса керек. Ал қазіргі кезде жүрекке тастай тиетін бедеу деген дерт арқалап, нәрестелі бола алмай жүрген жас отбасылар қаншама?! Осы бір адамның жандүниесіне тікенектей қадалатын сөзді көтере алмай ажырасып кетіп жатқандар да аз емес. Ал бірін-бірі шын сүйгендер бұл бізге Алланың жіберген сынағы болар деп сол сынақты бірге көтеріп, ақырында өздері аңсаған бақытқа қол жеткізіп жатады. Осыдан жиырма жыл бұрын бедеулік дертінің емі де, амалы да жоқтай көрінетін. Бірақ, бүгінгі медицина ғылымы оның да шешімін тауып, медицина саласына әйел мен еркек

Жауабы жоқ дүние

бедеулігін емдейтін – ЭКО – экстракорпоральді ұрықтандыру тәсілі ендірілді. Бұрын-соңды мұндай жаңалықты ести қоймаған көпшіліктің алғашқы жылдары бұл тәсілге деген күдігі мен қорқынышы басым болып еді. ЭКО-ның тағдыры да түсінде екіқабат болып, оянғанда екі тізесін құшақтап жылаған бедеу әйелдің тағдырындай қиын, Қазақстанның денсаулық сақтау саласына кірігер жолы күрделі болды. Бүгінгі қалың оқырманға арналып жазылған осы тәсілді елімізде жүзеге асыруға өз үлесін қосып, бүгіндері сан-мың баланың кіндік әкесі атанып отырған Батыр Бекмұсаевтың «Жауабы жоқ дүние» кітабы ЭКО тәсілінің еліміздегі қалыптасу кезеңін шынайы әңгімелейді. Автор «Экомед» медицина орталығының кешегісі мен бүгіні жайында боямасыз сыр шерте отырып, сізді тығырыққа тіреп жүрген мәселенің жұмбағын бірге іздеуге ұмтылдырады.



СӨЗ БАСЫ




Тұра осыдан жиырма жыл бұрын Қазақстан медицина саласында әйел мен еркектің бедеулігін емдеудегі экстракорпоральді ұрықтандыру тәсілін алғашқы болып енгізген ЭКОМЕД медицина орталығы өмірге келді. Міне, осы жиырма жыл менің өміріммен тығыз байланысты еді. ЭКОМЕД-тің кіндігі кесілген күні 1995 жылдың 18 сәуірі. Бұл орталықтың қалыптасуы, өзінің өміршендігі мен адамзатқа қажеттілігін дәлелдеп шығуы оңай бола қойған жоқ. Жаңаның аты жаңа ғой, қарапайым адамдар түгілі, медицина қызметкерлерінің өздерінде «осының қажеттілігі бар ма?» деген күдікті ой басым болған еді. Ал біз күдіктеніп, бұл кімнің қолынан келе қояр деп жүргенде жанымыздағы Ресейде ЭКО-дан кейін балалар өмірге келіп жатты. Олардың жанқиярлық еңбегі жайлы естіп-білгенімізбен, ол ғылым жаңалығы Қазақстанға әлі алыстай көрінетін. Сөйтсек, ізденген

адамға оның тауы да алыс емес екен. Қазақстан биологтары мен дәрігерлері ЭКО-ның тарихын жасаушылар емес, тарихта, ғылымда бар дүниені жанартып, бедеулік дертінің дауасын таба алмай жүргендерге емнің осы түрін ұсынып, оны кеңінен жүзеге асырушылар дер едім. Ал өзім осы саланың еліміздегі дамуына өзіндік үлес қосқанымды, осы жолдағы тар жол тайғақ кешу тағдырымызды еш қоспасыз шынайы, өз басымнан өткерген жағдайлар арқылы баяндап беруді азаматтық парызым санадым. Адам баласы өз басына түспей ешнәрсенің байыбына бара бармейді. Мұндайда ата-бабаларымыз «басы ауырмағанның басқамен шаруасы жоқ» деп жатады. Шындығында солай. Бізді, біз деп отырғаным, менің жарым – Қазақстандағы алғашқы «Экомед» медицина орталығының негізін салушы бүгінде халқына танымал, «Құрмет» орденінің иегері, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» марапаттарын иеленген, «Алтын дәрігер» атанған, биология ғылымдарының докторы, еліміздің алғашқы эмбриологы, Қазақстандағы ең бірінші «құтыдағы» нәрестенің авторы Салтанат Берденқызы туралы да баяндалады. Осы тәсілдің жанашыры ретінде танылған мен де тағдырымыз перзентті болудың тауқыметін басымыздан өткермегенде бұл тәсілдің адамға сыйлар қуанышы барын, адамзат алдындағы жасаған еңбегі үшін отыз жылдан кейін Роберт Эдвардска не үшін Нобель сыйлығы берілгенін, ғылым арқылы

табиғаттың тылсым жұмбағын шешуге болатындығын түсінбес пе едік, кім білсін? Біздің отбасымызды да Жаратқан ие бір перзентке зар қылып сынағаны бар. Кейде осындай жақсылықтарды жұртқа жеткізу үшін бізді осылай сынаған шығар деп ойлаймын. Ол әрине Жаратқанның бір өзіне ғана аян. Ал мен «Жауабы жоқ дүние» деп аталатын осы жазбаларым арқылы сіздерге осы жолдағы бар шындығымды, өзіме ғана аян сырларымды бүкпесіз баяндағым келеді. Бәлкім, біздің бұл еңбегіміз ЭКО әдісімен айналысқан ағылшындық Роберт Эдвардс, ресейлік ғалымдар Б.В.Леонов, В.М.Здановский, А.И. Никитиндердің еңбегінің қасында теңізге тамған тамшыдай ғана тірлік болуы мүмкін, дегенмен, тамшының да тауқыметі, ащы дәмі болғанын айтқым келді. Артық ауыз айтқан сөздерім, ағат кеткен тұстарым болса, алдын ала оқырмандарымнан, осы салада жүрген әріптестерімнен кешірім сұраймын.

Мен бұл еңбегімді Қазақстан халқына жасаған үлкен еңбегі бар, биыл мерейлі жас – 75-ке келетін досым, әрі Салтанаттың ұстазы, халық профессоры атанған Валерий Мстиславович Здановскийге арнаймын.

ӘКЕ СӨЗІ



алтанат екеуміз үйленген соң жеті жылға дейін баламыз болған жоқ. Бірақ, ол туралы әңгіме қозғап, бір-біріміздің жанымызды ауыртқан кезіміз болған емес. Тек бала туралы әңгіме бола қалған тұстарда немесе жолдас-жораларымыздың, туған-туыстарымыздың балалары алдымыздан еркелей шыққан сәттерде, Салтанат екеуміз «осындай бақытқа қашан қол жеткізер екенбіз?» дегенді үнсіз ғана ұғынып, ешкімге білдірмей терең күрсініп алып жүре беретінбіз. Бұл жағдайдың менен гөрі Салтанатқа қатты бататынын да сезінетінмін. Талай түнді жастығына тұншыға жылаумен өткізіп, Тәңірден перзент тілеп шығатын жарымның жанын қалай жаралайын? Мен түгілі, менің әкешем біз отырған жерде бала, балалардың тәтті қылығы туралы әңгіме қозғамайтын. Тіпті біздің көзімізше туыстардың бала-шағасын қатты еркелетіп, жүрегімізді ауыртқан емес. Ал Салтанаттың анасы Сәбира анамыз бізді жұбатқан болып, Димаш

ағамыздың өмірбаянын, ол кісінің аяулы жары Зухра Шәріпқызымен сыйластықтары жөнінде әңгіме айтып, солардың өмір жолын өнеге етіп отыратын. Дінмұхамед атамыз бен Зухра анамыздың бір-біріне деген сүйіспеншілігін аққулардың махаббатына тенең, олар туралы ертегіге бергісіз әңгіме айтып беретін. Сәбира анамыздың сондай аяулы азаматтың да перзентке зар болып өткенін есіне алып, бізді сабырға, төзімге, қиындыққа көндігуге шақырып, тағдырдың сынағына төзе білген адамды Тәңірі түбі бір қуантатынын айтып отыратынын кейін түсіндік. Тектілік деген осындай-ақ болар. Салтанат екеуміз Жамбыл облысының Талас, Сарысу аудандары өңірінің перзенттеріміз. Әрқайсымыз бір-бір мектептің бетке ұстар оқушылары болдық. Ең қызығы, екеуміздің ата-аналарымыз да бірін-бірі жақсы білетін. Салтанаттың атасы Байқошқар көп жыл колхоз басқарған, Ленинград түбінде Ұлы Отан соғысына қатысып, жарақат алып еліне оралған майдангер еді. Сол келген күнінен бастап бар саналы ғұмырын еңбекпен өткізген Байқошқар атамыз еңбектегі ерен ерлігі үшін «Социалистік Еңбек Ері» атанды. Еңбек туралы әңгіме бола қалса, Еңбек Ері белгісін омырауына сол кездегі Кеңес одағына белгілі Шверник тағып бергенін мақтанышпен айта жөнелетін. Байқошқар сынды әкенің тәрбиесін алған Салтанаттың әкесі Берден де Қазақстанға танымал белгілі, аса ірі партия және қоғам қайраткері. Берден әкеміз Дінмұхамед Қонаев атамыздың отбасымен туысын-

дай сыйласып өтті. Салтанат сол ата-анасының арқасында Зухра апамыздың қолынан талай рет шәй ішіп, тәлімге толы әңгімелерін тыңдаған қыз. «Жақсыдан шарапат» деген ғой, Салтанат мектепті «Алтын медальға» бітіріп, Алматыға келгенде анасы Сәбира екеуі Асқар Қонаевтың үйіне тоқтайды. Ондағы ойлары оқуға келген қызының жағдайын ойластырып, ғалым аға-жеңгелерімен ақылдасу еді. Салтанат ауылдан шыққанда қайтсем де медицина институтына түсем деп келеді. Бірақ, Ләйла Мұхтарқызы Әуезова Салтанатқа бағыт-бағдар беріп, енді ғана дамып келе жатқан биология, оның ішіндегі медициналық биология ғылымына қызықтырып, сол кездегі С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) биология факультетіне түсуге кеңес береді. Ол кезде Асқар аға Қонаев Ғылым Академиясының президенті болатын. Қос ғалымның ақылы ақыры дәрігер болам деп келген қызды райынан қайтарып, биолог болуға біржола бекіндіреді. Адам баласының пешенесіне болашақтағы меңгеретін мамандығы да жаратқанның жазуымен бұйырады дегенге илансақ, бүгінгі атқарып отырған жұмыстарына қарап отырып, бұл саланы игеру Салтанаттың пешенесіне баяғыда-ақ жазылып қойғандай көрінеді. Шындығында солай шығар. Бұйырмаған кәсіп болса, қол сілтеп, кейін бұрылмай кетуге болатын талай жағдайды бастан кешірдік. Бірақ, өзің нәтижесін көрген нәрсені өзіміз секілді

талай жыл жылап өткен жандардың кәдесіне жаратуды мақсат еткен біз қаншама тауымыз шағылып, жігеріміз құм болса да кейін шегінбедік. Бірде теледидардан жер сілкінісінен кейінгі Спитак қаласы тұрғындарының жағдайы із-түссіз жоғалғандар мен жетім қалған балалар туралы айтылып жатты. Үйде Тұрсынай шешеміз бар еді. Хабарды көріп отырып ол кісінің жүрегі жібіп кетті ме, жоқ әлде көптен көкейінде жүрген ойы ма екен, кім білсін, Салтанат екеумізге біртүрлі аяушылықпен қарай, «мүмкін, өздеріңнің балаларың болғанша осындай жетім қалған сәбилердің бірін асырап алсаңдар, сол пейілдеріңе қарай құдай беретін шығар» деп айтып қалды. Айтуын айтқанмен бізден бұрын өзі сасқалақтап, әрнәрсені айтып, жанарымызбен дастарқанды тесіп жіберердей үнсіз төмен қарап отырған бізді қайтсем жұбатамын дегендей әбігерленіп кетті. Бұл Салтанат екеуміздің жақын адамдарымыздан баламыздың жоқтығы туралы бірінші рет естіген сөзіміз еді. Өз сырымыз өз ішімізде жүрген біз сол таңды үнсіз атырдық. Ол кісіге өкпелеген жоқпыз. Неге өкпелейік, бұл көпбалалы ананың бізге деген ақ тілегі ғой. Содан кейін де арада бес-алты жыл өте шығыпты. Осы аралықта тексерілмеген дәрігеріміз қалмаған еді. Тіпті комсомол қызметкері болсақ та үлкендердің тілін алып, жасырынып, жасқанып жүріп, әулие-әмбие лердің басына түнеп, Арыстанбаб бабамызға, Түркістандағы Хожа Ахмет Яссауи кесенесіне тәу

етіп қайтқанымыз бар. Сондай бір сапарлардан оралып, қайын атам Берден әкем екеуміз ас дайын болғанша темекі тартып сыртта анау-мынауды сылтау етіп әңгімелесіп отырғанбыз. Мен өз әкем Қаратайдың көзінше темекі тартып көрген емеспін, ал атам екеуміздің сөзіміз де, әзіліміз де кейде жарасып жататын. Бұл жолы әкеміздің көңіл-күйі қош болмай тұрған секілді көрінді. Бірнәрсе айтқысы келіп отырғанын ыңылдап ән сала бастағанынан аңғардым. Ішімнен не айтқалы отыр екен, тағы шаруашылық жәйі туралы айтатын шығар деп топшылап қойғанмын. Кенет әнінің соңын «Қозы Көрпеш Баяндай бір молада өлсем-ай» деп созыңқырап барып үзді де, «Батыр, балам, Салтанатты шақыршы, екеуіңмен әңгімелесейін деп едім» – деді де темекісін жерге тастап аяғымен мыжғылай бастады. Мұндай әдетін бұрын-соңды көрмеген мен қалың ойдың құшағында төмен қарап отырған атама бір қарадым да сыртта анасына қолғабыс етіп жүрген Салтанатты шақырып келдім. Әншейінде әкесіне еркелей сөйлейтін Салтанаттың жүрегі де күні бұрын әлденені сезгендей, әкесінің қасына кібіртіктей жақындады. Үнсіз басып, ол кісінің қасына отырдық. Ішімдегіні айтсам ба, айтпасам ба дегендей басын көтеріп, Салтанаттың жүзіне ұзақ қарады. Қолын өзіне тарта, ып-ыстық алақанына қысты. Бір кезде өзінің қарлығыңқы даусымен сөз бастады.

– Қызым, бұл сөзді бүгін мен айтпағанмен, ертең басқа біреу айтуы әбден мүмкін. Сондықтан туған

әкең ретінде менің айтқаным жөн болар. Мені екеуіңнің тағдырың алаңдатады. Мен-мен деген дәрігерлердің барлығына тексерілдіңдер. Сонау Петерборға дейін апарып ең мықты деген профессорға операция жасаттым. Адамның қолындағының бәрін жасадық. Ретімен болса, бүгінде балаларыңның алды бес-алты жасқа келер еді. Амал қанша, ондай бақыт әзірге пешенемізге бұйырмай тұр. Қаратай құдамды да бұл жағдайдың қинап жүргенін жақсы білемін. Көз көрген адам болған соң батпай жүрген шығар. Күні бүгінге дейін құданың тарапынан да, құдағидың тарапынан да ондай әңгімені құлағым шалған жоқ. Дейтұрғанмен, іштегі шер бір күні сыртқа шығады. Әкенің сөзі балаға оқтай қалатынын да білемін, әйтсе де бөгденің сөзі жаныңды жаралағанша, жақыныңның айтқаны дұрыс деген шешіммен көптен бері айтуға оқталып жүрген ойымды екеуіңнің орталарыңа салайын деп отырмын. Мені дұрыс түсінуге тырысындар деп тағы сәл үнсіз қалды да, Салтанатқа қарап, «Балам, мына Батыр сенің жолыңа қараумен бес-алты жылын өткізді. Араларыңда бала жоқ, енді бағын байлама, рұқсатыңды бер, мүмкін басқамен тағдыр қосса өмірінде өзгеріс болар» – деді де, жасаураған жанарын бізге көрсеткісі келмеген сыңаймен назарын төмен салып, Берден әкей «айтарымды айттым» дегендей отырып қалды.

Әкесінен мұндай үкім күтпеген Салтанат «папа, не деп тұрсыз?» деп жыламсырап, үйге қарай жүгіре

жөнелді. Не болғанын түсінбеген мен де темекімді тастай сала, Салтанаттың соңынан жүгіріп үйге кірдім.

Сол күнгі Салтанат екеуміз басымыздан кешірген ауыр халды дәл бүгін, оқырман, сізге айтып жеткізе алмаспын. Берден әкейдің не жазығы бар? Бар кінәсі жүрегіне талай жыл сақтап келген сырын бізге ақтарып, жүрегін сыздатқан жан жарасының аузын ашқаны ма? Ал біздің де ол кісіге қарсы айтар уәжіміз жоқ еді. Ол кезде бедеулік дертін емдегенмен, дәл қазіргі кездегі қолданылып жүрген ем-шаралар мен тәсілдердің бірде-бірі жоқ еді. Қай дәрігерге барсаңыз да айтатындары, «бұл ұзақ емделуді қажет ететін дерт. Оған шыдам керек, одан басқа емі жоқ» деген сөз ғана еді. Біз бұл қалай болғаны, емнен басқа амалы жоқ па? деп сұрағанымызбен оның жауабын ала алмайтын едік. Осы қиын сәттерде мен бір ғана нәрсеге — екі адамның арасындағы махаббат, сүйіспеншілік, сезім шынайы болса адам баласы бар қиындыққа төзе білетіндігіне көз жеткіздім.

Аңшының баласы болғандықтан әкемнен аңқұстардың өмір-тіршілігі туралы әңгімелерді көп естіп өстім. Әкем марқұм, аққудан кейінгі өз серігіне адал аң-қасқыр деп отыратын. Қасқыр серігінен айырылса, екінші рет қайта жұп құрмайды екен. Қасқырлардың мұндай ерекшелігі туралы Шыңғыс Айтматов өзінің «Плаха» романында керемет бейнелеген. Салтанат екеумізді сақтап қалған осы бір-бірімізге деген адалдығымыз еді. Тойда екі жасқа

көп тілектер айтылып жатады ғой, қосағыңмен қоса ағар, аққудың махаббатын берсін деп, сол махаббатымыз бізді әлі күнге сақтап келеді. Тағы қайталап айтқым келеді, баланың жоқтығын сылтау етсек, Берден әкемізбен әңгімелескен түні-ақ екі жаққа ажырап кетіп, сыңарынан айырылған аққудың, серігінен айырылған қасқырдың күйін кешіп жүрер ме едік, кім білсін. Біз шыдадық, төзімділік таныттық, пендешілік жасап майдаланбадық. Бізге адал махаббат бергені үшін бүгінде Құдайға мың мәрте шүкіршілік етемін. Ағынан жарылып шындық арқылы бізді сынап, бұрынғыдан да бір бірімізге деген махаббатымыздың күшейе түсуіне себеп болған атам Берденге дән ризамын. Сол түнгі Салтанат екеуміздің көз жасымызды Жаратқан ие жеті жылдан кейін көрді. «Балалы үй базар, баласыз үй мазар» деп бекер айтпаған екен аталарымыз.



ЖӨРГЕК ИІСІ



рада зымырап жеті жыл да өте шығыпты. Әкесінің сөзінен кейін «менің көңіліме қарама, сен азаматсың, соңында ұрпақ қалдыруың керек. Әкем дұрыс айтты, бағынды байлағаным дұрыс емес шығар. Мен саған ризамын» деген секілді жалпақшешейлік арзан әңгіме арамызда болған емес. Оның көңілін басқа нәрселермен алдаусыратып, қызық-қызық әңгімелер айтып, «әлі-ақ біздің көшеде де той болады. Асықпайық, «сабыр түбі – сары алтын» деген сөз бар емес пе, алда бір тойымыз барына сенемін – деп жұбататынмын. Шын тілесен Жаратқан көз жасыңды көреді екен. Тура жеті жыл дегенде біз ата-ана атандық. Бізді көп зарықтырған тұла бойы тұңғышымыз Сырымтай өмірге келді. Сырым өмірге келген күнгі біздің қуанышты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Салтанат екеуміз Сырымтайды кезек-кезек бауырымызға басып, құшырлана иіскелесек те мауқымыз басылмайтын. Райкомның жас нұсқаушысы

менің түскі үзіліске келгенде аулада жаюлы тұрған Сырымтайдың жөргектерін көрген сәттегі қуанышымды көрсеңіздер ғой. Өн бойымды жөргектің жұпар иісі баурап алатын. Дүниенің бар рахаты, қызығы мен қуанышы, жұмағының осы жөргек иісінде екенін сезінген сәттерде кең дүниеге сыймай кететінмін. Өмірімде талай елдің айтулы парфюмерия зауыттары өндірген иісулардың иісін білетін басым, дәл осы жөргек иісіне пара-пар жұпар иісті сезініп көрмеппін. Ол иістен махаббаттың, мейірімнің рахатын сезінесің. Талай рет Сырымтайдың жөргектерін Салтанатқа көрсетпей иіскелеп алатынмын. Жүрегімнің езілетіні, бедеулік деген жүрекке тастай тиетін ауыр сөзден арылды. Салтанат алпыс екі тамырын иітіп ана, мен ет-жүрегі елжіреген әке атандым. Екі басымыз үшеу болды. Бесік тербеттік. Шаңырағымызды сәбидің тәп-тәтті уілі тербеді. Қылығымен жанымызды баурады. Жөргек иісі танауымызды қытықтап, бізді алға ұмтылдырды. Ең бастысы – ата-аналарымыз ата-әже деген құрметті атаққа ие болды. Бұл бақыт бізге 1986 жылдың 9-шілдесінде бұйырған еді. Зарығып көрген тұңғыш немерелерімен әке-шешемнің қауышуы да қызық болған еді. Қуанышты хабарды естігенмен, аман-есен қол-аяқтарын бауырына алып, кішкентайлары көзін ашсын деп күтіп жүрген ата-анамыз Сырымға бір ай толды-ау дегенде, бізге келмей ме, үйге кірген кезде оларды тоғызыншы сыныпта оқитын інім Алик пен бір айға жетер-жетпес жөргектегі құндақ-

таулы Сырым қарсы алады. Інімнің қолында сүт құйылған емізiктi бөтелкенi көргенде шешем шошып кетедi.

– Әй, мына баланың анасы қайда десе, iнiм «партия билетiн алуға аудандық партия комитетiне кеттi». Ал әкесi қайда десе «партия жиналысында» дейдi ғой. Бiрiмiз жиналыстан, бiрiмiз партия билетiн алып үйге келсек әке-шешем Сырымтайды орталарына алып мөз-мейрам болып отыр екен. Шiлденiң ыстық кезi, екеуi жерде дастарқан жайып шәй iшiп отыр, орталарында жөргекте шалқасынан ашық жатқан бөпемiз аспанға қарай шаптырып жатыр, тура бiр қуанып салют бергендей. Оған қарап ата-анамыздың жүздерi бақыттан бал-бұл жанады. Ерiксiз көзiмiзге жас iркiлдi. Бұл әрине қуаныштың, Жаратқанның жетi жылғы тiлегiмiздi қабыл етiп, жөргек иiсiн бұйыртқанына, жанымызға жан қосылып ата-анамыздың ата, әже, өзiмiздiң әке, ана деген қастерлi мәртебенi иеленгенiмiзге тәубешiлiгiмiз бен шексiз бақытымыздың көз жасы болатын. «Қорыққан мен қуанған бiр» деген, бұл бақытты күндер 1986 жылдың тоғызыншы шiлдесiнен басталған едi.

БЕТБҰРЫС

1986

жыл біздің өміріміз-

де ғана емес, сол кездегі Кеңестер Одағының өміріндегі жаңа қоғам құруға деген бетбұрыстың басталып, қайта құру кезеңінің енді-енді басталған кезі болатын. Қолымызда партия билеті бар болғандықтан осы кезеңнің нағыз жауынгері едік. Қайта құру саясатының құрылымы оңай болған жоқ. Ол түсінікті еді. Қашан да не нәрсені болса да бұзу оңай, қайта құру қиын болады емес пе?!

Уақыт дегеніңіз зымырап өте шығады. Ол кезде босанған әйелдерге бала күтімі үшін берілетін демалыс мерзімі бір жарым жыл болатын, Салтанаттың жұмысқа шығатын уақыты да келіп қалды. Бір күні жұмысқа шығу жайында, баланың күтімі туралы әңгімелесіп отырсақ, Салтанат кезінде болашағы зор деп барған, елдің қолы әрең жететін Республикалық Кәсіподақтар Кеңесінің (Казсовпроф) нұсқаушысы қызметінен бас тартып, енді ол жұмысқа шықпай-

мын деп қарап отыр. Жалпы табиғатында Салтанат көпсөзділікті, өтірікті, жалған айтуды жек көретін жан. Оның үстіне 1986 жылдың желтоқсан айы талайымыздың санамызды сілкіп, қанымыздағы ұлтжандылық қасиеттерімізді оятып, қоғамға деген көзқарасымызды қатты өзгертті. Қоғамда жаңа құрылымдар, салалар, бұрын таңсықтау естілетін кәсіпкерлік, жекеменшік деген ұғымдар пайда болып, адамдар санасында басқа леп пайда бола бастады. Мен өзімше, Салтанат осы жаңа құрылымның бірін қолға алайық дейтін шығар деп ойласам, өз мамандығым бойынша жұмыс істегім келеді, бірақ мұғалім болып істей алмаймын дейді. Басшылық қызметінен бас тартқан адамды бірінші рет көруім, енді не істеу керек?! Бірақ, Салтанатқа биолог мамандығы бойынша жұмыс табу оңайға соқпады. Баспаған табалдырығым, қақпаған есігім қалмады. Ақыры амалым таусылған соң аздап таныстығым бар, Алматы медициналық колледжінің директоры марқұм Қалқаман Аяповқа бардым. Ол кісі оқытушылық түгілі лаборанттық та орын жоқ дегенді бірден кесіп айтты. Ал мен Қалқаман ағаның «лаборанттық та жұмыс жоқ» деген сөзіне кәдімгідей намыстанып қалдым. Өйткені, мектепті «Алтын медальға», сол уақыттағы Қазақстанның маңдайындағы жалғыз С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін қызыл дипломға бітірген Салтанатты лаборант болуға қимадым да... Кейін білсем, жұмыс болғанымен Қалқаман көкем, Салтанаттың әке-шешесінің

Қонаевтарға туыстығы барын біліп, ертең қызмет бабында кедергілерге тап болып қаламын ба деген қауіппен жұмысқа алудан қобалжыған сияқты. Қазақи саясат ылғи да осылай болып келеді. Үйге келіп, мән-жайды түсіндіріп, тіпті лаборанттық та орын жоқтығын айтып жатсам, Салтанатқа лаборант деген сөздің ұнай кеткені.

– Батыр, мүмкін емханалар мен ауруханалардың лабораторияларынан жұмыс табылып қалатын шығар, іздестіріп көрші, кезінде арманым болған ақ халатты киіп, жұмыс істегім келеді, – деді қиылып.


Айтқан тапсырманы орындау партия қызметкерлерінің ең басты міндеті, содан лаборанттық жұмыс тауып беретін таныс іздеуге қайтадан кірістім. Марқұм Мәди Әшімовке (белгілі өнер қайраткері Асанәлі Әшімов ағамыздың ұлы) телефон шалдым. Мәди екеуміз комсомол ұйымында бірге қызмет істегенбіз, бір бөлмеде отыратынбыз. Адам баласының көңілін қалдырмайтын өте жақсы жігіт болатын. Артық сөзі жоқ ол дереу Салтанаттың құжаттарын алып тез келуімді өтінді. Күткенім де осы болғандықтан мен қажетті деген құжаттарды жинастырып ала сала Мәдиге қарай зымырадым. Келсем күтіп отыр екен. Екеуміз амандасып мән-жай сұрасқаннан кейін Мәди Достық көшесінің бойындағы №5 қалалық клиникалық аурухананың мамандар бөлімінде қызмет істейтін танысына телефон соқты. Ол құжаттарын алып келсін десе керек, Мәди екеуміз зулап отырып №5 ауруханаға жеттік. Сөйтсек,

Жауабы жоқ дүние

әзірге орын жоқ болып шықты. «Бір-екі айда бір келіншек бала тууына байланысты демалысқа кетеді екен соны күтуге тура келеді, құжаттарын тастап кетіңіз, мұндай мықты кадрлар біздің ауруханаға ауадай қажет. Бірақ, жана ғана айтқанымдай күтулеріңізге тура келеді» – деді, одан басқа амалы жоқ дегендей бізге күлімсіреп қарап. Бір-екі ай күт деген сөзге, мен қуанбасам ренжіген жоқпын. Екі айда Сырым да әжептәуір өсіп қалады ғой деп, ішімнен Салтанаттың жұмыс күтіп үйде отыра тұрғанын қалап тұрдым.



САБАҚТЫ ИНЕ СӘТІМЕН



өйтiп ойлап үлгергенiмше, бiздiң танысымыздың қасында отырған әйел кiсi, «айналайын, егер бұл орынды күте алмасаңдар «Неке және отбасы» орталығына барып көрiндершi. Өткен жолы сол орталықтың басшысы Клара Тусеева дәрiгер-лаборант керек деген едi. Мынандай бiлiмiмен келiншегiңiздi жұмысқа алмау мүмкiн емес, оның үстiне ол орталыққа биологтар аса қажет деп ойлаймын» дедi, менiң үзiлейiн деп тұрған үмiтiмдi қайта жалғап. Қуанып кеттiм. Орталықтың «Неке және отбасы» деген аты да көңiлiме қона кеткенi. Сол екi ортада Салтанаттың еңбек кiтапшасын ақтарып үлгерген әлгi келiншек:

– Жұрт Казсовпрофқа еден жууға кiре алмай жүрсе, сiздiң әйелiңiз басшылықтан бас тартып, зертхананың қара жұмысшысы болғысы келетiнi қызық екен, – дедi мысқылы мен танданысын жасыра алмай. Сөздiң шынына келсек, Салтанаттың бұл қадамы танданыс тудыратындай-ақ жағдай едi.

Сөйтіп, «сабақты ине сәтімен» демекші, Салтанаттың дәрігер-лаборант болсам деген арман тілегі аяқ астынан осылай шешіле кетті.

«Неке және отбасы» медициналық орталығы жанадан ашылып жатқандықтан мамандар өте қажет көрінеді. Сондықтан бес-алты күн күте тұру деген мүмкін емес көрінеді, жұмысқа тез шығу керек болды. Ал біз болсақ жұмыс іздейміз деп жүріп Сырымтайдың жағдайын ескермептік. Ол уақытта баланы балабақшаға орналастыру да оңай шаруа емес болатын. Әйтеуір көңілімізге медет ететініміз «Қызмет бабында бірге жүрген азаматтар бар ғой, бірі болмаса бірінің шапағаты тиер» деген сенім ғана. Сол сеніммен қазіргі Түрксіб, бұрынғы Октябрь аудандық атқару комитетінің орынбасары болып қызмет істеп жүрген танысыма бардым. Көмек сұрап келе жатқаным ойымда жоқ, талай бірге жүрген, комсомол деген үлкен өмір мектебінен бірге өтіп, бірге өскен жігіттеріміз, өткен күндерімізді еске алып, әңгіме-дүкен құрамыз ғой деп іштей онымен кездесетініме қуанып келгем. Бірақ, ата-бабаларымыз даналық ойларын өмір тәжірибелерінен жинақтағанына сол жолы анық көзім жетті. «Досынды сынағың келсе, астына тақ, қолына билік бер» деген сөзі рас болып шықты. Билік басында отырған танысым менің өтінішімді назарына да ілген жоқ. Нұсқаушысын шақырып алып, «мына кісінің өтінішін қабылдап, өшіретке қой» - деді де маған қарап, үш жыл күтесің деді дауысын

нығарлаған қалпы. Үш жыл тұрмақ, үш күн күтуге мұршам жоқтығын айтып түсіндіргім келген, ол тындамады да.

Комсомол ұйымында жұмыс істегеннің бір пайдасы, ойға алған мәселені шешілмейінше оны жүзеге асырудың жолын іздестіруден жалықпайсың. Сол дағдыммен салымды суға кетірмей, атқару комитетінен шыға салып, аудандық білім беру бөліміне тарттым. Келгенімді қайтейін, бөлім бастығы ауырып ауруханаға түсіп қалыпты. Хатшы қыз менің бет-әлпетімнен қатты қиналып тұрғанымды байқаса керек, маған бастықтарының Урологиялық ғылыми-зерттеу институтында жатқанын жеткізді. Институттың директоры, профессор, қазірде марқұм Бейнеш Оразұлы Жарбосынов ағаны жақсы білетінмін. Бейнеш аға, дәрігер болғанмен кәдімгідей қалжыңы бар, тістеп сөйлегенді жақсы көретін кісі болатын. Мені көре сала, «Әй, комсомол, қазір қайдасың?» — деді, мен облыстық комсомол комитетінде істейтінімді айттым. Ол кісі болса, қызының Орталық комсомол комитетінде нұсқаушы болып қызмет істейтінін мақтанышпен айтты да: «әлгі секретарьдың қызы туды ма? Қанша балаларың бар?» — деп мені сұрақтың астына алды. Отбасымыздағы жағдайлардан хабардар ағамызға мен бір балаға өрең жетіп, ұлды болғанымды, қазір соның шаруасымен шапқылап жүргенімді де айтып қалдым.

— Атын Бейнеш деп қойған шығарсың — деді қалжындап.

— Аға, ұлымның атын Сырым деп қойдым, батыр бабаңызбен таласпайтын шығарсыз — дедім Бейнеш көкемнің Сырым Датұлының ұрпағы екенін есіне салып. Сөздің қадірін білетін кісі ғой, жауаптан тосылып қалғанын білдіргісі келмегендей, — Әй, комсомол, сөз тауып кеттің, қандай жұмыспен жүрсің? — деп сұрады.

Мен жағдайымды айтып, Салтанаттың жұмысқа шығатын уақытының жақындап қалғанын, ұлымызды балабақшаға орналастыра алмай жүргенімді, балабақшаға бұйрық беретін басшының осында жатқанын жеткіздім. Бейнеш аға телефонды алды да, орынбасары Болат Шәлекеновке «аудандық оқу бөлімі басшысының емдеу картасын» алдыртты. Мені қасына ертіп біркісілік емдеу бөлмесінде жатқан аудандық білім бөлімінің бастығы жатқан бөлмеге бардық. Төсегінде жатыр екен. Бейнеш ағаны көрген кезде, жасының егделігіне қарамай, жедел қимылдап басын көтеріп, денесін тіктеп төсегіне отыра кетті. Директордың өзі денсаулығын сұрап келгеніне сенбегендей, өңі қашқан күйі Бейнеш ағаға бір, маған бір жәутендеп қарап қояды. Бейнеш аға:

— Мен саған аздап жүріп-түр дедім ғой, ал сенің жатысың мынау, жалқау, — деп қалжыңдады да, дереу іске көшті.

— Бастық жолдас, кеше ота жасау кезінде анау-мынау болып кетсең қаладағы мектептерің мен балабақшаларыңды өзіңмен бірге алып кетер ме едің,


қалатын еді ғой, барлығы. Алдымен Алла, содан кейінгі дәрігерлердің арқасында аман қалдың. Соның сүйіншісі болсын, мен немерелі болдым. Есімі атаммен аттас – Сырым, сол Сырым баламды балабақшаға орналастыру керек. Үш күн де, үш жыл да күте алмаймыз. Ертең ол балабақшаның табалдырығын аттауға тиісті, – деді әзіл аралас бұйрықты дауысымен. Аудандық білім бөлімінің бастығы артық ауыз сөзі жоқ кісі екен. Бейнеш ағаның бұйрығын сол күні-ақ орындап, Сырым айналасы бес-алты сағаттың ішінде Алматы қаласындағы ең тандаулы балабақшаның тәрбиеленушісі болып шыға келді. Мұндайда бабаларымыздың «Жақсыдан шарапат» деген сөзі ойға оралады. Жалпы біз, Салтанат екеуіміз өмір жолымызда болсын, қызмет бабында болсын, осы «Экомед» медициналық орталығының іргетасын қалау барысында да жақсы адамдардың шапағаты мен қамқорлығын көп көрдік. Соның бірі ұлымды балабақшаға орналастырып қана қоймай, біздің ЭКО әдісін қолға алуымызға қолдау білдірген, Қазақстанда алғашқылардың бірі болып әйелдермен қатар ер адамдардың да денсаулығын жақсарту керектігін, ол үшін арнайы бағдарлама қабылдану қажеттілігі жөнінде дабыл қаққан осы академик, уроандрология саласының білгірі, профессор Бейнеш аға Жарбо-сынов болатын. Бейнеш ағаның ерекше бір қасиеті – жастарға жақын жүретін. Соларға көп қолдау көрсететін. Қазіргі таңда өзі тәрбиелеген шәкірттері академиктің есімін иеленген урологиялық ғылыми-

Жауабы жоқ дүние

зерттеу институтын үлкен орталыққа айналдырып, ерлер денсаулығын жақсарту жөніндегі Б.Жарбо-сыновтың бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Соның нәтижесінде бүгінде елімізде ерлер денсау-лығына да айрықша мән беріле бастады.



БАҒАЛАНҒАН МАНДАЙ ТЕР



кем марқұм, «еңбекпен жерге тамған мандай тердің өсімі болады. Ол бүгін болмаса да түбі еленіп, ескеріледі» деп отырушы еді. Ол кезде еңбек дегенді түсінгенімізбен, мандай тер бағаланады дегенді түсіне бермейтінбіз. Сөйтсем, шындығында адал еңбек түбі ақталып, өзінің лайықты бағасын алады екен. Ол үшін айқайлап, мен деп кеуде ұрудың да қажеті жоқ көрінеді. Осы жолда мен кейде өзімді Салтанаттың еңбегін пайдаланып, өзімді соның көлеңкесіндей жүрген жан секілді сезінетінмін. Жаратылысымда шығыстың ер азаматына тән қызуқандылық қасиет бар болғандықтан оған намыстанып та алатынмын. Бірақ мені осы пендешілік ойларымның барлығына бірде Сочи қаласында өткен ғылыми конференцияға жиналған ЭКО ғылымының білгір мамандары нүкте қойып берді. Осы конференцияда өзіміздің әріптес досымыз, ресейлік профессор Валерий Мстиславович

Здановскиймен кездестім. Валерий Мстиславович мені Ресейдің мықты мамандарымен таныстырып, Қазақстандағы алғашқы ЭКО медициналық орталықтарының кіндік әкесі, жанашыры болғанымды әріптестеріне мақтанышпен жеткізді.

«Егер Батырдың камал бұзар батырлығы, табандылығы болмағанда Қазақстанда әлі әзір бұндай жаңа сала аяғына тұра алмас еді, тұралап жатар еді» — деді. Тіпті, біздің осы тәсіл арқылы өмірге келген алғашқы оншақты сәбилеріміз бола тұра, лицензия ала алмай сандалғанымызды, қатты қиналғанымызды, көре алмаушылардың тарапынан неше қилы әңгімеге де іліккенімізді айтқан кезде әкемнің айтқандары ойыма оралды. «Сырт көз —сыншы» дегенді бабаларымыз осындай кездері айтқан шығар-ау. Шынын айту керек, Сочи қаласында өткен сол конференцияның күн тәртібі біздің осы саладағы еңбегімізге арналды десек артық болмас. В.М.Здановскийдің сөздерінен кейін сол жердегі ғалымдар менімен сұхбаттасып, орталығымыздың қазіргі тыныс-тіршілігіне қызығушылық танытты. Осындай оңтайлы сәтті пайдаланып, мен де көп жылдан бері жанымды қажап жүрген сұрағымды көптің көзінше Валерий Мстиславовичке қойып қалдым. Менің «Бұрыннан жолымызды кес-кестеген біздегі біреулер ақпарат құралдарында Қазақстандағы ЭКО-ның тұңғыш баласын сіз жасады десіп жүр, өзіңіз бұл мәселеге не деп жауап берер едіңіз?» деп қойып қалдым. Бұл сұрағымды профессор


Татьяна Алексеевна Назаренко да қайталады. Здановский мырза болса, оның мүмкін еместігін ағынан жарыла баяндап, өзінің Алматы қаласында бір-екі күннен артық болмағанын, бірінші рет конференцияға келгенін, екінші рет қазақстандық мамандардың бізден алған құрал-жабдықтарының қолданылуын тексеруге, ал үшінші рет лицензия мәселесімен 1-ақ күнге ғана келгенін айтты. «Ал осы санаулы күндерде ондай жауапты істі жүзеге асыру мүмкін бе? Бұл қауесет қызғаныштан, іштарлықтан таратылғаны айдан анық. Бірақ, кімнің аузына қақпақ боламыз, сөзге құлақ аспай осы бағыттағы қадамдарымызды іспен дәлелдейік дедік және ондай алып-қашпа әңгімелерге Батыр мен Салтанаттың шипалы қолынан өмірге келген нәрестелер ғана қақпақ бола алады. Салтанат Байқошқарова – менің ең мықты шәкірттерімнің бірі. Мен Батыр мен Салтанаттың болашақтарына сенемін. Олар Қазақстанды ғана емес, өзге елдердегі әріптестерін де әлі-ақ таңқалдыратын болады», – деді. Сол күнгі кешкі аста да Валерий мен туралы көбірек айтып, менің атыма жақсы тілектерін білдіріп, ыстық ықыласын танытты. «Жақсы сөз жан семіртеді» емес пе, әріптестеріміздің бұл мақтауларына әжептәуір маркайып, осы конференциядан қуанышпен оралып, жұмысымызды жандандырып, орталық қызметін жаңа заманауи технологиялармен жетілдіре түстік. Әйтсе де Қазақстан Республикасы Президентінің Орталық ауруханасында орналасқан

орталығымызға, өмірге келіп жатқан нәрестелеріміздің барлығына қарамастан, аяқтан шалушылар аз болған жоқ. Тіпті Салтанаттың өз қаражатымен Москвадағы ЭКО орталығында арнайы оқып, алып келген сертификатын да Денсаулық сақтау министрлігінің жарамсыз деп тауып, бізге лицензия беруден бас тартқаны тағы басқа талай қиындыққа толы күндерді бастан кешірдік қой. Ал досымыз әрі ақылшы ұстазымыз В. М. Здановский Қазақстандағы әріптестеріне өкпелеп кетті ме, кім білсін, жиырма жылдан бері біздің жаққа ат ізін салмады.



*Болмасаң да ұқсап
бақ, бір жақсыны
көрсеніз.
Абай*

«ЭКОМЕД» ӨМІРГЕ ОСЫЛАЙ КЕЛГЕН



Токсаныншы жылдардың басындағы еліміздің экономикалық-әлеуметтік ахуалы өте күрделі жағдайда болғаны белгілі. Өтпелі кезең әркімді әр жаққа лақтырып жібергендей болды. Адамдардың көбі толқын ұрып, жағаға шығып қалған шабақ балықтардың күйін кешіп қалғаны сол күндердің ащы шындығы еді. Міне, біздің «ЭКОМЕД» орталығымыздың өмірге келуі осы кезеңмен тұспа-тұс келді. Қазір ол кездерді еске алсам, мен қаржылық қиындықтардан емес, осы жүйеге қарсы шығып, біздің шағын ғана зертханамыздың есігін жапқысы келгендердің әрқилы мақсаттағы әрекеттерінен көп шаршаған екенбіз. Басыңызға іс түскен кезде кімнің-кім екенін тани түседі екенсің. Осы орталықты аяғынан тұрғызамыз деп арпалысып жүргенде, талай ел азаматтарының шынайы бет пердесін көріп қалдық. Бүгін олардың атын атап, түсін түстеп жатудың да қажеті жоқ шығар. Мен айтпаған күннің өзінде сыншы халық

олардың әрекеттерінен-ақ кім екендіктерін танып алатын секілді. Бірақ, біздің жолымызды кесіп, адал еңбегімізге күйе жаққысы келген сол кейбір азаматтардың бұл өмірде жолдары бола кетті деп ойламаймын. Адам пенде ғой, «біреуге ор қазба, өзін түсесің» дегенді көп жағдайда ескере бермейді. Адал тірлік бүгінде халық тарапынан өз бағасын алып, керегесін кеңейтіп, өрісі өсіп отырған Қазақстандағы ғана емес, Орта Азия мемлекеттері арасындағы алдыңғы қатарлы ел сенімін нықтай түскен үлкен орталыққа айналып отыр. Жиырма жылғы тарихымыздың әр парағын ақтарған сайын оның басынан өткерген қиындықтар мен кедергілерімен қатар қуанышты да сүйінішті жағдайлары тізбектеліп көз алдыма келеді. Жанымызды жылытатын ең ұмытылмас сәт-босағамызға нәресте тілеп келіп, тоғыз айдан кейін жөргегіне ораған сәбиін құшақтаған аналардың қуанышты жүзін көру. Салтанат екеуміздің осы орталықты құрған кездегі алдымызға қойған басты мақсатымыз да осы – бедеу деген диагноз қойылған ерлі-зайыптыларды емдеп, олардың ата-ана атану бақытына қол жеткізулеріне дәнекер болу еді. Шүкір, қазір сол армандарымызды Алла қолдап, Салтанат екеуміз бірнеше мың балалы үлкен отбасына айналып отырмыз.

Осыдан екі-үш жыл бұрын орталығымызда өмірге келген тұңғышымызды ЭКОМЕД-тің астаналық филиалының дәрігері Алмас Ибрагимов, Сырым үшеуміз Қытайдың Нянжин деген қаласында

өткен кезекті конференциядан қайтып келе жатқан сапарымызда әке-шешесімен Пекиннің аэропортында кездестіріп қалдық. Мен оларды ЭКОМЕД-тің 10 жылдық мерейтойынан кейін көріп тұрғаным сол жолы еді. Қызымыз кез-келген мемлекетте өтетін арулар сынына Қазақстан арулары атынан ойланбастан қатыстыруға болатын сұлу да сымбатты болып бойжетіпті. Мектепті үздік бітіріп, қазір Лондондағы алдыңғы қатарлы университеттердің бірінде бакалавр болып оқып жүр екен. Экомедтің осы бакалавриатқа дейін тар жол тайғақ кешуден өткенін Қасым ақын жырлағандай өзімізден басқа ешкім біздің жәйді жеткізіп айта алмайтын шығар. Еңбегімізге деген құрметтерін білдіріп, қыздарына Салтанаттың, ұлдарына менің есімімді қойып жатқан ата-аналарды, олардың жақын туыстарының ризашылығын көргенде мандай тердің өтеуі деген осы екен ғой деп қоямын.

Жиырма жыл. Айтуға оңай әрине, ал осы жылдардың әр сәтінде естен кетпес естеліктеріміз, кез болған қиындықтарымыз және бізді осы тығырықтан алып шығуға қолұшын беріп, көмектескен, адамгершілік танытқан адамдар туралы жүрекжарды естеліктеріміз бар.

Уақыт шіркінде тоқтау жоқ. Қазір қарап отырсаңыз, барлығы күні кеше ғана болған сияқты көрініп тұрады. Ал іс жүзіне келгенде қайсыбірін баяндарыңды білмей кетесің. Менің бір білетінім Салтанаттың осы Экомед орталығын құру жолында

жанқиярлық әрекеттерге барғаны еді. Осындай үлкен орталықта кезінде үш-ақ адам қызмет істеген десе, қазір ешкім сене қоймас. Шын мәнінде солай болған. Салтанат аз ғана уақыттың ішінде әріптестері алдында өзінің білімі мен біліктілігін, еңбекқорлығын дәлелдеп шықты. Тыным таппайтын. Жұмысқа ерте барып, кеш қайтатын. Үйге келсе де демалуды білмей телефон арқылы Москвадағы әріптестерімен сөйлесіп, өзіміздің ғалымдармен ақылдасып жататын. Вадим Евгеньевич Полумисков деген әріптес дәрігермен екеуі түн ортасына дейін телефон арқылы тілдесіп, істің мән-жайын талқылап жататын. Анда-санда әңгімелеріне құлақ түре қалсам, еститінім еркек ұрығының криоконсервациясы туралы әңгімелер. Оның мазмұнын түсінбеген соң, көп сұрақ қойып, мазаламайтынмын. Әйтеуір, ветеринарлық институтқа, асыл тұқымды мал асырайтын шаруашылықтарға, ипподром жаққа көп барғыштап, әлдеқайдан азот тасымалдайтындарын білетінмін. Онда да көлік керек деп айтқан кезде «қайда барасыңдар?» – деп сұрап қалғанда аңғарып қалатынмын. Менің бар міндетім – Салтанат ақша сұраған уақытта қажетті қаражатын тауып беру ғана болатын. Салтанаттың жұмысының бағына қарай сол жылы мен Табиғатты қорғау министрлігіндегі жауапты қызметімді тастап, елімізде енді-енді ғана қанаттанып келе жатқан кәсіпкерлік саласына біржола бет бұрған едім. Бұл саладағы жолым жаман болған жоқ. Ел қатарлы өзім қайда

барсам да сағынып қайта қауышатын сүйікті қалам – Алматының орталығынан адам қызығарлықтай пәтер алдым. Иномарка деген жана-жана сөздік қорымызға еніп, оны бір мақтанышпен айтатындардың қатарына ілігіп, «иномарка» мінгенім сол бизнесіміздің арқасында болатын. Қазір қарап отырсам, осы тірліктің барлығын маған Құдайдың өзі жан жарымның қолға алған ісіне ғана емес, Тәңірден перзент сұрап зар еңіреген адамдарға жәрдем беру жолындағы жұмысына қамқорлық жасау үшін бұйыртқандай көрінеді. Болмаса, ол кезде бұл іске мемлекет тарапынан қаражат бөліп, қолдамақ түгілі рұқсат алудың өзі мүмкін болмаған уақыт еді. Ол кезде мұндай ғылыми технологияларды енгізу, жасау фантастика әлемінен еді десе, артық айтпаған болар едім. Салтанат Экомедті жалаңаш қолымен, өз бойындағы айтқан бетінен қайтпайтын, ойға алған шаруасын орта жолда қалдырмайтын бірбеткей мінезінің арқасында қазіргі деңгейіне жеткізді.

Бір күні жұмыстан Салтанат өте көңілсіз оралды. Шаруасына көп араласа бермесем де, не болғанын білгім келіп, жағдайын сұрасам, өзімен мемлекеттік емханада бірге істеп, ойы бір жерден шығып жүрген білікті мамандарының бірі Вадим Полумисков келісім-шарт бойынша қайтадан Германияға кететін болыпты. Расында Салтанат Вадимге көбірек арқа сүйейтін. Енді біздің үйдің телефоны алыстағы Германиямен байланысқа шыға бастады. Сағат бойы Салтанат әріптесімен сөйлеседі де жатады.

Олардың сөзін түсініп болмаймын. Инсеминация дей ме, әйтеуір арасында «ЭКО» дегенді құлағым шалып қалады.

1991 жылдың қай айы екені дәл есімде жоқ, Салтанат «Врач» деп аталатын Ресейден шығатын журналдан В. М. Здановскийдің ЭКО-дағы жаңалықтары, оның Сочиде ЭКО тәсілі бойынша Ресей-Америка орталығын ашқаны туралы жазылғанын оқыпты. Орталықтың ресейлік өкілі В.М.Здановскийдің өзі екен де, Америка жағының жетекшісі профессор Юрий Верлинский көрінеді. Әр нәрсеге терең талдау жасап, ғылыми жағына көбірек мән беретін Салтанаттың ендігі аңсары Сочидегі сол орталыққа ауды. Барып көргісі, іс-тәжірибе алмасқысы келетінін білдірді. Маған біздің елдің медицина ғылымының кейбір салалары бойынша кенжелеп қалғанымызды, оның ішінде біз қолға алсақ деп жүрген ЭКО тәсілі туралы әлі дұрыс көзқарастардың қалыптаса қоймағанын айтып түсіндіруге тырысады.

– Батыр, біз бедеулікті баяғы ескі тәсілдермен емдеп жүрміз. Жанақорғанға, Мойылдыға бару, гинекологиялық массаж жасатып, жатыр түтікшелерін үрлетудің, операция жасаудың нәтижесі шамалы. Тіпті қазір біз қолданып жүрген инсеминацияның өзі анау айтқандай нәтиже бермейді, – деп мамандығы энергетик маған әр нәрсені түсіндіріп, дәлелдеуге тырысып жатады. Кейде сөзін соңына дейін тыңдаудан жалығып, «осы іске менің қандай қатысым бар, бастығыңмен неге ақылдаспайсың»

деп қалатын кездерім болатын. Бастық демекші, Салтанат алғашқы кезде дәрігер-лаборант болып жұмысқа орналасқан «Неке және отбасы» бөлімі құрамында бар қалалық медициналық емхананың бас дәрігері Тамара Мұфтахқызы Жүсіпәлиеваның бізге деген қамқорлығы мен білікті маман ретінде бағыт-бағдар беріп, алға ұмтылуға жігерлендіріп отыратын қасиеттерін күні бүгінге дейін ұмытқан емеспіз. Ол кісінің жастарға деген қамқорлығы айрықша еді. Сол қасиеті Салтанатқа да үлкен қолдау болды. Қаладағы жаңадан ашылған осы емхананың партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының негізін қалаушылар Тамара Мұфтахқызы мен Салтанат болды. Тамара Жүсіпәлиеваның отбасын дәрігерлер отбасы деуге болады. Ол кісінің жолдасы Уәлихан Қазақстанға белгілі қан тамырларының білікті маманы болса, ұлы Данияр да әке жолын қуған хирург. Сондықтан болар, Тамара Мұфтахқызы осы салада жүрген жастарды ерекше қамқорлайтын. Салтанаттың да өз жұмысына, жаңалыққа деген ықыласын айрықша бағалап, ерлердің ұрығын талдау зертханасының жұмысының қыр-сырын үйреніп шығуына көп көмектесті. Осы емханадағы сегіз жылдық дәрігер-лаборанттық жұмысы ЭКО орталығының жұмысын жандандыруда көп көмегін тигізді. Қиын кездерде қолұшын берген адамдардың жақсылығын біз ешқашан естен шығарып, ұмытқан емеспіз. Қазіргі таңдағы жетістіктеріміздің бір ұшында сол жақсы адамдардың шарапаты тұрғанын үнемі айтып жүреміз.

Бір күні Салтанат жұмысынан өте көңілді оралды. Аяқ киімін шешер-шешпестен, «Батыр, сүйінші! Мен Здановскийдің телефонын тауып келдім. Міне!» деп жас балаша қолындағы бір жапырақ қағазын желбіретіп, мәз-мейрам болып қонақ бөлмеге кіріп келе жатыр. Оның дәл осылай қуанғанын көптен бері көрмеппін. Сүйіншің дайын дедім қуанышына қолдау білдіргенімді аңғартып. Ол уақытта қызмет телефонынан халықаралық байланысқа шығуға болмайтын. Кешке жақын тамақтанып болған соң, Мәскеуге телефон шалды. Телефон тұтқасын Владимир Мстиславовичтің өзі алғанын Салтанаттың сөз райынан байқап, іштей іздеген адамын дәл тапқанына қуандым. Телефон арқылы көп әңгіме айтып үлгермейтіні белгілі, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, профессор Салтанатты Сочи қаласында Ю. Верлинскийдің қатысуымен өтетін Халықаралық ғылыми конференцияға шақырыпты. Жұбайымның ойға алғаны орындалмаса, жаны тыным таппайтынын жақсы білемін, оның үстіне денсаулық сақтау саласындағы ең күрделі мәселенің бірі болып тұрған әйел мен еркек бедеулігін емдеудің аса маңыздылығын біртіндеп түсініп келе жатқандықтан еш қарсылықсыз қайтсем де Салтанатты Сочиге жіберудің жолдарын қарастырдым. Ол жұмысынан он күнге ақысыз демалыс алды. Ал мен жол қаражатын тауып беруге кірістім. Болайын деген нәрсе өзі аяқ астынан бола кетеді екен, ұшаққа билет табыла

кетті. Салтанат бар армандарын арқалап Сочидегі конференцияға аттанып кетті. Бұл сапар Салтанат үшін ғана емес, Қазақстандағы ЭКО тарихы үшін де үлкен бетбұрыс болғаны анық. Конференциядан келген күннен бастап Салтанат бір тыным тапқан жоқ. Мамандарды жинап алып жиын өткізіп, Сочиден естіп-біліп келгендерін ортаға салып, Қазақстан дәрігерлерінің де бұл тәсілді қолға алатын кезі келгенін әріптестерімен талқылап, оған қажетті алғышарттарды, өзінің көкейінде жүрген пікір-ұсыныстарын ортаға салды. 1991 жылы бұл әңгімені энергетик мен тұрмақ, акушер-гинеколог дәрігерлердің өзі жүрдім-бардым тындап жүрген, қаржы-қаражат, маман дайындау мәселесі біздің Денсаулық сақтау министрлігінің жұмыс жоспарында қарастырылмаған уақыт еді.

Күндердің күнінде Салтанат тағы бір жаңалығын жеткізді. Емханада бірге қызмет істеген әріптесі, Германиядағы Дрезден қаласындағы әскери бөлімде келісім-шартпен қызмет атқарып жүрген Вадим Полумисков, Германиядағы кеңес әскерлерінің елге қайтарылуына байланысты елге оралатын болыпты. Вадим Германиядағы ЭКО орталығының мамандарымен сөйлескен көрінеді. Олар жаңа құрал-жабдық алуларына байланысты бұрынғы қолданыстағы жабдықтарын сатпақшы екен. Іздегенге — сұраған. Вадим мұны ести салысымен, Салтанатқа хабарласады. Бұл хабарды естіген Салтанат тағы қарбалас тірлікке көшті. «Қайтсек те осы жабдықтарды

алуымыз керек» дейді әй-шәйға карамастан. Ол үшін Мәскеуге барып В.М.Здановскиймен ақылдасып, ең қажетті жабдықтардың, лабораториялық құрылғылардың тізімін алу керек екен. Ол жабдықтардың бағасы қанша болатынынан да хабарсызбыз. Бірақ, Салтанаттың сөзінен ұққаным, қайтсек те сол құрал-жабдықтарды Қазақстанға жеткізуіміз керек. 1991 жыл деген өздеріңізге белгілі Кеңестер Одағындағы мемлекеттер үшін алмағайып кезең белең алған жыл еді. Шетелден зат әкелмек түгілі, қыдырып барудың өзі өте қиын болатын. Германияға баратын рұқсат қағазды Москвадағы елшіліктен барып алу керек. Тағы баяғы комсомолда бірге қызметтес болған жігіттерді іздестіре бастадым. Сырттай бір жігіттердің БММТ «Спутник» арқылы туристік фирма ашып, ақырындап сауда-саттықпен айналысып жүргендерін, Германияға көшіп жатқан неміс жұртымен бірге барып мәшине алып келушілерге көмектесіп жүргендерін де естігенім бар еді. Біреулер арқылы іздестіріп, сол жігітке бардым. Қарсы уәж айтқан жоқ, жолдарын түсіндіріп, қандай құжаттар керектігін айтып берді. Оның айтуымен қажет деген құжаттарының барлығын дайындап Салтанат тұңғыш рет алыс та бейтаныс ел жаққа жолға шықты.

Бұл кез барлық жақта рәкет, қазақша айтқанда, қарақшылық топтардың «қызметінің» өршіп тұрған кезеңі еді. Он сом үшін бас кесіп тастайтындар болды ғой. Жастығымыз ба, жоқ әлде, адамдар туралы

жаманшылық ойламайтын адалдығымыз ба, білмейміз, Салтанатты пәле-жаладан қорықпай-ақ жалғыз өзін шетелге жіберіппін. Мәскеуден басталған рәкеттік топтармен танысу, жолай Молдавия, Румыния, Польша, Чехия, Болгария сияқты тағы басқа Шығыс Еуропа жақтағы осындай топтармен танысып, келісімге келеміз деп жүріп, өрендеп Германияның шекарасына жеткенде рұқсат қағазындағы мерзімі аяқталып, Салтанатты шекарадан өткізбей қояды. Вадим Дрезденде, Салтанат Германияның шекарасында тұрып тек телефонмен сөйлеседі. Бірақ, әр мемлекеттің өз заңы бар. Осы азап сапары 1 айға жуық уақытты алып, Салтанат жанқиярлық еңбегі еш болып орта жолдан осылай салы суға кетіп қайтып келгені бар. Қайта туристік фирмадағы жігіттер Салтанаттың өз қаражатымен оқуға бара жатқанын, өз қаражатына халыққа қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға барғанын ескеріп, жол шығынының барлығын қайтадан өтеп берді. Мұның барлығы қазір ойға алуға ғана оңай жағдайлар болғанмен, іс жүзінде қиындыққа, кедергіге толы ұйқысыз түндеріміз бен тынымсыз күндеріміз өткен шақтар болатын.

Салтанат Германияға сапарынан кейін біразға дейін үнсіз жүрді. Бірақ кейін білсем, маған ғана солай көрінсе керек. Кешегі он бес мемлекетті бауырына алған Кеңестер Одағы келмеске кетті. Елімізге нарықтық экономика еніп, әр адам өз күнкөрісінің құлына айнала бастады. Бұл жағдай әсіресе,

ауыл адамдарына қиын тиді. Бізге де онай болмаған шығар, дейтұрғанмен, кәсіпкерлікке алғашқылардың бірі болып ұмтылғандықтан өз ісімізге мығымдау көріндік. Бізге көбірек көмектескен Салтанаттың інілері Жанат, Біржан болды. Бірігіп несие беретін банк ашқан еді. Қысылған кезде сол бауырларымызды жағалайтынбыз. Жалпы халықтың басындағы қоғамдық өзгерістер бізді де айналып өткен жоқ. Бірақ комсомолдық қызметтің, одан кейін де атқарған жоғары лауазымдағы қызметтердің пайдасы кәсіпкерлік кәсібіме көмегі көп тиді. Ең бастысы — ұйымдастырушылық қасиетіміздің пайдасы көп болды. Нарықты жатырқамай қабылдауымызға да сол өткен өмір жолдарымыздағы іс-тәжірибеміздің ықпалы болғаны анық. Кеңестер Одағынан басталған қоғамдық өзгерістер өзге мемлекеттерге де әсерін тигізбей қоймады. Берлин қабырғасы құлап, екі жақ болып келген Германия біртұтас мемлекет екенін мойындады. Оның өзі бұл елдің халқына да ықпалын тигізді. Ресей әскері кері қайтарылды. Олармен бірге Салтанаттың өзін түсінетін серіктесі Вадим де елге оралды. Келген бетте Вадимге ешкім жұмыс ұсына қойған жоқ. Мықты маман болғанмен бұрынғы жұмысына қайта кіру де мүмкін болмады. Бастығына айтып жүріп, Салтанат оны қайтадан емханаға алуға себепші болды. Шетелден алған тәжірибесі бар, өз мамандығын шын жақсы көретін Вадим, жаңа іс бастайық деген Салтанаттың ұсынысын қуанып қарсы алды. Салтанат екеуі ақылдаса келе, шағын

кәсіпорын құрып, оның бір бағытын осы ЭКО тәсіліне бағыттамақ екен. Кәсіпорынға «Авиценна» деп ат қойып, оның жарғысын жазып та қойыпты. Мемлекеттік тіркеуден өтпепті. Құрылтайшысы Салтанат пен Вадим болатын бопты. Құрылтайшы болудың оңай еместігін жақсы түсінетіндіктен, ішімнен қанша дегенмен Вадим сыртта қызмет істеп келді ғой, жиған-тергені бар шығар, осы кәсіпорын ашуға жұмсайын деп отырған шығар деп ойладым. Сөйтсем, Салтанат «Жанат пен Біржанның банкісінен несие аламыз» деп қарап отыр. Бірақ, қаржылық дағдарысқа байланысты олар сол жолы несие де алған жоқ, кәсіпорындары да ашылмай қағаз жүзінде қалып қойды.

1995 жылдың қысы болатын. Салтанатты жұмысынан алып кетейін деп келсем, ол дәлізде бір адаммен әңгімелесіп отыр екен. Әңгімелерінің қызғаны соншалықты, келіп тұрған мені де байқаған жоқ. Сөздерін бөлмейін деп ақырын жандарына жақындадым. Сонда барып Салтанат менің келгеніме қуанғанын білдіріп, қасындағы адаммен таныстырды. Жанағы кісі Салтанат Сочидегі алғашқы конференцияға барғанда танысқан Швейцарияның «Сероно» атты фармацевтикалық фирмасының Москвадағы өкілдігінің басшысы Георгий Кавкасидзе екен. Бұл фирма ЭКО тәсіліне өте қажетті гормондық дәрілер шығаратын Дүние жүзіне танымал фирманың бірі еді. Георгий Салтанаттан зертхана туралы сұрап отыр екен. Сочи конференция-

сынан бері арада төрт жыл өтсе де ЭКО орталығының ашылмағанына қайран қалса керек.

Мен олардың әңгімесіне араласқан жоқпын. Есіл-дертім Георгийдің қолындағы темекі салынған мүштекте болды. Темекісінің иісі де біздің темекілер сияқты қолқаны қаппайтын, иісі жұмсақ тартымды сияқты. Сол жолы олар алда келе жатқан наурыз айында Алматы қаласында ЭКО-ның қазіргі өзекті мәселелері тақырыбында халықаралық конференция өткізуге келісіпті. Г.Кавкасидзе сырттан келетін қонақтарды шақырып, ұйымдастырушы, ал Салтанат оларды қарсы алып конференцияны өткізуге жауапты адам болмақ. Осы тұста да Салтанаттың көзсіз батырлығына басымды иемін. Оны қолдап, конференцияның Қазақстан медицинасындағы тың жаңалық екенін, Одақ тарағаннан кейінгі өткізіліп отырған алғашқы халықаралық басқосу екенін біле тұра, ешкім оған қолдау білдіре қойған жоқ. Сол екі ортада қандай дайындық жұмыстарының жүргізілгенін білмеймін, конференция өткізілетін күнге бір күн қалғанда Салтанаттың қонақтарын күтіп алуға әуежайға кеткенін білемін. Ол уақытта «Неке және отбасы» орталығына тиесілі бір ғана жедел жәрдем көлігі бар еді. Ол орталықтың жұмыстарынан босай қоймайтын. Ешкімнен қайран болмайтынын білген Салтанат такси жалдап, кешке Петербургтан келген профессор А.И.Никитинді, ал түнде Мәскеуден келген профессор В.М. Здановский, А.С.Тогобецкий, Л.Н. Залевская, В.В.Заеваны қарсы алып,

Алматыдағы ең керемет шипажайлардың бірі саналатын «Алатауға» апарып орналастырады. Георгий Кавкасидзе де солармен бірге келіп жалға «Волга» автокөлігін алып шипажайға орналасады. «Алатау» – Алматыдағы қызметі сапалы шипажайлардың бірі болғанымен, түнде ас беретін ресторандары, керек десеңіз, ішетін сулары да жоқ екен. Салтанат оны білмейді. Ертесінде қонақтарын конференция өтетін «Ана мен бала денсаулығын қорғау» институтына алып кетуге келсе, қонақтарының көңіл-күйлері жоқ көрінеді. «Қазақтар қонақжай халық деуші еді, ол салтты байқамадық, аш жаттық, түнде краннан басқа ішетін су да таба алмадық» – деп өкпелерін айтыпты. Салтанат жылауға шақ қалғанмен, онысын қонақтарына білдірмей, ұлтының әдемі салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын әңгімелей келе кешірім сұрайды. Салтанаттың бір өзінің ғана шырылдап шапқылап жүргенін, әуежайдан да оларды құзырлы мекемелер тарапынан ешкімнің қарсы алмағанын байқаған В.М.Здановский Салтанатқа «Сенің бұл жанкешті еңбегіңнен нәтиже шыға ма? Меніңше, ЭКО тәсілі Қазақстанның денсаулық сақтау саласына онша қажеті жоқ секілді. Өйткені, жанында жүрген жанашыр көріп тұрған жоқпын. Жалғыз әйел не істей алады екен деп отырмыз. Еңбегіміз еш болып жүрмесін. Біз Алматыға жұмысымыздың жоқтығынан, болмаса, еріккеннен келіп отырған жоқпыз. Министрлікке керек болмаса басыңды қатырып

қайтесің» депті. Намысшыл Салтанат өзін іштей қамшылап «Аландамаңыз, Валерий Мстиславович, барлығы да жақсы болады, нәтиже шығарамыз. Әлі-ақ қазақстандық шәкіртіңіздің еңбегіне сүйсініп, бата беретін боласыз», – дейді. Қонақтардың күткені де осындай сенімді жауап болса керек, өз ризашылықтарын, жұмысының сәтті болуына тілектестіктерін білдіріпті. Конференция мәскеулік қонақтар күткендей қызықты әрі тартысты өтпепті. Қазақстандықтар бұл мәселеге онша қызығушылық таныта қоймапты.

– Осы іс маған ғана қажет секілді. Не жұмыста ешкімге керегі жоқ, не сен көмектеспейсің. Жалғыз өзім жүгіріп жүрмін. Ең болмаса, сен көмектессеңші, ертең қонақтарға қаланы аралатайық, Медеуді көріп қайтсын. Үндемейсің, ең болмаса, қонақтарға қазақтың қонақжайлығын көрсетіп, тауға апарып бір дәм берейік те. Сені мазаламай-ақ қояйын десем, Георгийдің жалға алған жалғыз «Волгасына» қонақтарым сыймай жатыр. Керемет «Вольво-850» мәшиненді осындайда мінбегенде қашан мінеміз, – деді қатты ренжігенін білдіріп Салтанат.

Оның үстіне конференция аяқталған күннің ертесі – 22-Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келіп тұр еді. Келіскенімді үнсіз білдіріп ерте жатып қалдым да, ертесінде қасыма Сырымды ертіп қонақтарға келдім. Олар бізге емес, біз оларға қонаққа келіп жатқандай бізді жылы қарсы алды. Олармен жылы

шыраймен амандасып, өзімнің Салтанаттың жолдасы, қасымдағы ұлымыз Сырым екендігін айтып таныстым. Менімен бірінші болып амандасқан В. М. Здановский болып шықты. Салтанаттың төрт жыл бойы аузынан тастамай айтып, жыр ғып жүрген, жылына екі реттен барып дәріс алып, іс-тәжірибесін үйреніп жүрген В.М.Здановскиймен таныстығым осылай басталған еді. Сәл үнсіздіктен кейін ол кісі осы жолғы іс-сапарлары туралы айта бастады. Салтанат пен Георгийдің шақыруымен Алматыға келгендерімен, оларды мұнда ешкімнің құшақ жайып қарсы алмағандарын, тіпті әйел денсаулығына жауапты Ана мен бала институты қызметкерлерінің өздерін немқұрайлы, суық қарсы алғанын, оларға ренжігендерін айтып қалды.

– Біз Мәскеуден жалығып, Алматыны аралап қайтуға келген жоқпыз. Халыққа керек нәрсе болғандықтан, Салтанаттай мықты мамандарға қолдау көрсетсек, зертхананы көріп, бағыт-бағдар беріп, білгенімізді үйретіп қайтсақ деп келгенбіз. Ал мұндағы мамандар олардың нанын тартып жеуге келгендей бізден ат-тондарын ала қашқақтайды. Біле-білсе, Салтанат оларға үлкен істі бастап бергелі тұрған жоқ па? Күндердің күнінде ЭКО жалғыз Салтанатқа ғана емес, бірталай адамға кәсіп болады. Біреуден қаражат сұрап жүрген жоқ. Мұндай іскер, білікті адамдарды қолдаудың орнына аяқтан шалғылары келіп жүргендерін түсінбеймін. Салтанат Қазақстандағы ЭКО саласы үшін таптырмайтын маман. Менің

«Мәскеуде қал» деген ұсынысыма көнбей қойды. Болмаса, Мәскеу Салтанатты алақанында ұстар еді, өттен, бірақ... – деді сөзінің соңын жұтып.

Мен ол кісінің бір-екі күн ішінде жиналып қалған өкпе-назын айтып тастағысы келіп отырғанын түсіндім. Бұл әңгімені естіген Салтанаттың көңіл-күйі түсіп кеткенін менен бұрын Валерий Мстиславович пен бірге жұмыс істейтін қызметтес, жерлесіміз Любовь Николаевна Залевская байқап қалып, арадағы жайсыз жағдайды жуып-шаюға тырысты. Енді тағы біреу бірдене десе бітті, көз жасы төгілейін деп тұр. Дәл осы сәтте мен оның бүкіл жандүниесін түсінгендей болдым. Қонақтардан өзгелер үшін кешірім сұрап, қаланы аралап, көңілімізді көтеруге шақырдым. Екі көлікке бөлініп, қаланың орталығын бетке алдық. Көше толы халық. Наурыз мерекесі жаңадан тойланып жатқан алғашқы жылдар болатын. Орталық алаңға киіз үйлер қаз-қатар тігіліп, наурыз көже, бауырсақ таратылып жататын қызық шақ еді. Еңкейген қарттан тәй-тәй басқан бүлдіршінге дейін ұлттық киім киіп алған. Мұны көрген қонақтарымыздың да тырысқан маңдайлары жазылып, қайтадан әңгімеге кірісіп, салт-дәстүрлеріміз, Наурыз мерекесінің мән-мағынасы туралы сұрастыра бастады. Шамамыз жеткенше Наурыздың ұлттық мерекеміз ғана емес, Жаңа жылымыз екендігін, бұл күні әрбір шаңырақ жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасайтынын, қазақ халқында жеті санының қасиетті сан екенін айтып бердік.

Қаланы аралап болдық-ау деп енді Медеу жақты бетке алдық. Алатаудың етегін көмкерген жасыл шыршалар мен қарағай-қайындарды көргенде, Алматының табиғаты қандай сұлу болса, адамдары да сондай сұлу, әдемі болып келетінін айта келіп, таудай тәкаппар мінездеріміздің де барын байқап қалғанын білдіріп, В.М.Здановский қазақстандық дәрігерлердің ЭКО тәсілінен хабарсыздығына қайта оралып, түсінгісі келмегендеріне ызасын білдірді. «Жалғыз Байқошқароваға керектей, ешқандай қызығушылықтары жоқ» деді бағанағыдай тағы күйіп-пісіп. «Салтанатқа ғана керек болған күннің өзінде де ол жалғыз өзі бұл күрделі шаруаны қалай алып шығады? Оған моральдық жағынан да, материалдық жағынан да көмек керек екендігін адамдар неге түсінбейді?» дейді ашуға булығып. Әйтсе де, Салтанаттың осы іске деген көзсіз қызығушылығы мен ізденісін, алға ұмтылушылық қабілетін байқап қалған Здановский ризашылығын, алған бетінен қайтпайтын қайсарлығына қолдау білдірді. Ұстазының бұл сөзі Салтанатқа қанат бітіргендей болды. Профессормен әңгімелескен соң менің де бұл салаға деген көзқарасым өзгере бастағандай көрінді. Валерий Мстиславович «Батыр, Салтанат, ЭКО деген қыруар қаржы әкелетін коммерциялық құрылым емес. Сендер адам тағдырына жауапты саланы қолға алғалы отырсындар. Егер осы жолды тандап, алдарыңа адал, айқын мақсат қоя білсеңдер ғана осы іспен айналысындар. Сонда ғана еңбектерің

бағаланады. Ал егер түпкі мақсаттарында пайда тапсақ деген дерт пайда болып жатса, бұдан аулақ жүргендерің дұрыс. Өйткені, ЭКО – болашақтың ісі. Ол жемісті бірден бере қоймайды. Көп тер төгіп, еңбек етуді қажет етеді, ал ендігі айтарым, Қазақстанда әзірге өздеріңнен басқа ешкім зертхана ашып, бұл істі қолға ала қойған жоқ. Егерде, Қазақстанда ЭКО зертханасы ашылып жатса, онда сендер алғашқы боласындар. Жолдарың тар, тайғақ болады. Біз де алғашқы боп, кезінде көп қорлық, көп азап көрдік. Бұл іс өмірлеріңнің мәні болмаса, бастап әуреленбеңдер. Бұл өмір лабораториясы, онда тоқтау жоқ, үнемі дамуда болуларың керек, оған кез келген адам шыдас бермейді. Сол естерінде болсын. Батыр, сен Салтанатқа көмектеспесең, бұл жалғыз әйелдің қолынан келетін жұмыс емес» деді. «Қорықпай зертхананы аша беріндер, бірақ, тағы бір ескертетін нәрсе, ол зертхананы мемлекеттік мекеменің маңынан аулақтау жерден ашқандарың дұрыс, өйткені мемлекеттен сендерге қолдау да, қаражат та бермейді, көре алмайтындар аяқтан шалумен болады» деді, бірақ, сендерге сенемін» деген сөзін көзқарасымен жеткізген ол. Здановский мырзаның сөзі де, өзі де ұнағаны сонша, мен Медеудің биік баспалдақтарында тұрып ол кісімен қол алыстым. Салтанатқа қолдау көрсетуге, қандай қиын-қыстау сәт болса да қасынан табылуға уәде еттім. Әңгіме барысында жаңа ғимарат іздестіру жөнінде айтып көріп едім, Салтанат сегіз жылдай қызмет атқарған

жұмыс орнын тастап кетуге ыңғайсызданатын, не де болса сол үйренген жерінде қалғысы келетінін айтты. Сөйтсек, кейін білдік, көпті көрген Валерий Мстиславович көрегендік танытқан екен, бәрі айтқанындай болып шықты.

Арада бір ай өткен жоқ, 1995 жылдың 18-сәуір күні мемлекеттік тіркеуден өткізіп, Қазақстанда бірінші болып ЭКОМЕД деген атпен бедеулік дертін жаңа әдіс-тәсілмен емдейтін, жаңа орталықтың ашылғаны туралы жария еттім. Орталық тіркеуден өткенше Салтанат қасына бір дәрігерді алып тағы Мәскеуге оқуға кетті. Адамның жасаған жақсылықтарын ұмытуға болмас, В.М.Здановский сол жолы бізге екі адамды біраз уақыт бойы тегін оқытып берген еді. Ал олардың жол қаражатын, жатын орындары мен тағы басқа да қажеттеріне керек қаражаттарын мен отбасылық бюджетімізден өтеп бергенмін. Салтанат оқып қана қоймай сол жақтағы белгілі фирмалардың өкілдерімен кездесіп танысып, ЭКО орталығына қажетті бірталай құрал-жабдықтарды тапқанын айтты. Мен олармен келісім-шарт жасасып, ол жабдықтарды Алматыға жеткізіп алудың жолдарын қарастырдым. Ол кезде дәл қазіргідей тасымал қызметінің құрылымдары қалыптаса қоймаған еді. Осы екі аралықта мен жұмыс бабында қиындыққа тап болып қалдым. Айырбасқа алған жиырма шақты «Жигули» автокөлігім бар еді, соны қарақшылар біліп қойып, бопсалаудың жолдарын іздестіріп жүр еді. Оны Салтанатқа

білдірген жоқпын. Әйтеуір «аққа құдай жақ» демекші, ол шаруам да аяқ асты онынан шешіліп, Мәскеудегі құрал-жабдықтарымызды жеткізіп беруге көмектескісі келетін адам табыла кеткені. Салтанат жанына менің інім Жанболатты ертіп, «Әйр Қазақстанның» ұшқышы үшеуі Мәскеуге кетті. Үш жақтан жүріп үлкен жанқиярлықпен лабораторияның заттары ұшақпен Алматыға жеткізілді. Мен сол күнге дейін бедеулік дертінің елімізде кең белең алып, бір перзентке зар болып жүргендердің біз ойлағаннан да көбірек екендігіне мән бермеппін. Себебі, Салтанат екеуміз осы дерттің азабын тартқандардың ең соңы біз болсақ екен, отау құрған екі адам перзентке зар бола қоймаса екен деп тілеуші едік. Шын тілейтінбіз. Сөйтсек, Құдайдан бір шикі өкпе тілеп жүргендер арамызда аз емес екен. Арада көп уақыт өтпей-ақ орталығымыз жайлы жақсы хабар ел арасына кең таралып кетті. Маған Мәскеудегі құрал- жабдықтарды жеткізіп беруге уәде берген «Әйр Қазақстан» әуе компаниясы ұшқышының да жөргек иісін көксегендеріне көп жыл болыпты. Салтанат оларды Здановскиймен таныстырып көмектескен. Бірақ, Мәскеуде операция жасата салып, жолға шығып кеткендіктен аналық безі жарылып кетеді. Операция жасату сол Махаббат деген келіншекке оңайға соққан жоқ. Операция күрделі болды, Салтанаттың дер кезіндегі жедел медициналық көмегінің арқасында өлім аузынан аман қалды. Кейін әбден денсаулығы түзелген соң Үндістанға

барып ЭКО жасатып келген екен, ол емдері де сәтті болмай, кейін біздің орталыққа келіп жасатып, өмірге Салтанат есімді балауса қыз келді. Сол Салтанатымыз да қазір он беске толып қалды. Салтанаттың соларға пункция жасаған кездегі өзінің жағдайын ойласам күні бүгінге дейін зәрем ұшады. Салтанаттың шындығында осы саланың фанаты екендігіне сол жолы тағы да көз жеткіздім. Өзі ауырып, үлкен операцияға кетіп бара жатып сол келіншекке ЭКО жасап, наркоздан тұра сала келіп ұрықтандыру жасап, эмбриондарды өсіріп, салып бергенінің арқасында Махаббат ана болды. Ерекше құрметі мен ризалығының ретінде қыздарына Салтанаттың атын қойды. Бүгінде Махаббат өз басынан өткен ана болу жолындағы тәжірибесі қиын да мол әйел және білікті психолог ретінде біздің орталықта перзентке зар болып келген жұбайларға психологиялық көмек көрсетуде. Перзент сүю үшін мұндай ерлікке барып, бастарын қауіпке тігу тек әйелдердің ғана қолынан келетін шығар. Сол жылы Салтанаттың өзі де Сырымтайды жалғызсыратпаудың жолын қарастырып, орталықта емделіп жүріпті. Өзіне ауыр операция жасататын күн ұшқыштың әйелімен қатар келіп қалды. Бірақ, белгіленген уақыттан кешіккен соң, дәрігерлер Салтанаттың өзіне операция жасауға дайындауға кіріседі. Адам болған соң ауру-сырқау әркімде де болады. Әбден дайындалып, бөлімге алып бара жатқанда әлгі келіншек келіп қалды. Түрі қашып

кеткен. Жылағаны көзінен көрініп тұр. Әйелді байқап қалған Салтанат дереу ауру таситын арбадан түсіп, оның жағдайымен таныса бастайды. Сөйтсе, олар асығыс орталыққа келе жатқанда, жолдасы көліктерінің жылдамдығын арттырып жіберіп, жол полицейлері бөгеп қалыпты. Жағдайларын айтса, құлқындарын ақша тескен жол сақшылары тыңдамаса керек. Содан келіншектің өзі такси ұстап жеткен беті екен. Ол кезде орталықтағы жалғыз эмбриолог өзі болғандықтан Салтанат дәрігерлермен келіншекке пункция жасауды жедел бастап, аналық ұрықтарын алып инкубаторға реттеп, орналастырып, өз операциясына кешігіп, жасатуға кетті. Үлкен ұзақ наркоздан оянған соң, әлсірегеніне қарамастан, тері ағып, жаны қысылса да менің сүйемелдеуіммен лабораторияға жетіп жұмысына кірісті, бұл үлкен ерлікке теңеуге тұратын нәрсе. Бұл әңгімелер қазір оқырманға бейнебір киноның оқиғасындай болып көрінуі әбден мүмкін, ал әдеби шығармалардың оқиғалары өмірден алынатынын ескерсек, бұл тура өмірдің өзінен алынған суреттер еді. Мұндай өмір суреттерінің талайы көз алдымыздан өтті ғой. Тарих парағы осындай ірілі-ұсақты оқиғалардан құралады. Біздің ЭКОМЕД орталығының да тарихында мұндай оқиғалар жетерлік. Кез-келген мекеменің ішкі жұмысына үніліп көрмеген соң, оның жұмысы сырт көзге оңайлау көрінетін шығар. Осы орталықтың жұмысына кіріспей тұрғанда маған да ең оңай жұмыс емхана мен ауруханаларда жұмыс істейтін

дәрігерлердікі сияқты көрінетін. Аурухананың дайын төсегіне жатып емделіп жайымызға кететін болғандықтан солай көрінеді екен. Ал сол дайын төсекке дейін аурухана басшылығы қаншама қиындықтарды басынан өткеретінін біз осы істі қолға алған күннен бастап түсіне бастадық.


Алғашқы ұйымдастыру кезіндегі қиындықтарымыз түк емес екен, қиындықтың көкесін орталық ашылып жұмыс жүре бастаған тұста көрдік. Оның үстіне 1995 жылдары әлі ел-жұрттың санасына жекеменшік деген дүниенің кірікпеген кезі. Мемлекеттен бөлініп шығып, бөлек өмір сүру деген әсіресе, денсаулық сақтау саласының мамандары үшін санаға сыймайтын жаңалық болатын. Осы жылдары Алматы қаласында жекеменшік тек тіс емдеу алғашқы кішігірім орталықтары болды, ал гинекологияда, ұрпақ өрбітумен айналысатын орталық, жекеменшік емхана дегендеріңіз мүлдем жоқ-тын. Мемлекетке әбден сеніп алғанымыз соншалықты, кәсіп ашқандарға банктер екі пайыздық үстемемен несие береміз десе, шошып, оны қалай қайтарамыз деп бас тартқан да жағдайларымыз болды. Сол сияқты мемлекеттік мекеменің бір бұрышынан жекеменшік емдеу мекемесін ашуға ғимарат сұрау да қисынсыздау көрінген. Осы тұста Тамара Жүсіпәлиеваның еңбегі мен адамгершілігін тағы да айтпасқа болмайды. Тамара ханым да батыр, жаңашыл адамдардың бірі болғандықтан бізге бағыт-бағдар беріп, ЭКО орталығын ашуға байланысты

ұсыныс хаттарымыздың барлығына еш кедергісіз қол қойып беретін. Орталығымыздың Седова көшесіндегі жетпіс шаршы метрді құрайтын ең алғашқы бөлмелеріне қол жеткізуіміз осы Тамара Жүсіпәлиева мен Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитетте қызмет істеген «комсомол» жігіттердің арқасы екендігін ұмытқан емеспіз. Жұмыс бастайтын орнымыз болғанмен қолымызға «жұмыс істеуге рұқсат» деген Алматы қалалық Денсаулық сақтау басқармасының рұқсаты тимеген болатын. Түйенің танығаны жапырақ дегендей бұл жолы да баяғы Тамара Мұфтахқызына арқа сүйедік. Орталықтың алдына қойып отырған басты міндеті мен бағыттары жазылған хатымызды арқалап Денсаулық сақтау басқармасына келдік. Басқарманың сол уақыттағы басшысы біздің қағаздарымызды сапырылыстырып оқып шыққандай болды. Бір уақытта бастықтың көзі шығып кетердей болып, бізге тесірөйе қарап, «Тамара, отпен ойнама, бұл менің де, сенің де шаруаң емес екенін жақсы білесің, олай болса, буынсыз жерге пышақ салмай жайымызға жүргеніміз дұрыс. Бұл шаруамен институт айналыссын» деді ашуының буы сыртына шыққан ол іс осымен бітті дегендей, дәрігерлердің өздеріне ғана тән шимай жазумен хатымыздың шетіне әлденені жазды да, қағазымызды шиыра лақтырып, өзімізге қайтарып берді. Шыққан соң қағаздың шетіндегі жазуды оқып көрсек, «Бала жасау – мемлекеттің ісі» деп жазып қойыпты. Басқармадан басымыз салбырап, ұнжыр-

ғамыз түсіп қайттық. Сонда да Тамара Мұфтахқызы бұл болмайтын шаруа екен деп бетімізден қайтарған жоқ. Ол кісінің үндемегенінің өзі қолдау көрсеткендей көрініп, жалға алған бөлмелерімізге ақырындап жөндеу жұмыстарын жүргізе бастадық. Бір-екі айдан кейін ғой деймін, Тамара Жүсіпәлиева Денсаулық сақтау басқармасының бұрынғы «Неке және отбасы» орталығынан қалалық Адам ұрпағын өрбіту орталығына айналған орталығына әйел мен еркек бедеулігін емдейтін экстракорпоральді ұрықтандыру әдісіне рұқсат алыпты. Бірақ ол лицензияда ЭКОМЕД туралы әңгіме айтылмапты.



АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ



ұл кезде жөндеу жұмыстарымыз да аяқталып, зертханамыз дайын болып қалған еді. Салтанат Мәскеудегі В.М.Здановскиймен хабарласып, келуін өтініпті. Ұстаз үшін шәкіртінің еңбегін көріп баға беру қашан да мақтаныш емес пе, Владимир Мстиславович сол күннің ертесінде қасында Л.Хилькевич бар Алматыға ұшып келді. Бұрынғыдай емес, мәскеулік қонақтарды Салтанат жалғыз өзі емес, екеуміз бірге күтіп алып, үйдің жанындағы «Қазақстан» қонақ үйіне орналастырдық. Ол кісілерді жайғастырып болған соң зертханаға келдік. Барлық құрал-жабдықтарды, басқа да қосымша керек дүниелерімізді түгендеп көрсек, зертханамыз жұмысқа кірісуге сақадай сай көрінді. Дермантинмен қапталып, жап-жаңа болып көрініп тұрған төсектеріміздің, ескі тасталған екі креслодан бір гинекологиялық кресло жасап қойғанымызды, емделушілер отыратын орындықтарымыздың да ескі екендігін сол ескі заттарды бізге берген Мария

Михайловна мен біз ғана білмесек, басқа ешкім білмейді. Бәрін құрастырып, әдемілеп қаптап, бояп қойғанбыз. Әйтсе де жүрегімізде үлкен қобалжу бар еді. Өйткені біз бірінші рет осы саланың білікті мамандары ғана емес, талай жыл зерттеп нәтижесін ғылыми дәлелдеп, Кеңестер Одағының медицина саласында қолданылуының негізін қалаған адамдардың алдында емтихан тапсырамыз. Яғни, іс-тәжірибе бөлісіп, үлкен сыннан өтпекпіз. Қонақтар бізден мұндай дайындықты күтпесе керек, зертханаға кірген бетте В.М.Здановскийдің қуанғанын аяғына сонау Ресейден өзімен бірге ала келген бахилін киместен зертханаға ентелей кіргенінен аңғардық. Тіпті қолындағы шылымын тастауды да ұмытып кетіпті. Салтанат барлығы залалсызданған болсын деген талап қойғандықтан орталығымыздың дәрігерлері Денсаулық сақтау министрінің өзі келсе де өз талаптарын қоя білетіндіктерін байқатты. Мұндайға өте мұқият дәрігеріміз Татьяна Павловна «Валерий Мстиславович!» деп шыр ете қалды. Татьянаның не айтқысы келгенін біліп тұрған В. М. Здановский, «Танечка, шылым да залалсыз зат қой» деп әзілдеген күйі микроскоптың жанына жайғаса кетті.

Біз де еңбегіміздің ақталғанына іштей риза болғанымызбен, оны сыртқа шығарудан қорқып, терең күрсініп алдық. Түске қарай В. Здановский мен Тамара Мұфтахқызын мейрамханаға шақырдым. Тамара ханым зертханаға келмегендіктен тамақ

үстінде жұмыс жайында көп әңгіме де бола қойған жоқ. Өзі де қызығушылық танытып, сұрамады. Валерий Мстиславович те зертхана, ондағы қолға алынған алғашқы пункция туралы жақ ашпады. Көпті көрген кісі емес пе, сөйтсек ол кісі қасымыздағы жалғыз әйелдің жандүнісін зерттеп үлгерсе керек. Тамара Мұфтахқызы да көп отырған жоқ. Астан ауыз тиді де бір шаруаларым бар еді деп, қонақтан рұқсат сұрап кетіп қалды. Ол кісінің бұл мінезін мен де түсіне алмай қалдым. Жүзінен бір салқындықты байқағандай болдым. Онда да миыма бөтен ой келе қойған жоқ. Шаршап жүрген болар дедім де, артық ауыз сөз айтпауға тырыстым. Ал Салтанаттың ойында еш нәрсе жоқ, мамандармен жұмысқа қызу кірісіп, зертхананы ертеңгі болатын пункцияға дайындап жатты. Мен аздап еркіндеу отырайық әрі зертханамыздың тұсауының кесілгенін өз арамызда атап өтейік деген ниетпен Талғат, Бақыт деген достарымды, Тамара Жүсіпәливаны, В.М. Здановскиймен бірге кешке тағы мейрамханаға шақырдым. Тамара келуін келгенмен, көп отырмай тағы кетіп қалды. Толғағы талай жылға созылған ЭКО-ның ашылуын энергетика саласының үш саңлағы және ЭКО тәсілінің кіндік әкесі атанып жүрген В.М.Здановский төртеуіміз атап өттік. Осы отырыста профессор маған: «Батыр, енді бұрынғы қиындықтар мен кедергілер ұмытылып, жаңа кедергілер, қарсылықтар алдарыңнан шығатын болады. Осы күнге дейін қасыңнан табылып, дос болып

қолдау білдіріп жүрген жандарың жауыңа айналуы әбден мүмкін. Неге десен, сендер Қазақстанда бірінші болып осы тәсілді игеріп отырсыңдар, алдарыңда өте қиын жол. Көре алмайтындар біріншілікке өздері жете алмайды, бірақ таласуға бар амалын салады. Біреулер үшін бұл сала мол ақшаның көзіндей болып көрініп, жолдарыңа талай кедергі болар дүниелерді төсейтін болады. Оған мойымандар. Ол деген өмірдің заңдылығы, адамдардың сонау ықылым заманнан бері арыла алмай келе жатқан пендешілік мінездері. Сол кедергінің барлығына өздерінің істеріңмен ғана қарсы тұра аласыңдар. Соған дайын болыңдар. Бұқпандар, еркін болыңдар, ойға алған мақсаттарыңа тайсалмай жетіндер, өйткені сендердің істерің адал. Бастаған екенсіңдер, енді кері шегінуге жол бермеңдер!» деген болатын. Расымен де, алғашқы кездері де, одан кейін де талай-талай тартысты көрдік қой. Дос, жанашыр деген адамдарымыз кейіннен тасада тұрып тас ататындардың қасынан табылғанда кімге сенерімізді білмей аң-таң қалғанбыз. Дүниенің ең жаманы адамды адам түсінбеу екен. Оны да осы ЭКО-ның тар жол тайғақ кешу тағдыры арқылы білдік. Біз сол жолы мәскеулік ғалымдардан жоғары баға алып, бірінші пункциямызды сәтті жүзеге асырғандықтан, жұмысымызды жалғастыруға болады деген сенім хатқа ие болдық. Бас есепші Гүлнар Қазиева атқарылатын жұмысымыздың бағасын есептеп шығарып берді. ЭКО-ның бағасы сол кездегі

шамамен 300 долларды немесе 18350 теңгені құрады. Сол жолы құрал-жабдықтарымызды айтпағанда, күнделікті керек бір реттік қолданыстағы материалдарды, бет-перде, бір реттік басқа киетін бас киімге дейін қол жүкпен В.М.Здановский өзімен бірге ала келіпті. Мұндай жақсы жандардың жақсылығын қалай ұмытарсыз.

Орталықта үш-ақ адам қызмет істейді. Эмбриолог Салтанат, акушер гинеколог Татьяна Павловна және мейірбике Айнаш. Осы үш адамның 1995 жылдың күзінен бастап ЭКО орталығы «өз тәуелсіздігін» алған күнге дейін қалай жұмыс істегенін қазір айтсақ ешкім сенбес еді. Тәуелсіздік дегенді әдейі айтып отырмын. Қазіргідей үлкен шаңыраққа қол жеткізу жолында біз басымыздан не өткермедік. Иә, адам сенбейтіндей-ақ бар. Сол жылдары Алматыда жарық жиі сөндірілетін. Жарықтың бір селк етер сәтке сөніп қалуы ұрықтандыру жүргізілетін инкубатордың жұмысы үшін қаншалықты маңызды екендігін Салтанат қана білетін шығар. Ал жарық екі-үш сағат сөнді дегенше, тәулік бойғы еңбек еш болды дей беріңіз. Ал ендігі күрделі мәселе СО₂ газ мәселесі еді. «Қалауын тапса, қар жанады» демекші, адам баласы басына түссе жолындағы кездескен кез-келген тығырықтан шығатын жолды іздеп табатын көрінеді. Салтанат шырылдап жүріп оның да жолын тауып, өзінің ғана емес, зертханадағы дәрігерлерінің, өздеріне үміт артып келіп жатқан жұрттың еңбегін еш кетірмеуге бар күш-

жігерін сала білді. Оның осындай қайтпас қайсар мінезіне қарап отырып, азаматтық таныту жынысқа бөлінбейтінін білдім. Салтанат осы ЭКО орталығының уығын көтеріп, керегесін кеңейту жолында кейбір азаматтардың қолынан келе бермейтін істерді атқарып, батыл қадамдарға бара білді. Қымбат та ауыр құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектерден бастап бір реттік қолданылатын материалдарға дейін Москвадан арқалап әкелетін. Ол кезде ЭКО тәсіліне қажетті дәрі-дәрмектер дегендеріңіз де тапшы болатын. Тапқан күннің өзінде олар тапсырыспен ғана сатылатын. Оған қол жеткізу үшін Салтанатқа телефонды басына жастап жатуына тура келетін. Өйткені, керек дәрі-дәрмек бар-ау деген дәріхана, фирмалардың телефон тұтқалары бос болмайтын. Үздіксіз хабарласып отырып, ретін келтірмесеніз, бар дүниеден құр қалып қалатынсыз. Керегінді қолында қаражатың бола тұра таба алмайтын заманай. Қазір ғой, барлығы дайын, бірақ, өте қымбат. Ақшаң мол болса, көп нәрсе іздеп әуреленбейсің. Фирмалар сізді өздері іздеп тауып, керек-жарамсызды жеткізіп береді, бірақ қынжылтатын жағдай көпшілігі бағасын екі есеге өсіріп сатады.


Қаңғырып жүріп арманына қол жеткіздің-ау деп Салтанатқа кейде қалжыңдап, өткен күндерін есіне салып қоямын. Қазірде ол Қазақстандағы ЭКО ғылымын дамытып, жетілдіру жолында ізденуден жалыққан емес, бүгінгі таңда біздің орталық Германия мен Жапон мамандарымен бірігіп бос фолликул

Жауабы жоқ дүние

синдромымен күресу технологиясын ендіруді қолға алу үстінде. Жасанды ұрықтандыру арқылы өмірге келіп жатқан балалардың суреттеріне қарап отырып, «жаратқанның адам баласына осындай мүмкіндік бергеніне, осындай ғылым дарытқанына шексіз ризамын. Баланы ұзақ күтудің қандай болатынын басқа білмесе де, мен білемін. Жаратқан сол сағыныш жүректерін қапқан аналардың үміттері үзілмесе екен» дейді Жаратқанның бұйыртар қызығына дәнекер болып жүрген еңбегінің жыл өткен сайын жемісі артып келе жатқанына шүкірлік еткен ол.



ҚЫЗҒАНЫШ



ай шығармасынан оқығаным

есімде жоқ, Лев Толстой «қызғаныш деген қабаған ит секілді қай жерден, қашан келіп қауып алатынын байқамай қаласың. Тіпті, ол сенің жаныңда үнемі ілесіп жүріп, сенің жақсылығыңды, алға кетіп бара жатқаныңды көрсе, тілерсегінді ондырмай тістеп алуы мүмкін» дегені бар еді. Шын мәнінде жұмысымыз жүріп, біз үлкен ұмытылыспен алға жылжыған сайын әлгі қызғаныш деген қызыл итіңіз төңірегімізге толып кетті. Ал біз болсақ, не бүлдірдік деген оймен олармен күресіп бактық. Дүниедегі ең жаман нәрсе Мұқағали ақын айтып кеткендей, адамды адамның түсінбеуінен өткен қиянат жоқ екен. Бізді аяқтан шалғандар басқалар болып жатса, өкпелемес едік, жанымызды жаралағаны мүйіздері карағайдай, ел танитын, Қазақстан денсаулық сақтау саласының сол кездегі басшылары мен оның төңірегіндегі жандайшаптарының әрекеті еді. Олардың көзқарасы

мен пікіріне салсақ, біз тура бір әлемдік сұранысқа ие өнім шығаратын өндіріс орыны сияқты көрінсе керек. Осы іске өз мамандарын тықпалап, жеке адамдардың қол жеткізіп отырған құндылығын жоққа шығарушылар да табылып жатты. Татьянаны қанша жылатты. ЭКО саласын шоу бизнеспен шатастырып алғандар «өз өртістерінін» басын біріктіріп алып, Салтанатқа әртүрлі әрекеттер арқылы қарсылық танытып, еңбегін жоққа шығаруға тырысып бақты. Зертхана төңірегінде де басылым беттерінде тапсырыс арқылы небір дүниелер жазылғаны әлі есте. Сол кездері Салтанатпен бір адам келіп әңгімелесіп, жұмыс жағдайын білсе ғой, тек оны ертегінің кейіпкері етіп алғандай ойдан құрап, сілтей беретін қасқалар. Ал Салтанаттың ол уақыттары зертханада түнеп жүріп инкубатордағы ұрықтың амандығын тілеп жұмыс істегенін, тіпті Құдайдан сұрап алған перзенті Сырымды қолынан жетектеп мектепке апара алмағанын, анасы ретінде оның хат әріп танып, әліппе оқығанын қызықтауға уақыты болмағаны туралы, отбасындағы қызық-қуанышын ЭКО-ның жолына құрбан еткенін ешкімнің білгісі де келген жоқ. Құрбан етті дегенде есіме тағы бір оқиғаның түсіп отырғаны. Бірде таңғы бестің шамасы-ау деймін, телефонның шар еткен даусынан оянып кеттім. Тұтқаны көтерсем, Салтанат. Солқылдап жылап тұр. Не болып қалды десем, дұрыстап түсіндіруге мұршасы жоқ. Солқылдаған күйі «Батыр, қазір мына ғимарат жарылады, зертхана жақтан

ысылдаған дауыс естіліп жатыр. Тез келші» дейді. «Жарылады» деген сөзі ғана құлағымда қалып қойды. Ұйқылы ояу, таңғы тәтті ұйқы құшағында жатқан Сырымды көрпесімен қымтаған күйі машиненің артқы орындығына жатқыза салдым да, зертханаға қарай зуладым. Келсем, әйелдердің есі шығып кеткен, зертханадағы кислород толы баллон жарылайын деп тұр дейді бірімен бірі жарыса сөйлеп. Салтанаттың көзі білеудей болып ісіп кетіпті. Әбден абдырап, жылағаны көрініп тұр. Оны сабырға шақырып, зертханаға кірсем, ысылдап тұрған кислородтың баллоны емес, инкубатор мен СО₂ газының арасындағы сүзгіш жаман майлы газға толып қалыпты да екі аралықтағы шағын құбырды жарып жіберіпті. Ысылдап тұрған сол жарылған жерден шығып жатқан газдың қатты құлақ тесер дыбысы екен. Есік-терезелерді ашқызып тастадым. Баллонды жабайын десем, қолымда оны бұрауға қажетті кілт жоқ, енді не істеймін деп дағдарып тұрғанда есіме ауруханаға жақындау жерге орналасқан өндіріс аймағы түсе кеткені. Көлікке отыра салып сол жерге келсем, ешкім көрінбейді. Кіреберістегі дүңгіршекке барсам, біреу ұйықтап жатыр. Дауыстасам да оянбаған соң, оны иығынан жұлқып-жұлқып жібердім. Көзін ашқан болды. Таң атпай не істеп жүрсің дегендей аңтарыла маған қарап қалыпты. Аузынан арақтың иісі бұрқырай кетті. Мас болса да оған жағдайымды түсіндіріп, газ баллонын бұрайтын кілтін бар ма деп сұрадым, бар

дейді. Онда маған көмектес, ақынды жемеймін деп едім ол қуанып кетті. Ақша керек жоқ, басымды түзеп берсең болды деді әлгі, өзін есімім дядя Миша деп таныстырып жатып. Ол кезде «Смирнов» деген қымбат арақтың дәурені жүріп тұрған кез еді. «Смирновтың» атын айтып қалып едім, ол құрал-саймандарын алып, менен бұрын көлікке барып жайғасып алды. Маған да оның осы тіл алғыштық қасиеті ұнай кетті. Бекер обалы не керек, түсіне кіріп жатқан «Смирновтың» тығынын тісімен жұлып алып тастады да, Миша ағатайым қырлы стақанға толтырып алып су ішкендей қылқылдатып жұтып жіберді. Кенет тарс жұмып алған көзін ашып жіберіп маған кеттік деді. Келе салысымен, түнімен жұртты дүрліктіріп шыққан баллонды басқамен ауыстырып, дұрыстап орналастырып берді. Инкубатордағы жылу көрсеткіші қалыпқа келгенше күте тұрайық дедім де, Миша ағайға арақтан тағы құйып беруге икемделе беріп едім, «мен таң атпай осынша арақты бір өзі ішетін маскүнем деп ойлап тұрмысың, менімен бірге сен де ішесің» дегені. Амал жоқ, жұмысты бітіріп алып, адамға құрмет көрсете алмау адамгершілік қағидасына жатпайтындықтан маған Миша ағайға серіктес болуға тура келді. Екеуіміз оның қалтасында жүрген жиналмалы стақанмен «Смирновты» қақ бөліп ішіп алдық. Алмаймын дегеніне қарамастан қолына азын-аулақ ақша ұстаттым. Ол такси ұстап кетіп қалды. Ал мен болсам, өмірімде бірінші рет таңғы оразамды арақпен ашып,

әңкі-тәңкі күй кештім. Сағат сегізде Сырымды мектепке апару керек. Мен ішіп алдым. Енді қайттік десем, Салтанат мен сағат сегізде ертеңгілік жиналысқа барам дейді. Менің ұйқымның қанбағанымен, арақ ішіп алғаныммен шаруасы жоқ адам секілді. Аяқ асты ашуым басыма шапты. Арақтың күші болса керек, сол жолы Салтанатқа көптен айта алмай, ішімде сақтап жүрген және жанымға батқан біраз нәрселерді айтып алғаным бар. «Ашу — дұшпан» деген тегі рас, сонда Салтанаттың төңірегінде дос-дұшпаны жүр-ау деп те ойламаппын. «Сен мені ЭКО-ЭКО деп жүріп Пушкиннің ертегісіндегі алтын балыққа айналдырып алдың ғой, әкел, тап, бер дедің, айтқандарыңды екі еткен жоқпын, сондағы жеткен жерің осы ма? Құрал-жабдығыңды адам ұрпағын өрбіту орталығы бөлмелерін жалға бергенінің өтемі ретінде қайтарымыз алайын деп жатыр. Сен сол керек-жарақтың барлығын отбасыңды ұмытып, қаңғырып, басыңды қатерге тігіп жүріп жинап едің ғой, енді менің алдымда «Мать Тереза» болып тұрғаның мынау. Бұдан кейін мен сенен ЭКО мәселесі туралы естімейтін болайын, білдің бе?» деп бар даусыммен, ашу-ызамен бақырдым да, Сырымды мектепке алып кетіп қалдым. Сырымды мектепке апарып, сыныбына кіргізіп жіберіп көлікке қарай келе жатқанда бағанағы оқиғалар есіме түсіп кетті. Ашуымды жол бойғы Сырымтайдың тәтті тілі, сүйкімді қылығы тарқатып жіберген секілді. Артық кеткенімді түсініп,

Салтанаттың мен ашуланған кездегі қорғансыздың күйін кешкен түрі көз алдыма келіп, ыңғайсызданып келе жаттым. Оның еңбегін мен бағаламай жүргенде, өзге жұрт қайтсін деген ой келді де, одан барып кешірім сұрауды жөн көрдім. Келсем, әншейінде жандары қалмай жік-жапар болып амандасатын қызметкерлердің барлығының бастары төмен салбырап қалыпты. Еріндерін де жыбырлатқылары жоқ. Ішім бір бүліктің болғанын сезе қалды. Татьяна мен Салтанат зертханадан шығып келе жатыр екен. Көңіл-күйлері жоқ болғандықтан олардың көңілдерін көтерейін деп әзілдеген болдым. Оған екеуі де селк еткен жоқ. Енді Салтанат ашуға мініп алған секілді. Мені бір бос бөлмеге алып кіріп, бас дәрігердің өзіне ұрысқанын, бұдан былай ауруханаға бөтен адамдардың, оның ішінде мен, яғни күйеуің кіруші болмасын дегенін айтты. Танертеңгі ашу жайына қалсын, ашудың көкесі енді басталды. Салтанатты да осы әңгімені айтқызып отырған бас дәрігерді де оңдырған жоқпын. Құдай өзі кешірсін, жеті жыл перзентсіз жүрген кезде айтпаған сөздерімді мен бірінші рет Салтанатқа сол жолы айтқан шығармын. Шыдамның да шегі бар. Мұндай әділетсіздікке, көзінді бақырайтып қойып, тапқан наныңды біреу тартып алайын деп тұрса, қалай төзерсің. Салтанатқа «Ия бас дәрігердің, ия менің әйелім боласын, тандау өзінде» дедім төтесінен. Менен мұндай қатал үкім күтпеген ол жылаған күйі қасында тұрған орындыққа отыра кетті де,

касындағы өзін жұбатқысы келген Татьянаның иығына басын сүйеп тұрып, «Татьяна, Батырдың сөзінің жаны бар, біздің бұл әрекеттерімізден түк шықпайтын секілді. Бізді қолдайтын адамдар қазір жоқ. Мәселе ушығып кетпей тұрғанда тоқтағанымыз да дұрыс шығар» деді. Татьянаның да мінезі бірбеткей. Ол бізге қолға алған шаруаны орта жолда қалдыруға болмайтынын, оның үстіне В.М. Здановскийдің Салтанатқа үлкен сенім артып кеткенін айтып бізді сабырға шақырды. Татьянаның сөзінің жаны бар еді, мәскеулік ғалымдардың бізге деген сенімдері мықты еді. Оған бедеулік дертінен арылып перзент сүйетін бақытқа жетер жол таптық деп жүрген мыңдаған адамның үміттерін қоссақ, біздің ойымыз дұрыс болмай шығады екен. Мен де, Салтанат та, үнсіз қалдық. Бұл үнсіздікті тағы Татьяна бұзып, «Батыр, біздің қолымыздан көп нәрсе келеді, өтінем сендерден, көптің тілеуі қабыл бола бастаған тұста бұл ісімізді орта жолда қалдырмайықшы» деді өтінішін шын ниетімен жеткізген ол. Бірақ, мен бізбен бірге жұмыс істеген дәрігерлерді жұмыссыз қалдырмайтынымызды, ал бұл жерде қала алмайтынымызды айттым. Қалу мүмкін де емес еді. Өйткені бас дәрігер бұрынғыдай емес, кәдімгідей қызғанып жүргенінен сыр беріп қалып еді. Екеуміз бір-бірімізге өкпелеген қалпы үйге келдік. Әйтсе де өкпеміз ұзаққа созылған жоқ, мектебінен келген Сырымтай сыныптағы қызықтарын, алған бағаларын, апайының өзіне қалай ұрысқанын айтып бізді

әп-сәтте татуластырып жіберді. Екі адамның арасындағы ең тәтті дәнекер - бала деген осы болса керек. Осылай қызғаныш деген қызыл иттер біртіндеп жонын көрсете бастады.

Түстен кейін Бексей банктың қожайындары Жанат пен Біржанға келдім. Олар да менің жәй жүрмегенімді көңіл қошымнан аңғарса керек, жағдайымызды сұрап жандары қалмай жатыр. Мен де інілерімнің бізге деген ықылыстарын көріп әңгімемді ақтарып салдым. Олар болса, аң-тан. Денсаулық сақтау саласында осындай жағдайлар, көреалмаушылық дегеннің болатындығына сенгілері келмейді. Шағын зертхана төңірегінде мынандай дау туып жатса, ертең үлкен медициналық орталық ашсаңдар, адымдарыңды аштырмайтын шығар – деді Жанат. Мен Жанатқа таныс тауып, осы саланы жандандыру қажеттілігін жеткіздім. Ол шағын кәсіпкерлікпен айналысатын болсаңдар көмектесер едім, ал медицина саласы бойынша өздерің таныс таппай жүргенде бізде қайдан болсын, базар жақ, саудасаттық мәселесі болса бір жөн – деді қолынан келер көмегі жоқтығын аңғартып. Осылай әңгімелесіп отырып, жерлесіміз әрі қайын жұрт жаққа туыс болып келетін Президенттің іс басқармасына қарасты халық арасында қалыптасқан атауымен айтсақ, «Совминнің» ауруханасының бас дәрігері болып жұмыс істейтін Бекмахан Сыбанбайұлы Құралбаев деген ағамыз бар екендігі есімізге түсті. Ол кісі тіптен есімізден шығып кетіпті. Жанат Бекмахан

ағамен ақылдасқан жөн шығар деді. Ішімізде ол кісі бізді қабылдай ма, жоқ па деген де күдік бар. Ақырын ол кісіні жақсы таниды деген бір-екі кісімен сөйлесіп көрсек, мақтауын жеткізді. Жақсы деген сөз қандай, жақсы адам дегенді естіген біз ол кісіні көруге асығып, жұмыс телефонын алайық деп оны жақсы біледі-ау деген тағы бір танысымызға хабарлассақ, Бекмахан ағаның «Алматы» шипажайында дем алып жатқанын білдік. Оған қуанып қалдық. Жұмыс орнына барғаннан гөрі, шипажайға туыс ретінде іздеп барып, қал-жағдайын сұрап қайтқанымыз дұрыс көрінді. Жанат әйелімен мен Салтанат төртеуіміз ақылдасып шипажайға келдік. Бекмахан аға төртеуімізді көріп қуанып қалды. Әкелген тамақтарымызды шығарып, дастарқан жасап, туысқаншылап, әңгімеге кірістік. Ауыл аймақтан бастап, ел жаңалықтарын, болып жатқан өзгерістерді айтып, кәдімгідей саяси мәселелерді де көтерген болдық. Әркімге өзінің илеген терісінің пұшпағы қымбат, енді әңгіме еліміз медицинасындағы жағдайға ауысты. Осы сәтті пайдаланып біз өз жағдайымыз туралы айтып қалып едік, Бекмахан аға бізді қолдай кетті. «Адамдарға нағыз керек саланы қолға алған екенсіңдер. Біздің аурухананың қызмет аясында жоқ бағыт қой, мен басшылармен ақылдасып көрейін, келісім беріп жатса хабарласармын, бастығыңның мінезінің қиын екенін білесің бе, қорықпайсың ба?» деді қамқор қоныр үнімен Салтанатқа қарап. Егер болып жатса, бес бөлме керек

болатынын айтып қалдық. Аға жымып күлді де алдымен ақылдасайын, қалғанын содан соң көре жатармыз, бірақ бірден айтайын, бес бөлме деген бола қоймас, диккорпустан үш бөлме қарастырып көрерміз деп қалды. Бұл сөз біздің сөніп тұрған отымызды қайта тұтатқандай болды. Мен ол кісіге біраз мәселе айтқым келген, бірақ ішіме бүгіп қалдым. Бәлкім, айтпағаным да дұрыс болған шығар, сол жолы ішімдегіні ақтара салғанымда ЭКОМЕД-тің тағдыры инкубатордағы дамымай қалған ұрық секілді сол жерде қалып қояр ма еді, кім білсін?! Салтанат Бекмахан ағаның «бастығыңнан қорықпайсың ба» деген сұрағына:

— Бекмахан аға, сізді кішкентай кезімізде «Герой аға» дейтін едік, Герой ағам барда, жанымда Батырдай жарым жүргенде ешкімнен қорықпаймын деп жауап берді. Қарындасының тауып айтқан сөзіне аға ризашылықпен бір күліп алды. Бекмахан ағаның бастығыңнан қорықпайсың ба деген сөзінің астарын кейін түсіндік. Бастығың деп отырған кісінің жоғарыдағы байланыстарын, сенетін күштілерін жан-жақты бізге қарсы жабатынын білмедік ол кезде. Дегенмен мен іштей аты әлемге әйгілі күштілер мұндай ұсақ шаруамен айналыспайтын шығар деп ойлап қойғанмын.

Ия, бірақ мен кателесіппін. Үлкендердің де арасында ұсақшылдық болады екен. Арада бір-екі күн өткен соң Бекмахан аға хабарласып, келіп кетуімізді өтінді. Бір қорқып, бір қуанып келсек,

Бекмахан аға бізді жақсы хабарымен қуантты. Бізге дипкорпус жақтан үш бөлме беретін болып келісіпті. Осы корпустың бас мейірбикесі Үмітжан деген кісіні шақырып, бізді таныстырып, мән-жайды түсіндіріп, біздің орналасуымызға барлық жағдайды жасап, көмектесуді тапсырды. Біз болсақ қуаныштан жүрегіміз жарылардай болып тұрмыз. Ол аз десеңіз «Комбисон» деп аталатын ультрадыбыстық аппаратын жалға беретінін айтты. Ол уақытта УЗИ аппараты деген де ең тапшы медициналық құрал-жабдықтың бірі болатын. Бекмахан аға Салтанат екеуміздің қолымызды алып, «Мен сендер үшін өте қуаныштымын. Адамның ойына келмеген істі қолға алған екенсіңдер, қиындығы, кедергісі көп болатын шығар, ондай жағдайларда кері шегінбендер. Адам баласына жасанды тәсілмен болса да перзент сыйлаудан артық сауапты іс жоқ шығар. Істеріңе сәттілік тілеймін, жолдарың болсын,- деді де орынбасарларын ертіп кетіп қалды. Салтанат болса, шын ба, өтірік пе дегендей үн-түнсіз тұрып қалды. Мен оған дереу Седова көшесіндегі орталыққа барып, зертханадағы мамандарға осы хабарды жеткізуіміз керектігін айтып, сол жаққа бет алдық. Барлығы осылай оңай шешіледі деп ойламаса керек, ондағылар қолдайтындарын да, қолдамайтындарын да білдірген жоқ. Біз де көп әңгіме айтпастан мән-жәйді түсіндіріп, рахметімізді айтып көшуге әзірлендік. Бұл орталыққа өкпеміз жоқ. Зертхананың тұсауы осы орталықтың қабырғасында кесілді. Ал-

ғашқы іс-тәжірибеміз осында қалыптасты. Мамандарымызды дайындап алдық. Сол күні қаланың ортасындағы «Совминнің» ауруханасы жаққа көш түзедік. Қуаныштан қатты қобалжып, Татьяна мен Айнаш Салтанатпен бірге жұмыс істегілері келетінін айтып бізбен бірге олар да көшке ілесті. Алмағайып уақыттың кезі еді. Орталықтағы біраз мамандар, Жанна Рожковская және тағы бір екі-үш мықты мамандар тарихи Отандарына кетіп қалыпты. В.Полумисков та шабаданын жинап Ресейге кетуге әзір жүр дегенді естіп қалдық. Осы әңгімелерді естіген кезде біз өзіміздің дұрыс әрі батыл кадам жасап отырғанымызды түсіндік. «Совминнің» ауруханасындағы бізге бөлінген бөлмелерді көргенде Татьяна мен Айнаштың көзі жайнап шыға келді. Мұндай жерде жұмыс істеудің өздеріне үлкен жауапкершілік жүктейтіндігін де айтып қалды. Татьянаның күйеуі Петр екеуіміз түнімен зертхананың құрал-жабдығын құрастырып шықтық. Қыз-келіншектер ішкі жұмыстарды ретке келтіріп ертеңгі күнге зертхананы жұмысқа сақадай-сай етіп қойдық. Бұл күн 1995 жылдың бірінші желтоқсаны еді. ЭКОМЕД сөйтіп жаңа қоныста, жаңа шаңырақта өзінің алғашқы жұмыс күнін бастап кетті. Байқаймын, Салтанаттың қуанышы да алабөтен. Жүрегінде жүрген сан жылдардағы арманына енді ешкім де, еш нәрсе де кедергі болмайтындай, жұмысына алаңсыз кірісіп кетіпті. Алғашқы жұмыс күнін бастар алдында шағын жиын өткіздік. Алдымызда тұрған

әйелдер мен еркектер денсаулығын жақсарту міндеттеріне, қолға алып отырған тәсілімізді жүзеге асыру жолында қиындықтардың көп болатындығын және санаға сыймайтын, жауабын таба алмайтын сауалдарға тап болатынымызды түсіндірдік. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін көп жұмыс істеп, көп іздену, үйрену керектігін айттық. Мен шағын ғана ұжым мүшелеріне Шыңғыс ханның жауынгерлеріне айтатын: «қорықсаң істеме, істесең қорықпа» деген сөзін мысалға келтіріп, әр нәрсенің өз уақыты болатынын, демек, ЭКО-ның да шарықтар кезеңі алда екенін айтып жігерлендіріп қойдым. Арада бір ай өтпей-ақ жұмысымыз алға ілгерілей бастады. Бұрын адам ұрпағын өрбіту орталығына келіп жүретін емделушілеріміз бізді іздеп тауып алып өзімізге орала бастады. Сенімдері бұрынғыдан да нықтала түскендей. Олардың сенімдерінің мықтала түсуіне зертханамыз орналасқан ғимараттың еңсесінің әсері де болса керек. Өткен күндерді еске алсақ, көңіл терезесінен көп нәрсе сыртқа шыққысы келетінін сезінемін. Бірақ, кейде өткенді қозғап, о дүниелік болып кеткен кейбір адамдардың аруағын күңіретіп қайтемін деген ой келеді. Бәріне адам өмірі мен тіршілігінің әділ таразысы - уақыт куә. Өткен күндердің емі де сол төреші уақыт екен. Әйтсе де пенде болған соң әр нәрсенің ойына түсіп, кей-кейде жазылып келе жатқан жараларыңның аузы қайтадан ашылып кететіні бар. Әсіресе, адал ісіне әділетсіздік танытып, адал еңбегінді табанының

астына салғылары келетіндерді ойласаң, олардың кейбіреулері дәл қазір түк білмегенсіп, бетіңе тура қарап сөйлеп жүргеніне де қайран қаламын. «Өмір – сахна, адам – актер» дегенді де Шекспир тектен тек айтпаған болар. Сол өмір сахнасының да талай «актерлерімен» жүздесіп көрдік. Қазекемнің кейде бір әділетсіздіктерге шыдамай кеткен кездері айтатын «сыйынғаныңнан сүйенгенің мықты болсын» деген сөзінің де жетесіне жеттік. Сол сүйенгендері мықтылардың да таяғын жедік. Біз орналасып біткеннен кейін бірер күн өткен соң зертханамызға Бекмахан Құралбаев келді. Бөлмелерді, негізгі жұмыс атқарылатын инкубатор орналасқан және эмбрионды жатырға қондыратын бөлмелерді аралап шықты. Дәл бір жоғын іздеп жүрген адам сияқты. Іздегенін таппаған соң маған қарап: «бар дүниелеріңнің сыйқы осы ма?» деп сұрады. Иә дедім, ол кісінің бетіне тура караудан ұялып төмен қарап. Ол кісімен кездескен кезде құрал-жабдықтар туралы еш нәрсе айтқан жоқ болатынмын. Жаланап қолымызбен іс бастағалы отырмыз десек, Бекмахан аға бізге бұл жерді бермеуі де мүмкін еді. Сыртқа шыққан соң ол кісі маған барлық жағдайды баяндап берді. Бұрынғы жұмыс орнымыздың басшысы академик Мұхтар Алиевке біздің барлық құрал-жабдықтарымызды ұрлап кетті деп шағымданыпты. Бекмахан аға сол жағдайдың мән-жайын білмекке келіпті. Міне, қызықтың көкесі. Көзінді бақырайтып қойып, сені ұры-қары атандырып жатқандарға, соған сенген

үлкендерге не дауа айтарсыз. Қолданып отырған жабдықтарымыздың жағдайын айтып беріп едім, Бекмахан аға: «жағдайларың түсінікті болды, енді бастықтарға барып қолдан бала жасап жатыр екен деп айтамын да» деді, қалжыңбас мінезіне салып. Ал мен болсам, тағы да бір пәлекеттердің басталғанын ішім сезіп, үнсіз қалдым. Менің үнсіз қалғанымды байқаған ол кісі, «алаңдамай жұмыстарыңды істей беріндер, қазір Президенттің Іс басқармасының басшысы Сыздық Жұматайұлы Әбішевке Якимович тиісті хатты апарып береді. Негізінде ол кісі ауызша рұқсатын берген болатын» деді. Ауызша рұқсат деген сөзіне кәдімгідей қуанып қалдым. Сонда Бекмахан Сыбанбайұлы қызметім мен беделіме нұқсан келеді, жұмысымнан айырылып қаламын-ау деп те ойламапты. Халыққа қажет шаруа ғой деп қолынан келгенше көмегін көрсетті. Осы оқиғадан кейін жұмысымызға бұрынғыдан да қызығушылықпен кірісіп кеттік. Осы аурухананың жауапты бір бөлімшесі секілденіп, барлық жұмыстарымызды ақылдаса отырып бірге атқардық. Сырттан келгендерді кош көрмейтін бұл жабық мекеменің біздің зертханаға келушілерге есіктері де, қабақтары да ашық болды. Емхананың бас дәрігері Шолпан Әбілқадырқызы Аюпованың қамқорлығын өсте ұмытпайтын шығармыз. Аурухананың бас дәрігерінің емдеу істері жөніндегі орынбасары Гүлзада Рахманқызы Ізбасарова ЭКО жасау барысында орын алып жататын гиперстимуляция секілді асқынулар-

ды жедел жәрдеммен, гинекология бөлімдері арқылы емдеуге қолұшын берсе, Шолпан Әбілқадырқызының нұсқауымен емхананың акушер-гинекологы Илона Тұрабаева бізге келетін әйелдерге операция жасауға, анестезиолог-дәрігер Валентина Шапранованы біздің зертханаға жауапты етіп бекітіп берді. Валентина Степановна бұрын акушер-гинеколог болып қызмет істеген, бірақ кейін науқастанып, бір аптадай ес-түсінен айырылып қайтадан көзін ашқан соң бұрынғы жұмысынан бас тартып, енді өзінің өмірін сақтап қалған реаниматолог мамандығына ауысқан екен. Валентинаның басындағы бұл жағдай да табиғаттың бізге беймәлім тылсым сырларының бірі ғой. Бойында ерекше емшілік қасиеті бар десетін жақсы адамдардың жақсылықтарының арқасында алаңсыз жұмыс істеп жүргенбіз, бірақ іші күйгендердің тыныштық бермейтіндігі тағы байқала бастады. Зертхананы іздеп келген болып келіп, есігіміздің алдына өсектен күл шашып кететіндер шыға бастады. Жалған тексерушілер қаптады. Сертификаттарын жоқ екен дегенді сылтаурататындыр көбейді. Мәскеуден алып келген Здановскийдің сертификаты мемлекеттік мекеме бермегендіктен жарамсыз деп айтыла бастады. Салтанат бұрынғы бастығының мінезін менен жақсы біледі емес пе, оның бұл шаруаға академикті араластыруының соңы жақсылыққа апармайтынын да сезіп, бұрынғысынан да ширыға түскен. Шынын айтсақ, кіммен ақылдасатынымызды да білмей қалдық. Әйтеуір «бөрі

аштығын білдірместін» күйін кешіп жүріп жаттық. Денсаулық сақтау министрлігіндегі бір танысымызбен ақырын тілдесіп көріп едік, ол Совминнің ауруханасында отырсың ғой, несіне алаңдайсың, қолдарыңда Здановскийдің сертификаты бар деп, көңілімізді бір демеп қойды. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп өскен елдің баласы емеспіз бе, ақырын-ақырын жарнама беріп, газет-журналдар арқылы халыққа бедеулікті емдеудің жаңа тәсілі ЭКО туралы мақалалар жариялап, журналистер қауымы азын-аулақ еңбегімізге өз бағаларын беріп жатты. Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялана бастаған бұл жақсы хабарлар біздің бәсекелестеріміздің қанын тағы қайнатса керек, олар да еліміздің бас басылымына Адам ұрпағын өрбіту орталығының жанынан ЭКО бөлімшесі ашылды, оның менгерушісі Мархабат Батырханов, ғылыми кеңесшісі атақты академик көкеміз деген мақала жариялапты. Бұл еліміздегі ЭКО саласы бойынша өмірге келіп жатқан бізден кейінгі топтар еді. Біз бұл жаңалықты қуана қабылдадық. Бірлесіп, білмегендерімізді бір-бірімізден сұрап, тәжірибелерімізді толықтыра түсетін болдық деп ойлап қойдық. Олай болмаған күннің өзінде өз шаруаларымен айналысып, бізден аулақ жүрер деген ойда болған едік. Сөйтсек, олар қызғаныш деген «қызыл итті» мықтап жетекке алып алса керек, тілерсектен тістелеулерін қайта бастады. Жаңа жыл өте салысымен тексерушілер тоғытылып тағы бізді жағалай бастады. Сол тексеруге келген-

дердің ең болмаса біреуі нені тексеруге, не мақсатпен келгендерін білсе ғой. Өтірік деген шіркінді қанша жасырғылары келгенмен, тексерушілер біреудің айтқанымен жүргендерін білдіріп қоятын. Здановскийді «шарлатан» дегендердің жағасынан алған кездеріміз де болды. Тексеру нәтижелері жазылған анықтама қағаздарының бір данасын біздің қолымызға ұстатып, бір данасын Бекмахан ағаға беретін. Анықтамадағы сөздерді оқыған кезде күлкіміз келетін. Тағатын мін, көретін кемшілік таппаған олар біздің зертхананың қызметкерлерінің аурухананың штатында жоқтығын алдымызға көлденең тартатын. Бекен болса, біздің осы аурухананың базасында орналасқанымызды, бұл орталықтың халыққа, әсіресе, бедеулік дертіне шалдыққан әйелдер мен ер азаматтар үшін аса қажет екендігін айтып түсіндірсе де, жоғарыдағылардың айтқанын екі етпеуге әбден дағдыланып алған «ұртоқпақтар» оны құлақтарына да ілмейтін. Әйтсе де, «жыртық үйдің құдайы бар» демей ме, кезекті бір тексеруге келген мемлекеттік тергеу комитетінің тергеушісі жас жігіттің ұяты, адамгершілігі бар екен. Бізге көпе-көрнеу қиянат жасалып отырғанын білетін ол менен түсініктеме алып отырып, «аға, мені кешіріңіздер, жұмыстарыңызды зерттей отырып, жұртқа ең керек емдеу мекемесін ашқандарыңызға риза болып отырмын. Денсаулық сақтау министрлігінің де іс-әрекетіне қайшы келіп тұрған еш нәрсені көріп тұрған жоқпын. Жасырынып отырған жоқ-

сыздар. Қолымызда соттың немесе прокуратураның жабылсын деген қағазы да жоқ. Өзіңіздің ішіңіз біліп тұрғандай, заңсыз жұмыс істеп жатқан сіздер емес, біз» – деді де, сұқ саусағымен төбені нұсқап, тек жоғарыда отырған біреудің жақындарының ба, танысының ба жолын кесіп кеткен секілдісіздер, одан басқа кінәларыңызды да, кудалаудың себептерін де, көріп тұрған жоқпын. Менің де үйленгеніме бес жылдан асты, әлі перзентіміз жоқ. Осында келіп тексерілсек болады екен ғой деді, көмектесе аласыздар ма дегендей маған сұраулы жүзбен қарап. Мен ақыл-кеңесімді айтқан болдым, бірақ олардың келген-келмегені есімде жоқ. Қазақстаннан жанашыр таба алмаған біз басымызға қиындық түсе қалса, Мәскеуге телефон соғып, В.М. Здановскиймен ақылдасып отыратынбыз. Болып жатқан жағдайларды түсіндіріп едік, ол кісі уақыт тауып, көп кешіктірмей ең болмаса 1 күнге, бізге қолдау көрсететін ғылыми жетекші табу мәселесімен келіп кететінін айтты. Біз де оған қуана келістік. Бірақ осы екі аралықта менің әкем аяқ асты инсультқа ұшырап, сол аурудың әуре-сарсаңымен жүріп қалдым. Әйтседе ара-арасында уақыт тауып, ғылыми жетекші іздестіру жұмыстарымен айналысып, өзімізбен жақын араласатын профессор Болат Уахитұлы Шалекеновпен сөйлесіп, болған жағдайдың барлығын баяндап беріп едік, Бөкең де аты дардай академиктің ұсақ-түйек шаруаға араласқанын қоштай қойған жоқ. Академик бұл шаруаға шындап

кіріссе, біздің қолдан келер қайран жоқ. Мықтылармен мықтылар ғана сөйлесе алатын шығар, Бейнеш аға Жарбосыновпен ақылдасып көрейік деді. Бұл сөздің жаны бар еді. Бейнеш ағаның ер азаматтар арасындағы бедеулік мәселесін зерттеп жүргенін, докторлық диссертациясының тақырыбы да осы мәселеге арналғанын білетін едік. Тегі жақсы адамның төңірегіне деген ізеті де болатынын осы Болат Уахитұлынан байқадық. Әкесі Уахит Шалекенов Жамбыл облысының Қордай ауданындағы Ақтөбе қаласының қазба жұмыстарымен айналасып жүргенде Берден әкеміздің үйінде талай қонақта болған еді. Уахит ағаны өзім талай рет мәшинемен тасыған едім. Әкесі таныстың баласы таныс деген емес пе, кейін Болатпен араласып тіптен бір-бірімізге жақын болып кеттік. Сол жолы Болат Уахитұлымен бедеулік саласында айтулы істер атқарып жүрген екі академик – Бейнеш Жарбосынов пен В.М. Здановскийдің қатысуымен болашақта халықаралық конференция өткізетінін, осы басқосуда зертхананың ашылғанын жария ететін болып келістік. Бейнеш ағамен Болаттың өзі сөйлесетін болды да мәскеулік қонақтарды шақыруды біз өз мойнымызға алдық. Здановскийге хабарласып едік ол кісімен баяғыда кездесу керек еді, бірақ «ештен кеш жақсы» деген халық даналығы бар ғой жақсы істер жасау ешқашан кеш болмайды, дұрыс шешім болған екен, міндетті түрде келемін деп уәдесін берді. Өз жағымыз жағамыздан алып, аяғы-

мызға қақпан құрып жатқанда Валерий Мстиславовичтің келемін дегені Салтанат екеуіміздің төбемізді екі елі көкке жеткізгендей болды. Болаттың қолдауы, В.М.Здановскийдің келемін деген уәдесі қанаттандырған біз кездесу ұйымдастыру жұмыстарына кірісіп кеттік. Ең алдымен болашақ конференцияға қандай мамандарды көбірек тарту қажет сол мәселені ойластыра бастадық. В.М. Здановский ешқайсымызды әуре-сарсаңға салмай-ақ өзі ұшақпен ұшып келді. Ұшақтан түсе сала бірден зертханаға келді. Бұрынғы аядай бұрыштағы шағын ғана ұядан мынандай еңселі жерге, Президенттің іс басқармасына қарайтын аурухананың ішіне орналасқанымызға, бізге осындай қамқорлық көрсеткен аурухананың бас дәрігеріне ризашылығын білдіріп, зертхананы аралап шықты. Осы жерде емделіп, алғашқы пункция арқылы жүкті болған әйелдермен, гинеколог-дәрігерлермен әңгімелескен Валерий Здановскийдің ризашылығында шек жоқ еді. Салтанаттың қолын алып, зертхана қызметкерлерінің көзінше қолын ұстап тұрып, «Салтанат секілді жетекшілері бар сіздер өте бақытты ұжымсыздар. Жақсы адамның қадірін білейік, бағалайық, жұмыс барысында ауызбірлікте болсаңыздар, алдарыңызға қойған мақсаттарыңыздың барлығына қол жеткізуге болады. Ал мен сіздердің іс-әрекеттеріңізден солынтымақ пен бірлікті, оған қоса іскерлікті де байқап тұрмын, тек алға, ЭКО-дан өрбитін сәбилеріңіз көп болып, қуантсын» деді. Бұл зертхана қызметкерлері-

нің көптен күткен алғысы еді. Артынша пресс-конференция жақсы өтті. Тақырыбы да оған қатысушылардың қызығушылығын арттыра түсті. Әсіресе, жақсылық десе – жарғақ құлақтары жастыққа тимейтін журналистер қауымының коршауында қалып қойдық. Салтанат ұстазы Валерий Здановскиймен бірлесіп, алғаш рет қалың бұқара алдында қазақ жұртына бейтаныс тақырып– адамды да жасанды жолмен ұрықтандыру арқылы өмірге ұрпақ әкелуіне көмектесуге болатынын жария етті. «Рахат» телеарнасының журналисі Сәуле Дауылбаева жүргізген бұл сұхбат-әңгімеде көп шындық айтылды. В. М. Здановский Салтанаттың өзінің де көп жылдар бойы осы бедеулік деген қасіретті дерттің азабын тартып, перзент сүйген ана екендігін айтты. Сол өзі көрген бақытты енді кезіндегі өзінің күйін кешіп жүрген отбасыларының перзент сүю арманына қол жеткізуіне жұмсау үшін Қазақстанда бірінші болып ЭКО зертханасын ашып отырғанын айтты. Зертхана жұмысын бастаған уақыттағы жетістіктер туралы, Салтанаттың осы зертхананы ашу үшін атқарған жұмыстарын, Мәскеуге барып өз қаражатымен білім алып осы саланы игергенін, өзі ғана оқып қоймай, жеке қаражатын салып мамандарын дайындағанын, құрал-жабдықтарға дейін жеке қаражатқа сатылып алынғанын, осы еңбектің барлығы зая кетпей зертхананың алғашқы жүктілікке қол жеткізгенін халыққа қуана жеткізді. Валерий Мстиславович менің де еңбегімді ұмыт

қалдырған жоқ. Осы зертхананы жалаңаш қолымен құрып, осындай деңгейге жеткізгенімді ерекше атап өтті. Президенттің Іс басқармасына қарасты ауруханада орналасуымыздың өзін ерлікке балады. Мәскеудің ЭКО орталықтарының мұндай мекен-жайда орналасуы түстеріне де кірмейді. Олардың барлығы жекеменшік ғимараттарда орналасқанын, Ресейде ЭКО тәсілінің жетпісінші жылдардың соңынан бастап қолға алынғанына қарамастан, алғашқы нәтижеге 1986 жылы ғана қол жеткізілгенін айта келіп, Қазақстандағы тұңғыш ЭКО-ның Ресейден он жыл кенже дамығанымен аз уақытта үлкен жетістік – алғашқы жүктілікке 1 айда ғана қол жеткізілгенін айырықша атап өтті. Бұл баға да зертхана қызметкерлері үшін «Алтын» жұлдызбен марапатталғанмен пара-пар болып еді. Көптің көзіне түсіп, көп сөйлегенді онша қаламайтын мінезіммен пресс-конференция кезінде сырттан тілеулес болып, сырттағы ұйымдастыру жұмыстарына, қонақ күту секілді шаруалармен айналысып жүрдім. Кешкі асты ұйымдастырдым. Қаладағы ең тандаулы мейрамханада бас қостық. Мәскеулік қонақтармен бірге кешкі асқа Бейнеш Жарбосынов, Болат Шалекенов келді. Өздерінің қатарынан мені көргенде Бейнеш аға танданысын жасыра алмай, «Әй комсомол, сен мұнда қайдан жүрсін?» деп сұрады. Мен барлық мән-жәйді айтып, түсіндіріп, Салтанатпен таныстырдым. Жаңа осында келе жатқанда Болат: «Бүгінгі оқиғаның басты кейіпкерлері ерлі-

зайыптылар, бірі биолог-зертханашы, бірі энергетик-коммерсант дегенде лаборант пен электрикпен не жайында әңгімелесер екенмін деп ойлап едім. Әңгіме қызықты болатын болды. Мыналарың ешкімнің ойына келе қоймаған жаналық екен. Бұл сала өзінің жанашырларын күткеніне көп болып еді. Оны өздерің қолға алған екенсіңдер, қуаныштымын. Өте қуаныштымын сендер үшін. Өйткені бедеулік дертінің қасіретін тартқан бір адам болса, сол адамның бірі сендер болдыңдар ғой деді. Құтты болсын деді шын қолдағанын жүрек жылытар жылы сөзімен жеткізген Бейнеш аға Салтанат екеуімізге сүйсіне қарап. Сол кеш менің күні бүгінге дейін жадымнан шығар емес. Бейнеш ағаға Валерий Мстиславович бізді таныстырып жатыр. Ол кісі өз кезегінде бізді бұрыннан танитынын, Салтанаттың өзінің еңбекқор, ізденімпаз шәкірті екенін айтып жатты. Мемлекеттен бір тиын сұрамай білім алып, тіпті осы салаға қажетті құрал-жабдықтарды да жеке қаражаттарына сатып алып келді. Күні бүгінге дейін керек заттарды дорбалап Мәскеуден әкеліп жатыр. Білген адамға бұл екеуінің қазіргі тірліктері нағыз ерлік. Бірақ профессор жолдас сізге бір нәрсені ашық айтайын, осындай жастарды қолдау жағы Қазақстанда кемшін түсіп жатқан секілді. Менің ерте ме, кеш пе Салтанат Байқошқарованың жұлдызы жанып, осы еңбегінің әділ бағасын алатынына көзім жетеді және оған сенімдімін деді. Мәскеулік профессордың бұл сөздері Бейнеш ағаның да

Салтанатқа деген сенімін арттырғандай. Валерий Мстиславович екеуі біраз мәселелерді талқылады. Әр мемлекет өз алдарына тәуелсіз ел болғалы бұрынғы, әсіресе медицина ғылымдары саласындағы тығыз байланыстардың жібінің күрт үзіліп қалғанын, соның салдарынан мамандардың көп жаңалықтардан сырттап қалғандарын айтты. Тағы ЭКО зертханасына оралып, біздің көп арасында жүріп өз-өзімізді түсіндіре алмай таяқ жеп жүргенімізді, бұған жеке адамдардың жазығы жоқ екендігін, сол билік басында отырған мен білермен адамдардың қолдан жасап отырған әрекеттері екендігін де айтып қалды. Сол кеште Бейнеш аға еліміздің бас гинеколог-дәрігері, белгілі қоғам қайраткері Нина Әмірқызы Каюповамен осы мәселе төңірегінде сөйлесіп көруге уәде берді. Әйтсе де Бейнеш аға Нина Әмірқызының Президент жанындағы әйелдер комитетін басқаратынын ескертіп, қоғамдық жұмыстардан қолы босай бермес, дегенмен ол кісінің қызы Лаураның да әйелдер дәрігері екенін айтып, Салтанат екеуі бірлесіп жұмыс істеп кетер деген ойын да білдіріп қойды. Болатқа бізбен бірлесе жұмыс істеп, еркек бедеулігін бірге зерттеп, оның себеп-салдарын анықтау жолдарын бірге қарастыру жөнінде тапсырма да беріп қойды. Өзінің бізді екі қолымен қолдайтынын, андрология жағынан ғылыми жетекші болуға дайын екендігін, бәріміз бірігіп үлкен ғылыми конференция жасайық деп те айтты. Жақсының жанында жүрсең жақсылығы жұғады деген осы да.

Қос бірдей профессордан жақсы сөз естіген біз қиналған сәттерімізді мүлде ұмытып, кәдімгідей қанат бітіп, тіпті ертеңгі күніміздің не боларын да ойымызға алған жоқпыз. Ертесінде Сәуле қарындасымыз Бейнеш ағаның сұхбатын жазып алды. Бұл сұхбатында Бейнеш Жарбосынов ЭКО-ның Қазақстанға келуінің өз тарихы барын, оны кім көрінген емес, өздері бір перзентке зар болып, бедеуліктен арылудың жолын іздестіріп жүріп осы тәсілге жолыққан отбасы мүшелері қолға алып, Дүние жүзі бойынша тәжірибеге енген емдеу тәсілін Қазақстанға алып келулері бұл тәсілге сенімсіздікпен қарап келгендердің сенімін ұлғайтатыны анық екені туралы айтты.

— Бұйыртса, енді бір санаулы айлардан соң Алматының перзентханаларының бірінде құтыда дамыған тұңғыш сәбиіміз өмірге келмек. Өз басым, еркек бедеулігін жиырма жылдан бері зерттеп жүрген ғалым ретінде осы зертханаға ғылыми жетекші болуға белімді бекем буып отырмын. Бұл зертхана маған Салтанат пен Батырдың тартқан сыйы болып отыр. Ал акушерлік-гинекологиялық институты бұл зертханамен бірлесіп жұмыс істеуі тиісті, — дегенді тағы айтты. Бейнеш ағаның бізге берген ақ батасындай болған бұл сұхбат ЭКОМЕД-тің мұрағатында күні бүгінге дейін сақтаулы тұр. ЭКО тәсілінің Қазақстанда ашылуының он бес жылдығына арналған мерейтойында Бейнеш ағаның қызы Мәдина Жарбосынова осы фильмді көріп,

көңілі босаған еді. Мәдина ғана емес, біз де ол кісінің таспаға жазылып алынған сөздерін естіген сайын көңіліміздің қобалжитыны бар. Тау алыстаған сайын биіктей түседі емес пе?! Ең өкініштісі, сол күннен кейін екі айдан соң Бейнеш ағаның үлкен жүрегі мәңгілікке тоқтады.

Өткенге сәл шегініс жасап, аяулы ағаны еске алып кеткеніме оқырман кешіріммен қарайтын шығар деген ойдамын.

Бейнеш ағаның сұхбатынан келгенімізше, Салтанат пен В.М. Здановский бірінші ханым Сара Алпысқызы Назарбаеваның атына Ресей адам ұрпағын өрбіту ассоциациясының атынан хат жазып дайындап қойыпты. Онда лицензия алуға көмек беру жөнінде өтініш айтылыпты. Ол кезде «Бөбек» қайырымдылық қорының жаңадан құрылып, енді ғана белсенді жұмыс істеп жатқан кезі болатын. Хатты апарып хатшысына тапсырдық. Сара Алпысқызының көмекшілерінің бірі кезінде комсомолда қызметтес болған Есет Қосубаев деген жігіт болатын. Аздап сыйластығымыз бар еді, оны көріп кәдімгідей қуанып, бір жұмысымыз біткендей күй кештім. Кешке қарай Бекмахан Сыбанбайұлы мен В.Здановскийді кездестірдім. Ол екеуі тез тіл табысып кетті. Валерий Здановский Бекене де біздің азғантай уақыттың ішінде тындырған жұмыстарымыз туралы тағы да жалықпай әңгімелеп берді. Бұл жолы менің есімімді көбірек атап, әйел адамның осындай қамқоршысы барына қуанатынын жеткізді.

Здановский мырза Салтанат екеуміз үшін жас сәбиге жүруді үйретіп, тәй-тәй бастырған қамқоршы әкедей көрініп кететін. Бас дәрігер мен Ресейдің үлкен маманы бірін-бірі түсінген сияқты, қимай қоштасты. Әуежайға келген соң да маған Бекмахан Сыбанбайұлы жөнінде қайта-қайта жылы сөздер айтып жатты. Бақыттарыңа қарай жақсы адам кездескен екен, енді сендер үшін алаңдамаймын, бірақ, қызғаныштың қызыл шекпенін жамылып алғандар тыныштық бере қояр ма екен, сол жағдай мені көбірек мазалайды деді, әуежайдың екінші қабатындағы үлкен терезеден Алатаудың биік шыңдарына ұзақ қарап тұрып. ЭКО-ны ұйымдастыра жүріп ол кісі дәл осы біздің елдегідей жағдайларды басынан өткермеген болар, сонда да бізге, біздің ЭКО зертханасының ертеңіне деген үмітін үзбей, қанаттандырып, жақсы сөздерімен жігерлендіріп Мәскеуге ұшып кетті. Бұл жолы да жол қаражатын өзі көтерді. Ұлы адамдардың қарапайым, өте кішіпейіл болатындығына осы Валерий Мстиславович арқылы көз жеткізіп едік. Тегін оқытып, тегін іс-тәжірибеден мамандарды өткізіп берді. Осы жақында «Надия» деп аталатын украинның медицина орталығының қызметкері Виктор Веселовскиймен кездесіп қалдым. Ол да Здановскийдің адамгершілігі туралы айтып тауыса алмайтын әңгіме айтты. Пресс-конференцияны өткізіп, кең ауқымды ақпарат таратып үлгерген біздің ендігі мақсатымыз сөзімізге ісімізді сай етіп жұмыс істеу ғана болды. Журналис-


терге көп рахмет, біздің зертхана туралы күн аралатып хабарлар, сұхбаттар жариялап тұрды. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей жақсы хабар ел арасына кең тарап, еліміздің түкпір-түкпірінен Салтанат Байқошқарова деген алтын қолды эмбриологты іздеушілер қатары күн санап арта түсті. Біз туралы жағымды ақпарат таралған сайын кейбіреулердің іші күйіп, саябырсып қалған ыбыр-сыбыр әңгімелеріне қайта көшіп, жандайшаптарын бізге қарай қайтадан айтақтай бастады. Қаптаған тексерушілердің біреуі денсаулық сақтау министрлігінен немесе Алматы қалалық денсаулық сақтау басқармасынан болса ғой үндемес едік, кейде тексерушімін деп келгендердің бірде-біреуінің денсаулық сақтау саласына үш қайнаса сорпасы қосылмайтындардан болатыны жанымызды күйдіретін. Тексерушілер баяғы әні В.М.Здановскийдің орталығы жекеменшік болғандықтан оның берген сертификаты жарамсыз деген әуендеріне қайта салып, мемлекеттік орталық болып саналатын Б.В. Леоновтың орталығынан сертификат алу керек деген талап қоя бастады. Валерий Мстиславовичпен ақылдасып көрдік, ол кісі де таң қалып, егер оқуға Америкаға барсаңыздар, ол жердің сертификаты да жарамайды ғой мына түрімен, ол жақта да медицина орталықтары мемлекеттікі емес, бұл қандай сорақылық, бос әурешілік - деді. Қайтеміз, талап солай болса, амал қанша деген шешімге тоқталып Салтанат пен Татьяна Мәскеуге тағы екі аптаға оқуға аттанды. Борис Васильевич Леонов

мырза болса Салтанатқа аң-таң қалып, «сендердің жұмыстарыңның нәтижесін қазақстандық әріптестерің көрмей ме, неге олардың алдарына зертханаларыңның көмегімен жүкті болған әйелдерді апарып көрсетпейсіңдер? Бұл не деген сұмдық? Здановскийден артық ЭКО тәсілін ешкім жетік білмейтін шығар. Мен де саған сол Здановскийден үйренгенінді үйретемін. Бірақ, сен өзінді дәлелдеген мамансың ғой, менің сертификатымның қажеті де шамалы. Оның үстіне сертификатқа көп ақша төлеуге тура келеді, бұл бос әурешілік және бос шығын болады. Өйткені қазір біздің мақсатымыз ортақ болғанмен тәртібіміз, қолданылатын заңдарымыз бөлек мемлекеттеріміз. Сондықтан менің берген сертификатымды да жарамсыз дейтіндер табылуы мүмкін» деді. Сонда да Салтанат екі апталық оқу үшін екі мың доллар төлеп, Кеңестер Одағы бойынша қолдан ұрықтандыру тәсілі арқылы өмірге келген тұңғыш перзенттердің кіндік әкелері В. Кулаков пен Б.Леонов қол қойған сертификатты алып келді. Салыстырып қарасаңыз, ол кезде Алматыда 1 бөлмелік пәтердің бағасы 3,5-5 мың доллардай болатын. Сонда біз 2 аптаға барып, сертификат алу үшін, Татьяна мен Салтанатқа әрқайсысына 2 мың доллардан 4 мың доллар, яғни, 1 пәтердің құнын жаратыппыз. Оның үстіне барып-қайту жолдары, ол жақта жатын орнына, тамаққа жарататын ақшаны есептесек, одан да екі есе көп қаражат болып шықты. Енді сертификаттың дауы біткен шығар деген кезде,

Салтанаттың мамандығы дәрігер емес, биолог деп тиісу басталды. Енді біз биология мен медицинаның бір-бірімен тығыз байланысты ғылым екендігін Дүние жүзіндегі ЭКО тәсілімен өмірге келген нәрестенің кіндік әкесі, осы ғылыми жаңалықтың авторы ағылшын Роберт Эдвардстың да биолог екенін айтып түсіндіре алмай шаршадық. Леоновтың айтқаны да айнымай келіп, тексерушілер оның берген сертификатын да жарамсыз деп сызып тастады. Олар басқа мемлекет, бізде шаруалары болмасын деп шықты. «Сертификатты Қазақстанда сонда кім беру керек?» деген сұрақпен біраз сенделдік. Акушерлік-гинекологиялық институтта ол кезде ондай бөлім жоқ болғандықтан олардың рұқсат беруге құқы жоқ. Ал қалалық Денсаулық сақтау басқармасының лицензиясы бұрынғы Салтанат жұмыс бастаған қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығына беріліп қойған екен. Бірақ ол жердегі Салтанаттан кейінгі екінші топ енді ғана жұмыстарын бастап жатқан, өздерінде әлі нәтиже жоқ. Тексерушілер Салтанатқа сол орталықтан іс-тәжірибеден өтіп, сертификат алу жөнінде ақыл-кеңес берсе керек. Бұл ұсыныс қытығына қатты тиген Салтанат ЭКО тәсілі бойынша алғашқы маман ретінде менің де басқаларды оқытуға шамам жетеді, ал өзiрге бiреулер бiздiң үстiмiзден шағым жазса ғана келерсiндер, басымды қатырушы болмандар деп тексерушiнi кабинетiнен қуып шығыпты. Мен әкемнiң денсаулығына байланысты ел жаққа жиi

кететінмін. Бұл туралы кейінірек естідім. Әжем марқұм әйел ашуланбасын, ол қаһарланса, тауды қопарып тастайды деп отырушы еді, байқасам, Салтанат сол қаһарына мінген секілді. Қайта Салтанаттың жүйкесі мықты екен. Қаншама қиындыққа төзді десеңізші. Бірде елден келсем, Берден әкеміз келіп отыр екен. Жағдайымызды сұрастыра келіп, былай жүре берсеңдер не берекелерің қалады, Д. Қонаевтың үйінде академик М.Алиевпен талай рет дәмдес болған адамдармыз ғой, алдына барып бір ауыз айтып көрейін, тонымды шешіп алмас деді, әбден шаршаған қалпымызды көрген әкеміз. Елбасының қабылдауына жазылайын тіпті болмаса, өткен жылы Жамбылға келгенде арнайы тоқтап жағдайымды сұраған еді, «жастар – болашағымыз» деп жүрген адам ғой, жаңа бастамаларына қолдау білдіретін шығар деді. Біз оған қарсы болдық. Өзіміз үшін емес, Бекмахан Сыбанбайұлына кесіріміз тиіп кетпеуін тіледік. Әйтеуір, тікелей бағынышты министрлігіміз – Денсаулық сақтау министрінің тарапынан тікелей қудалау көре қойған жоқпыз, күпті көңілімізге ол да болса, үлкен демеу болғандай.

БІР ӨКІНІШ, БІР СҮЙІНІШ



Арпалыс күндермен жүріп уақыттың қалай өткенін де байқамаппыз. Күнтізбені ақтарып отырсақ, 1996 жылдың жаз айының қалай болғанын сезбей қалыппыз. Бұл жыл әсіресе мен үшін өте ауыр болды. Шілденің екісі күні әкем Қаратай алпыс жасында қайтыс болып, кәдімгідей есеңгіреп жүрген едім. Есеңгіремей қайтейін, енді ес біліп, ата-анамызға сүйеу болдық па деген тұста, қорғанышымыздан айырылып қаламыз деп кім ойлаған. Әкем өте қайратты кісі болатын. Өзінің жаны қиналып жатса да, бізді қайраттандырып отыратын. Осы шаруамыздан да хабардар ол кісі Салтанатқа талай рет «Әкең Берден батыр емес пе, батырдың ұрпағысың, қорықпа балам, әлі-ақ елдің ықыласына бөленесің» дейтін. Құдай аузына салса керек, әкемнің қайтысының қырық күндігін өткізудің дайындығымен мен ел жаққа кеткенмін. Анаммен ақылдасып, шақырылатын қонақтар мен

жекжат-жұраттардың тізімін жасап және де басқа да шаруалардың жәйін реттеп жүргенмін. Шілденің отыз бірі күні Алматыдан қуанышты хабар жетті. Біздің орталық арқылы ЭКО жасатқан әйел аман-есен босанып, өмірге айдай сұлу қыз бала әкеліпті. Бұл хабар сол перзентті он жылдан астам уақыт күткен оның ата-анасы мен туыстары үшін ғана емес, біз үшін де үлкен қуаныш, досымызды сүйіндіріп, дұшпандарымызды күйіндірген жақсы хабар болды. Мұны ести салысымен Алматыға қарай құстай ұштым. Келсем, Салтанаттың қуанышында шек жоқ. Жақсы хабардың өзін айта алмай толқып тұр. Мен оны түсіндім. Ол еңбегінің жанғанына, елге деген ақ тілеуінің қабыл болғанына, өзін сынап келген қиындықтардың барлығының кейінде қалғанына қуанып тұр еді. Ол күн біздің кішкентай орталығымыз үшін ұлы той еді, айналдырған төрт-бесеуіміз жұмыста айқайлап ән айтып, ішпесек те қуаныштан мас болдық. Келген пациенттеріміз бізбен бірге қуанды. Ол өмір бойы естен кетпес күн болды. Еш ойланбастан баспасөз арқылы қазақы дәстүрмен дүркіретіп құтыда дамып, ана жатырында өрбіген тұңғыш перзентіміздің өмірге келгенін жариялап сүйінші сұраған хабарларды жариялап жібердік. Жақсыға жақын жүретін журналистерге рахмет, бізден артық қуанып, жақсы жаңалықты жаһанға жария етті. Ертесінде баспасөз мәслихатын өткізіп, телекамералар мен дыбыс жазбаларының құрсауында қалдық. Менің де көңілім көтеріліп,

әкем марқұмның батасының қабыл болғанына риза болдым. Зертханадағы эмбриолог бір өзі ғана болғандықтан Салтанат әкемнің қайтыс болғанына қырық күн толуына байланысты берілген ауылдағы асқа қатыса да алмады. Әкемнің асына жиналған жұрттың біразы біздің жаңалықтан хабардар екен, әкем туралы айта келіп, сөз арасына бізді де қосып, ақ баталарын беріп жатты. Мен елдің осы алғыс-баталарын естіп тұрып, әкем айтқандай ісіміздің адал, ақ екендігіне және көпшілік зәру болып жүрген сауапты мәселемен айналысып, одан нәтиже шығара білгендігімізге анық көз жеткіздім. Ауылда жүргенде Салтанат хабарласты. Даусы біртүрлі кобалжып тұрғандай сезілді. Жүрегім зу ете түсті. Шынымды айтсам, өмірге келген нәрестеге бірдене болған екен ғой деп ойлады. Сөйтсем, Салтанатқа ол кездегі Премьер-министрдің орынбасары Иманғали Тасмағамбетовтың өзі телефон соғыпты. Иманғали Нұрғалиұлы баспасөз арқылы біздің зертханада болған жаңалықты естіп, жеңісімізге өзінің ризашылығын білдіріп, құтыдағы тұңғыш сәбидің өмірге келуімен құттықтап, Абай атамыздың 150 жылдық мерейтойын өткізген соң, уақыт тауып, зертханаға арнайы соғып, жағдайымен танысатынын жеткізіпті. Иә, бұл біздің зертханамыздың атқарылған жұмысына И.Тасмағамбетов жоғары билік тарапынан берілген ең алғашқы жоғары баға еді. Иманғали басшы ретінде ғана емес, азамат ретінде де өзіндік ұстанымы мықты азаматтардың бірі ғой,

сол оқиғадан кейін Имекенді ең жақын туысымыздай көріп кеттік. Тіпті біреу келіп бастарынды шабамын десе де Иманғали сынды азаматтар тұрғанда бізге еш қорқыныш жоқтай көрінетін. Жақсының шарапаты тиді дегенде ата-бабаларымыз жақсы адамдардың осындай риясыз адал пиғылын айтатын шығар. Біз осы зертхананы ашу барысында қуанышымыз бен аяқтан шалушыларымыздың қатар жүретініне көзіміз де көңіліміз де әбден үйреніп қалған еді. Салтанат осы жолы да маған қуандырып тұрып, тағы бір ренішті жағдайдың орын алғанын айтып қалды. Сөйтсек, баяғы басшысы қазақстандық ЭКО-ның тұңғышы өмірге келді деген хабарды бірінші болып жариялаған орыс тілді басылым редакторының да хабарды жазған журналисттің де шаңын әбден қағыпты. Түзету беріндер деген көрінеді. Салтанатты телефон арқылы болса да сабырға шақырып, амандық болса таңертең Алматыға жететінімді айттым. Әйтеуір жолымыз болып, айтқан уақытта Алматыда болдым. Айтқан уақытында журналист те келіп жетті. Жап-жас екен, бірақ жастығына қарамастан Салтанат екеумізді бірден жерден алып, жерге сала бастады. Мінезі өте қиын екен, мен «Казахстанская правданың» журналисі Жанна Ойшыбаевамын деп бізді ұнатпай, өзін қысқаша таныстырды. «Жұртты осындай жалған ақпаратпен алдауға бола ма екен, бұл жаңалық шындық болса, мені сол босанған әйелмен жолықтырыңыздар, мен оны өз көзіммен көріп,

сөйлесуім қажет» деді тыққтап. Татьяна мен Салтанатты алып, журналисті ертіп, перзентханаға келдік. Жолда мен журналистке босанып жатқан әйелдің мамандығының зангер екендігін айтып, сөйлесуге келіспеуі де мүмкін екендігін ескерткен болдым. Оны құлағына да ілмеген журналисіміз перзентхананың бас дәрігерімен сөйлесіп, босанып жатқан әйелдің палатасына кіріп кетті. Сырттағы бізде маза жоқ. Жарты сағаттай уақыт өткенде іштен журналист қыз шығып келді. Бағанағыдай емес, өңі жылып, сыртта тұрған үшеумізге жылы қабақ танытып, бізді құттықтап жатыр. Журналистің қаһарының қайтқанына қуанған біз де дәрігерлердің ескертпелеріне қарамастан ішке қарай кіріп кеттік. Мен ол әйелді танымаймын, Татьяна, Салтанат үшеуі бірін-бірі құшақтап беттерінен сүйіп, жылап жатыр. Анасының жанындағы кішкентай ғана медициналық қол арбада жатқан нәрестені көргенде өн бойымды бір діріл соғып өткендей болды. Ішімнен «біз сені көп күттік, енді бағымызға қарай аман болып, сонынан еретіндер саны көбейсін» деген тілегімді айтып үлгердім. Еңбегіміздің алғашқы жеңісіне ризашылығымды білдіріп, Татьяна мен Салтанатты құттықтадым. Танауымды тағы да сонау алыста қалып бара жатқан жөргек иісі қытықтады. Құдайға шүкір, міне талай жыл сәби үніне зар болған бір шаңырақта енді сәбидің уілі естіліп, төрінде ойыншығы шашылып жататын болады. Адам баласы үшін перзентінен қымбат байлық жоқ шығар.

Босанған әйел де ағынан жарылып, әңгімесін айтып жатыр.

– Тура эмбрион салардың алдында Салтанат Берденқызы күйеуіміз екеумізді зертханаға кіргізіп, стерильді киім кигізіп, болашақ сәбилеріңізді көргілеріңіз келе ме, бірақ тез көріңіздер, олар жаурап қалады деп инкубатордан алып, микроскоп арқылы эмбриондарды көрсеткенде екеуміз көзімізге жас алған едік. Бірақ жатырыма салынған сол ұрықтан осындай сүйкімді сәби жетіліп, өмірге келетініне сенбеген едім. Мен балам алғаш қозғалғанша табиғаттың бұл таңғажайып оқиғасына сенбегенімді жасырмаймын. Сіздерге көп рахмет. Қолдарыңыз жеңіл, шипалы екен деп,- алғысын ақтарды.


Осы кітабымның басында Қытайдың әуежайынан көрген сұлу қызымыз осы алғашқы нәресте болатын. Ал Здановскийдің былтырғы мен барған Сочи конференциясында маңдай терімізді бағалап, өзгелердің алдында мәртебемізді биіктетіп, мерейімізді асқақтата сөз сөйлеуі осы жаңалықтың арқасы еді. ЭКО-дағы тұңғышымыз өмірге келгенде бірінші болып жеделхат жолдағандардың бірі сол Валерий Мстиславович Здановский мырза болатын.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші, ЭКО тәсілі арқылы тұңғыш нәрестенің өмірге келуі біздің еліміз үшін ғана емес, тәлімгеріміз әрі осы саладағы алғашқы ұстазымыз болған Ресей ғалымдары мен Орта Азия мемлекеттері үшін үлкен ғылыми жаңалық болып жатты. Құтты болсын

айтқан жеделхаттардың астында қалдық. Соның бірталайын оқып үлгермей жатқанымызда, еліміздің орыс тілінде шығатын бас басылымында үлкен мақала жарияланып, онда ЭКО тәсілі жөнінде, біздің зертхананың жұмысы жайындағы мамандардың пікірлері жарияланыпты. «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық та жерге кіріп кетеді» деген емес пе, жоғарыдағы «көкелерінің» айқайы адами қасиеттерден, адамның адал еңбегін бағалаудан артық көрінсе керек, барлығының пікірі бір арнаға тоғысып, рұқсат лицензиясы жоқ болғандықтан ЭКО тәсілімен айналысуларына құқықтары жоқ деген ортақ пікірге тоқталыпты. Соның ішіндегі ең салмақтысы белгілі академик ағамыздікі болыпты. Бұл біз үшін ауыр соққыдан кем болған жоқ. Қарап отырсақ, шағын ғана зертханаға осынша адамның жабылып, оның көзге көрініп тұрған еңбегін жоққа шығаруға ұмтылғандарынан өткен қиянат болсын ба?! Бірақ, жағдайды түсіне білген адамдар біздің жағымызда екендігін білдіріп, адамгершілік тұрғыдан қолдау көрсетіп жатты. Ең бастысы, адамдардың бізге деген сенімін ешбір «дәудің» пікірі өзгерте қойған жоқ. Мен күні бүгінге дейін жоғарыдағы биліктің ұршығын иіріп отырғандарға жаққандардың тасының өрге домалап, тағы жоғарылай түсетінін түсінбей келемін. Бәлкім, бұл да отбасынан берілетін тәрбие деген тәнірден жететін қасиеттердің бірі шығар. Дегенмен, менің де, Салтанаттың да ата-анасы адалдықтан басқа тәсілді бойымызға дарыта қоймапты. Қазір

биікте тұрсақ та, сол тәсілден айныған емеспіз. Әйтеуір көзіміздің жеткені — болмайтын бір іс-шаралар үшін миллиондап қаржы шашатындардың біздің арзымайтын тірлігімізге құртша үймелейтіндерге, бізді жоқ етуге бар күшін сала «қызмет» еткендерге таңырқаудан басқа амалымыз жоқ еді. Татьяна мен Салтанаттың тағы да күйзелісті сағаттары басталды. Татьянаны бұрынғы басшысы біреулер арқылы өзіне шақырып, мазасын ала бастады. Тіпті «аман тұрғанында қайтадан өзімізге кел, біз сені кешіреміз» деген сипаттағы әңгімелер айта бастапты. Оған Татьяна «мені кешіретіндей мен қылмыскер емеспін. Ешқайда бармаймын. Осы жерде жұмыс істеймін. Не көрсем де Салтанатпен бірге көремін» деп оларды қайтарып тастапты. Татьяна ісіне қандай жауапты болса, адамгершілік қарым-қатынастарда да мінезі тұрақты, жауапкершілігі мықты адам екен. Қасында жүрген адамдардың қандай екендігін осындай басына іс түсіп, қиналған сәттерде білесің, бірақ біз төңірегімізде жүрген адамдардың көбінің өзімізге адал екендігін білдік. Салтанат, Татьяна, Айнаш үшеуі қорқып-үркіп жүргенде мен ондай жағдайларды басымнан кешіре қойған жоқпын. Бәлкім, медицинадан көп хабарым жоқ болғандықтан шығар. Менің сол көзсіз батырлығым шығар, ЭКОМЕД-ті тұншықтырмай аман сақтап, қазіргі деңгейге жеткізген деп қазір ойлап қоямын.

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ



ендеміз ғой, кейде жанымызда жүрген жақсылардың қадірін білмей жатамыз. Әр тарау сайын жалықпай жақсылардың шарапаты туралы айтып жатсам, оқырман мені кешірер. Өйткені, біздің ЭКОМЕД орталығының қазіргі деңгейге жетуінде сол жақсылардың да қолтаңбасы мен ерен еңбектері бар. Сол кездегі бастықтар халыққа тым жақын болған секілді. Қашан барсаң да, есіктері ашық, хатшыдан кім келіп тұр, не шаруасы бар екен? деп сұрап, бос болса болды қабылдай беретін. Қазір бастық тұрмақ, хатшы қыздардың тергеуінен арыға аса алмай сол мекеменің босағасынан кері қайтып жатамыз ғой. Кейде маған халыққа жақын басшылар кенес дәуірінің мұрағатымен бірге кеткендей көрініп тұрады. Біздің Совминнің ауруханасының шаңырағында еркін жүруіміз де Бекмахан Сыбанбайұлы сынды ел жақсыларының арқасы екендігін еш уақытта ұмытпаймыз. Бұдан кейінгі ұмытылмас ағаларымыздың бірі де, бірегейі

бола білген сол кездегі Денсаулық сақтау министрінің орынбасары қызметін атқарған Аман Дүйсекеев пен Айқан Ақанов еді. Орталық басылымда жарық көрген мақаладан кейін біздің еңбегімізді бағалайды-ау дегендерден араша сұрауымыз тағы басталды. Сондай күндердің бірінде Аман Дүйсекеевке бардым. Ол кісі біздің жағдайымыздан хабардар екендігін, бұл жөнінде Ана мен бала денсаулығын қорғау институтының директоры Нина Әмірқызымен телефон арқылы сөйлескенін айтып, сол кісімен ақылдасу туралы кеңес берді. Хабарласып қойдым деген соң ертесінде институтқа келдім. Мен кабинетіне кіргенде, институт директоры әлдебір құжаттарды аударыстырып қарап отыр екен, өзімді таныстыра бергенім сол еді, алдындағы қағаздан басын жұлып алып, «Батыр, әлде Батырхановпысың?» деп тық ете қалғаны. Анамдай кісінің таныспай жатып адамды селқос қабылдауы намысымды келтірді. Мен де қырсықтың бірімін. «Батырхановыңызды танымаймын, мен Батырмын» дедім. «Түсінікті. Энергетик Батыр Қаратайұлы сіз, ал Батырханов малшаруашылығының өкілі, ал сіздің әйеліңіз Салтанат биолог, медицинаға үш қайнаса сорпаларыңыз қосылмайтын сіздер не істеп жүргендеріңізді білесіздер ме? ЭКО кез келген баланың қолына ұстата салатын қуыршақ емес. Ал сендердің кесірлеріңнен, міне, «Казахстанская правда» газетіне түсініктеме жазып отырмын. Осы уақытқа дейін бірде-бір жерде ЭКО туралы ғылыми конференциялар өткізілмеген, қолымызда

не ғылыми негізделген баяндама, ол жөнінде кеңейтіліп жазылған мақалалар да жоқ. Соған карамастан елді шулатып, құтыда ұрықтандырылған тұңғыш баланы өмірге әкелдік деп әлемге жар салып жүрсіндер. Өздеріңе қарсы жазылған мақалаларды да оқымайсындар ғой деймін. Біле білсендер, бұл үлкен жауапкершілікті талап ететін маңызды іс. Ал сендер...» Бұдан әрі тыңдап тұруға шыдамым жетпеді. Мен наурыз айында мәскеулік ғалым В.М. Здановскиймен осында келгенімді, үлкен ғылыми конференция өткізгенімізді, оған академик Б.Жарбосыновтың қатысып, жұмысымызға жоғары баға бергенін, ғылыми жетекші болуға келіскенін, өкінішке орай ол кісінің қайтыс болып кеткенін және Кравцова арқылы айтып жіберген өтінішімді тағы қайталап айтып шықтым. Зертханамыздың көрінген жерде емес, Совминнің ауруханасында орналасқанын, қажет болса зертхананы осы институтқа көшірейік, Лаура мен Салтанат осы тәсіл бойынша бірлесіп жұмыс істесін» дедім. Нина Әмірқызы болса, қызы Лаураның қазір кандидаттық диссертация қорғауға дайындалып жатқанын, оған ЭКО-мен айналысуға уақытының жетпейтінін және Бейнеш Жарбосыновтың өмірде жоғын айтып қалды. Әйтсе де мен Нина Әмірқызының сөзінің астарынан медицинадағы жақын досы, әріптесі Бейнеші тірі болғанда жағдай басқаша болар ма еді, ең болмаса, ғылыми тұрғыда қолдау білдіруі мүмкін еді дегенді сезінгендей, шаруам шешіліп, Каюповамен жарасы-

мды келісімге келмесем де осы жерде тағы бір үміттің сәулесі жылт еткендей көрінді. Сол жылдары қалалық Перинатальды орталық құрылып, оған директор болып Зәуреш Аманжолова тағайындалғанын естіген едік. Салтанат екеуміз ақылдаса келе, жетекші болу жөніндегі ұсынысымызды Зәуреш Жұманәліқызы Аманжоловаға айтып көруді жөн көрдік. Жасы бізбен қатар Зәуреш бізді жақсы қарсы алып, зертханамыздың жұмысынан да хабардар екендігін айта келіп, бізге өзіне тән батыл мінезімен барлық жағдайды ашық айтып, ғылыми жетекші болуға акушер-гинеколог, профессор Әдебиет Раисованың лайықты екендігін атап өтті. Әдебиет Темірболатқызы кандидаттық, докторлық диссертациясын Мәскеудегі ана мен бала денсаулығын қорғау институтында қорғағанын, сонымен қатар, академик В.И. Кулаков секілді гинекология саласының белгілі тұлғаларын танитынын да айтып берді. Әдебиет Раисова осы Перинатальды орталықтағы медицина институтының акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі екен. Арада бірер күн өткен соң мен Әдебиет Раисовамен таныстым. Қазақ айтатын нағыз ақылына көркі сай сымбатты әйел екен. Әңгімемді асықпай тындап болып, бір реті келгенде зертханаға келіп, жұмыс барысымен, ондағы мамандармен танысып қайтатынын, қалғанын содан кейін көре жататынын айтып мені өте жылы қабақпен қабылдап, шығарып салды.

Сергелденде жүргенде адамның жылы сөзінің өзі кәдімгідей қуаттандырып жіберетіні бар ғой, Әдебиет Темірболатқызының жан-жақтылығы, осы тәсіл туралы көбірек білетіні, айтқан жылы сөздері мені қанаттандырғандай болып, зертханаға көңілді оралдым. Жан-дүниемдегі өзгерістерді қас-қабағымнан танытын Салтанат менің көңілді кейпімді көргенде, кәдімгідей жадырай түсті. Арада көп уақыт өткен жоқ, Әдебиет Темірболатқызы уәдесінде тұрып, қасында профессор Иван Павлович Коркан бар екеуі ескертпестен зертханаға келді. Зертхананы аралап, кейбір зертханалық талдаулармен танысып көрді. Пункция жасайтын жерімізді, инкубаторымызды көрді. Салтанат пен Татьянамен әңгімелесті. Ол екеуі біраз сасқалақтап қалды. Қайтсін енді, Мәскеудің В.М.Здановский секілді мықтыларынан кейінгі өзіміздің мықтыларды бірінші рет көрулері ғой. Әдебиет Темірболатқызы мамандардың бұл сасқалақтауын өз жұмыстарына деген жауапкершіліктері деп бағалап, зертханада атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді. Тексерушілердің тергеуінен әбден шаршаған Салтанат пен Татьяна қос профессордың өздеріне деген оң қабағын байқаған соң ақтарыла бір сөйледі. Барлық жағдайларды бүге-шігесіне дейін қалдырмай айтып берді. Емделуге келіп жүргендердің денсаулығы туралы кітапшалармен таныстырды. ЭКО-ға қатысты критерийлер баяндалды. Лицензия мәселесі де

назардан тыс қалған жоқ. Оны да айтты. Кетерінде Әдебиет Раисова зертхана туралы оң көзқараста екенін байқатты. Екі профессордың бұл пікірі зертхана қызметкерлерін тағы да жігерлендіріп, баспасөз беттеріндегі соққыларға мән берместен, жұмыстарын жалғастыра берді. Айтқыш қазакемнің «қорқақты қуа берсең батыр болады» деген мәтелі тағы бар емес пе, сол қудаланып жүріп батыр болып алғандардың бірі мен шығармын. Бір күні ешкіммен ақылдаспастан, жұрттың үрейін ұшырып, дес бермей жүрген «мықты» академиктің алдынан бір-ақ шықтым. Бір жағынан, бәлкім, бұл дақпырт шығар, шаш ал десе бас алатын әдеттеріміздің бірі болар, не болса да өз көзіммен көрейін деген де ойым болды. Бұл батырлығыма академиктің теледидар арқылы берілген сұхбатының да әсері бар болатын. Сол сұхбатында академик қазақ вальсінің королі, атақты сазгер Шәмші Қалдаяқовқа қолдау көрсетіп, арнайы қор құрып, оған өзі басшылық жасап, сазгердің шығармашылығын қайта жаңғыртуды қолға алып жатқаны жөнінде айтқан болатын. Сол кезде маған өнерге, әнге жақын адамның соншалықты қатал болуы мүмкін емес шығар деген ой келген еді. Осында жетелеп әкелген батырлығыма себеп болған да ол кісі жайындағы сол жақсы ойым еді. Келсем, хатшы қыз отыр екен. Аты-жөнімді айтқаным сол-ақ екен, академик дәл мені күтіп отырғандай көп кідіртпей ішке кіргізді. Ішке кіріп амандастым. Түксиген қабағы тас түйелі академик амандасты ма,

жоқ па, білмеймін, отырыңыз дегендей болған соң, алдындағы жылтыр үстелдің жақтауына жақын орналасқан былғарыдан жасалған креслоға жайғаса кеттім. Мен отыра бергенде ол кісі үстіндегі костюмін шешіп, креслосының басына іле салып сыртқа шығып кетті. Төңірегіме көз жүгіртіп көрсем, кабинетінде біраз ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін заттар, майлы бояумен салынған тарихи суреттер ілулі тұр екен. Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі. Отырар қаласының орны салынған суреттер көзіме оттай басылды. Үш биіміз ол тұр. Бұл көріністер менің көңілімдегі күдіктерді сейілтіп, сөз шіркіннің бұзбайтын қамалы жоқ қой, дәл біз ойлағандай қатал кісі емес сияқты деп ой түйіп қойдым тағы да. Он минуттай отырдым ғой деймін, бір мезетте есік ашылып, ол кісі ішке кірді. Артынан Тамара Жүсіпалиева ілесе кірді. Мына жігітті танысың ба? – деп сұрады Тамарадан. Екеуміз сөзін аяқтап біткенше сөз таластырып үлгердік. Үлкен кісі дереу екеумізді тыйып тастады да, телефонның тұтқасын көтеріп, зілді дауыспен, «Аман Дүйсекеұлы, сіздер ЭКО туралы бұйрықты тым созып жібердіңдер ғой дей беріп еді, ар жақтан «дайын» деген дауыс естілді. Телефон тұтқасын қойып жатып, маған көз қиығын қадай қарап, Тамараға бұрылып, бұйрық дайын, барып алындар, лицензия сен басқаратын «Адам ұрпағын өрбіту» орталығы мен институтқа ғана берілді. Ғылыми жетекшілерің өзім боламын» - деді, осымен бітті дегендей үнсіз қалды.

Мен де үндеместен, қалай ілтипатпен кірдім, сол ілтипатыммен қош айтысып шығып кеттім. «Жігері құм болды» деп осындай жағдайды айтатын шығар, үлкен үмітпен келіп, басым салбырап, үлкен оқымыстының алдынан амалым таусылып шықтым. Бірақ та ол кісінің алдында болғанымды, ондағы көрген-білгенімді жан баласына айтқан емеспін. Ал оны сіздерден жасырғым келген жоқ. Өйткені, менің оқырманым, менің емделушілерім өздерінің ата-аналық тағдырына дәнекер болып жүрген ЭКОМЕД-інің кешегі тағдыры туралы шындықты білгендерін жөн көрдім. Сол оқиғадан кейін біраз күн өз-өзіме келе алмай жүрдім. Бір күні Бекмахан Құралбаев шақырды. Мен ол кісінің неге шақырғанын айтпай жатып-ақ түсіндім. Сөйтсем, академик бір кісінің денсаулығы жайлы консилиумға келгенде бас дәрігерге арнайы кіріп өз тапсырмасын айтып кетіпті. Бекең Салтанатты шақырып алып айтуға батпай мені шақыртыпты. Ол кісіге рахметтен басқа айтарымыз жоқ. Бізбен бірге қиналып, бізбен бірге талай сынақты бастан өткерді. Тексерушілердің де, Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерінің де сұрақтарына жауап берді. Тіпті Құралбаев біздерден үлес талап етеді екен деген өсек-әңгімеге де ілікті. Бекмахан ағаның орнында таяздау біреу болса, бізді баяғыда-ақ басқа жаққа кетіндер дейтін еді. Ал ол кісі аяғына дейін бізбен бірге бола білді. Рахметімді айтып кетіп бара жатыр едім, өзінің қалжыңбастығына салып, «Өй, сенің түрің бұзылып кетті ғой, саған бір жа-

ғымды жаңалық айтайын. Маған бүгін Президенттің көмекшісі хабарласты. Қарындасы сендерде емделіп жүр екен ғой, соны ЭКО бағдарламасына ендірсе деген өтінішін білдіріп жатыр, оған қалай қарайсың? Маған өтініш айтпайды, бұйрық береді, ал сендерге өтініш айтады ғой. Мен көмекшіге сендердің жағдайларың туралы түгел баяндап бердім. Бір көмегі болып қалар» деді менің көңілімді көтеретін себеп тапқанына қуанғандай. «Жыртық үйдің құдайы бар» деген емес пе, солай болса солай шығар» дедім де, мен тез шығып кеттім. Келген бетте қыздарға барлық жағдайды айтып бердім. Сөйтіп біз жұмысымызды тоқтатуға мәжбүр болдық. Әкем марқұм халықтан биік сыншы жоқ, сені жақсы ететін де, жаман қылатын да — халық деп отырушы еді. Жақсылығымызды халық біледі екен. ЭКО зертханасының жұмысы тоқтады дегенді естіген жұртта маза болған жоқ. Әсіресе, бедеуліктің зарын тартқан жас жұбайлар ең қымбат заттарын жоғалтқандай жан-жаққа хабарласып, қолдан келген көмектерін көрсететіндерін білдіріп жатты. Біз жұрттың осы тілек-ниетіне қуандық. Соны сынық көңілімізге дәнекер ете білдік.

Бір күні Дарико апай мен Ескендір ағамыз келіпті. Біздің жұмысымыздағы жағдайлардың барлығынан хабардар көрінеді. «Салтанат, айналайын, папаңмен талай рет Дінмұхамед Қонаев ағамыздың үйінде бірге қонақта болған едік. Өте тамаша жан. Еңселеріңді түсірмендерші, ағаң

екеуміз сендердің көңілдерінді көтеруге келдік. Қане, ән салып, би билейік» дейді Дарико жеңгей жарқылдап. Мұндайда қуанбасаң, қайда қуанасың, рахметімізді айтып, ризашылығымызды білдірдік. Жастайымнан бауыр болып кеткен Сәдуақасовтар отбасынан көрген жақсылығымызды да ұмытпаймыз. Талғат досым туралы әңгіме тым бөлек десем де болады. Ол үйдегі аяулы анамыз ер мінезді Күләйдің көп баласының бірі болып кеткендеймін. Ал Талғат досымның інісі Алмастың бізге деген ықыласы айрықша еді. «Айя» фирмасын дүркіретіп тұрған кездері ғой, қаражат керек бола қалса, банктен несие алатындай болып жетіп баратынбыз. Есепшілері Жәмила – Евгения Әбденқызы ақша қажет десек болды, жоқ деместен керек қаражатымызды тауып беретін. Алмас ініміз «Айяны» ашқан кезде оның тұсаукесеріне Елбасымыздың өзі келіп қатысқан болатын. Осы Алмастың анасы Күләй апамыз ғой, шенеуніктердің сырғытпа сөздерінен әбден шаршағандықтан, кішкентай Алмас пен Ғабитті жетектеп Қонаевтың қортежін тоқтатып, жағдайы баяндалған хатты Дінмұхамед Ахметұлының өз қолына тапсырған. Оның қасында менің академикке барғаным не дейсіз тәйірі?! Жүніміз жығылып жүрген бір күні, бізге жұмысқа нөкерлерімен Алмас келіп тұр. Ол келген бетте Испанияда Елбасыға көмекшісі біздің жағдайымызды айтқанын, ЭКО-дан бала туғаны туралы салған факсымызды

Елбасына көрсеткенін айтты. Елбасының «біздің ауруханада орналасқан екен ғой, реті келсе кіріп шығу керек екен. Елге қажет орталық екен» дегеніне дейін айтып бергенде, біз сенер-сенбесімізді білмей дағдарып қалған едік. Бәріне ұйытқы болған Тимур деген жігіт еді. «Бөбек» қорының атына жазған хатымызды да біледі екен. Арада бір апта өткенде Алмас хабарласты. Есет Қосубаевпен сөйлесіпті. «Бөбек» қорының кезекті жиналысы болып жатқанын, Ханыммен кеңесу үшін бір адамның келгенін, жиналыстың күн тәртібіне ЭКО мәселесінің ендірілгенін де айтты. Біз сенер-сенбесімізді білмей тағы аң-таң қалдық. Бір аптадан кейін Алмас хабарласып, Сара Алпысқызының келе алмайтынын жеткізді. Өзімізден көп қайыр болмайтынын сезгендей біз қыркүйек айында тағы да В.М. Здановскиймен ақылдасып, Б.В. Леоновты бас эксперт ретінде Алматыға шақырдық. Б.В. Леонов Здановский секілді қарапайым кісі емес, Алматыға келу үшін бірталай шартын қойды. «Кісідегінің кілті аспанда» дегендей, оның айтқан шарттарын түгел орындауға келістік. Жақсы ұшақпен ұшып келді. Жақсы қонақүйге жайғасты. Ол кездері қонақүйлерде ертеңгілік ас берілмейтіндіктен, мәскеулік қонағымды үйге ертеңгі шәйға шақырдым. Есікті Сырым ашты. Бір бөлме «Смирнов» арағының қоймасы еді. Түнде ғана екі «КамАЗдан» түсірген «Смирновтың» иісі аңқып тұр. Қонақтан ұялып та қалдым. Бірақ,

кәсіпкерлікпен айналысатынымды, оның ішінде арақ-шарап тасымалдайтынымды жасырған жоқпын. Көпті көрген Леонов мені қоштайтынын аңғартты. ЭКО деп шапқылаған күнімізден бастап бізбен таныс Б.В.Леонов маған «Батыр Қаратайұлы, қаржысы жеткілікті бизнесіңіз бар екен. Астыңызда әлі ешкімнің қолы жете бермейтін көлік, басыңызда мынандай зәулім баспана бар сізге қиындығы көп ЭКО неге керек болды сонша? Мен сізге бұрын да ескерткенмін, бұл сала күнделікті ақша құйылып жататын табыс көзі емес. Керісінше, өзіңізден көп шығынды талап ететін, қиындығы көп, жауабы жоқ, жан қинайтын сала. Өзіңіз де осы аз уақыттың ішінде көз жеткізген боларсыз, оның жемісін ұзағырақ күтуге тура келеді. Оның үстіне ЭКО туралы қарапайым халық түгілі, академиктеріңіздің түсінігі әлі толық қалыптаса қоймаған сіздің елде мұны алға жылжыту мүмкін болмайтын шығар. Болашағы да болмауы мүмкін. Сондықтан ойланып, сізді медицина қатты қызықтырып тұрса ЭКО-дан жеңілдеу халыққа күнделікті қажет бір саласын таңдағандарыңыз дұрыс шығар. Бұл сізді қорқытқаным болмасын, осы жолдан өткен маман ретінде айтып отырған ақыл-кеңесім деп қабылдағаныңыз дұрыс» деді. Мен кәдімгідей ойланып қалдым. Біздің жасап жүрген тірлігіміз бен іс-әрекеттеріміз ол кісіге Дон Кихоттың әрекеттеріне ұқсап кеткендей көрінсе керек. Бірақ мен қазақта «шешінген судан тайынбас» деген мақал барын айтып, енді кейін

шегінетін амалдың жоқтығын айтып не де болса, осы саланы қалағанымызды, оның өзі басымыздан өткерген бедеулікпен байланысты екенін жеткіздім. Шәйімізді ішіп, жайбарақаттанып зертханаға келсек, жұмыста айқай-шу болып жатыр екен. Бізде емделіп, кезекті пункция жасатқан бір келіншекте жатырдан тыс жүктілік орын алып, ол біздің үстімізден шағым жазыпты. Сол шағым бойынша кезекті тексерушілер келген екен. Жатырдан тыс жүктіліктің табиғи жолмен жасалған қатынас кезінде де пайда болатын патология екенін біле тұра, министрлік пен денсаулық сақтау басқармасындағылар өре түрегеліп, тексеріп, ақ-қарасын анықтауға келген көрінеді. Баяғы шырылдап, өздерін жалған жалалардан арашалай алмай жүрген Татьяна мен Салтанат. Тексеруге келгендерге ЭКО бағдарламасын тоқтатқандары жөнінде, ал қазір осы бағдарламаға алдын-ала ендірілген және бедеуліктің салдарынан ем алып жүрген әйелдердің емдеу шараларын жалғастырып жатқандарын баяндап түсініктеме жазып беріпті. Біздің келіп қалғанымыз мұндай жақсы болар ма, Денсаулық сақтау министрлігінен келген Сәуле Ғалымқызы мен оның жанындағы қосымша тексерушілер зертханамызға Б.В. Леонов секілді осы саланың мықтысы келетінін күтпегендерін білдіріп, енді өздері сасқалақтай бастады. Мен Сәуле Ғалымқызын көргенде көңілім бірден орнына түсті. Өйткені, министрліктегі бізге оң көзбен қарайтындардың қатарында осы Сәуле

Ғалымқызы Нукушева бар болатын. Б.В. Леонов Сәуле Ғалымқызын мұқият тыңдап болған соң мамандардың жұмысымен жан-жақты танысып, осы уақыт аралығында емделіп, осы емнің нәтижесінде жүкті болғандар мен ЭКО арқылы өмірге келген нәрестелердің денсаулық ахуалына, қазіргі кезде жүкті болу бақытына қол жеткізген әйелдермен тілдесіп көрулері жөнінде кеңес беріп, өзі қасына министрліктен келген Сәуле Ғалымқызы бастаған өкілдерді ертіп зертхананы аралауға кірісті. Жұмысымызға тағар мін таппаған олар пункция, яғни операция жасалатын жерде жарық түсіретін шам жоқ дегенді сылтауратқысы келіп еді, оған Б.В. Леонов ол жерге күн сәулесі мол түсетіндіктен жарықтандырудың орнына ол бөлменің терезелерін қараңғылау қажеттілігін ескертті. Қараңғыламаса, ультра дыбыстық зерттеу кезінде фолликулдардың көрінбей қалуы мүмкін деді. Содан кейін Борис Васильевич пен Сәуле Ғалымқызы шағым-арыз жазған әйелмен сөйлесіп, жатырдан тыс жүктіліктің кез келген әйелдің басында кездесуі мүмкін болатын жағдай екенін айтып, қайта емделіп күтінсе қайта жүкті болуға болатынын түсіндіріп, басу айтты. Борис Васильевичтің Мәскеуден келдім дегені ол әйелдің сенімін арттыра түскендей болып, қайтадан ем алатынын, орталықтың дәрігерлерінің емделушілерге деген қамқорлықтарының өзіне ұнайтынын жеткізді. Арыз жаза отырып, жақсы пікір де айта білген әлгі әйелге біз де риза болып қалдық.

Тексерушілер тексеру қорытындысы бойынша анықтамаларын жазып, оны Борис Васильевичке көрсетті. Сәуле Ғалымқызы анықтамаға Б.В. Леоновтың тексеру барысында бас эксперт ретінде қатысқанын жазып қойыпты. Анықтаманы алып, үшеуіміз – Сәуле Ғалымқызы, Борис Васильевич Бекмахан Құралбаевқа кірдік. Жазылған анықтаманы көрсеттік. Б.В.Леоновты таныстырдық. Бекен ол кісімен сырттай таныс екендігін жеткізіп, ол кісіге біздің жағдайды айтып кетті. «Мұндай адамдарға көмектесуіміз қажет, бірақ өзіңіз көріп тұрғандай керісінше көмектесудің орнына күнде тексеріп, қудалаумен жүрміз. Бұлардың қолынан адамға көмектесу келмесе, дәрігерлері біліксіз болса осынша халық келмес еді бұл жерге. Мен де рұқсат етпес едім. Талай адамның жылап келіп, қуанып кетіп жатқанын көзіммен көріп отырып, тасада бұғып отырғым да келмейді. Бірақ...» деді де, айтқысы келген сөзін жұтып қойып, Бекен министрліктің әлі күнге дейін бұйрық шығармай отырғанын жеткізді. Б.В. Леонов Бекеннен аурухананың жанынан орын бергеніңізге қарағанда, сіздің өз көздегеніңіз бар шығар? деп сұрап қалды. Борис Васильевичтің ішкі ойын тез түсіне қойған Бекен; «ЭКОМЕД-тен бас аурудан басқа пайда көрген емеспін, саяси жағынан да ұтылып жатырмын. Мен тек мына жаңашыл жастарды аяймын, жаңа технологияларын қолдаймын, басқа түк те емес» деді. Б.В. Леонов Бекмахан Құралбаевқа риза болып, ол кісіні менен

бұрын кешкі асқа шақырды. Кешке мейрамханада бас қостық. Б.В. Леонов алдын-ала айрықша тамаққа, құрбақаның етіне тапсырыс беріп қойған. Дайын екен. Таң қалып, бұл астан Сырым екеуіміз де ауыз тидік. Бекен мен Борис Васильевичтің әңгімелері жараса түсті. ЭКО жайында, оның болашағы, бүгінгі ахуалы жайында айтып, қазіргі жастар арасында бедеулік дертінің кең етек жайып бара жатқандығына екеуі аландаушылықтарын білдірді. Жастардың ұстанымы өзгеріп, экологиялық ахуал қиындап тұрған қазіргі заманда ЭКО тәсілінің денсаулық сақтау саласының ажырамас бір бөлшегі болатынын, әлі-ақ мемлекеттің бұл салаға көбірек бүйрек бұратын кезеңі келетінін де айтып қалды. Қазір қарап отырсақ, сол екі профессордың айтқаны келді. Қазіргі статистика үйленген жастардың 15-18 пайызының бедеулік дертінен зардап шегіп, ата-ана болу бақытына қол жеткізе алмай жүргендігін айтып, дабыл қағып жатса, Денсаулық сақтау министрлігі ЭКО бағдарламасына арнайы квота қарастырып, ата-ана атанғысы келген жастарға қамқорлық көрсетіп жатыр. Мемлекеттің ЭКО бағдарламасына қолдау білдіріп, оны мемлекеттік деңгейдегі мәселе ретінде қарастыруы біз үшін үлкен жетістік деп бағалаймыз және бұл істе біздің ЭКОМЕД орталығының еңбегі зор дегенді дауыстап айта аламын. Себебі, Салтанат Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық

комиссияның мүшесі ретінде бұл мәселені биік мінбелерден де айтудан жалыққан емес. Сәл шегініс жасап кеттім-ау деймін, айтпақшы, сол күннің ертесінде біз Б. В. Леонов мырза, Салтанат үшеүміз Денсаулық сақтау министрлігіне бардық. Біз қабылдау бөлмесінде тұрған едік, Нина Әмірқызы келді. Амандасты да ішке кіріп кетті. Ол шыққан соң біз кірдік. Ол кезде Денсаулық сақтау министрі Василий Николаевич Девятко еді. Бекер обалы не, қазақтың ортасында өскендігін көрсетіп, қонақжайлылық танытып бізді өте жылы қабылдады. «Жүзі жылыдан түнілме» дегенді құлағына құйып өскен мен Василий Николаевичтің қалпынан іштей жақсылық күтіп отырдым. Демек, бізге лицензия берілетін болған ғой, деп қоямын, ішімнен өзімше тон пішіп. Борис Леонов пен Василий Девятконың да әңгімесі жараса кетті. Министр болса да ЭКО бағдарламасы туралы көп біле бермейтінін жасырмаған Василий Николаевич Борис Васильевичтен бұл тәсіл жөнінде біраз мәліметтер алды. Салтанат үшеуі электронды санағышты алып, әлденелерді есептеп, бала туу жасындағы әйелдер мен еркектердің қанша пайызының бедеулік дертінен зардап шегіп жүргенін, қанша пайызында осы дерттің кездесетінін есептеп шығарды. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының деректерін, әлем дәрігерлерінің, оның ішінде халқының саны көп деп есептелетін Қытайдың өзі ЭКО бағдарламасына қызығушылық танытып отырғанын айта келіп, Б.В. Леонов біздің

зертханамызға, ондағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға айрықша тоқталды. Салтанатқа көбірек тоқталып, оның дәл қазіргі жағдайда Қазақстандағы №1 ЭКО маманы ғана емес, қолы жеңіл, мықты да білікті эмбриолог екендігіне тоқталды. В.М. Здановский екеуінің Салтанатпен Сочиде танысқандарын, Салтанаттың өздерінің өте талапты, ізденімпаз шәкірттері болғанын, Салтанаттың қолында Мәскеудегі екі мықты ЭКО орталығының да сертификаттары бар екендігін айта келіп, ендігі лицензия беру сіздердің құзырларыңыздағы шаруа дегенді астарлап жеткізді. Министрге түсінікті болсын деген ниетпен ЭКО-ның медицина ғылымындағы ең соңғы жаңалықтардың бірі екендігін, алдағы уақытта бұл салаға деген сұраныс артпаса, кемімейтінін айтып, Қазақстанда бірінші болып қанат қағып отырған ЭКО тәсіліне қолдау қажеттілігін меңзеді. Біздің министрдің өзін мұқият тыңдап отырғанына риза болған Борис Васильевич тіпті қызып кетіп, қазақстандық әріптестері тарапынан қарсылық болмаса, Президенттің Іс жүргізу басқармасына қарасты ауруханасының базасында орналасқан зертханаға В. М. Здановский екеуінің ғылыми жетекші болуға қарсы еместігін де жасырған жоқ. Жүрекке жеткен деген әңгіме осындай-ақ болсын, жалғыз баласының мүддесін қорғап отырғандай бар жан-тәнімен ЭКО-ның жырын ақтарып берді. Бірақ, естімеймін деген құлақ, көрмеймін деген көз қанша жақсылықты жеткізсеңіз де селт етпейді екен. Василий

Николаевич лицензия бермесе де, «жарайсындар жастар, өз каражаттарына, өздерің ізденіп жүріп жұртқа қажетті сауапты шаруаны қолға алған екенсіңдер» деп арқамыздан қақса, риза болар едік. Өкінішке орай, жылы-жылы сөйлегенмен, қаһарын артына сақтап отырыпты. Бізге рахмет айтпақ түгілі, біздің бұл шаруа бойынша үлкендермен ақылдаспағанымызды, онымен қоймай елдің мүйізі қарағайдай академигін ренжітіп, әріптестеріміздің жолын кестіндер, – деді. Жұмыс бастамас бұрын медицинаның ақсақалдарына барып, аға, апа, сіздердің аттарыңызбен байланысты етіп бастайық, қолдауларыңызды сұраймыз деп алдарынан өтулерің керек еді. Біздің шығыстық әдебімізге бұларын үйлеспейді деп, әр халықтың ешбір заңдарымызда көрсетілмеген өздерінің салт-дәстүрлеріне сай заңдары барын түсіндіре келе, бұл мәселеде қолынан келер көмегі жоғын білдіріп, бізді шығарып салды. Бағанағы көңіл-күй төгіліп, қайтадан еңсеміз төмен түсті. Өзіміз үшін емес, сонау жер түбінен нәтижелі іс тындырып жатыр ғой, соларға қолұшын берейік, көмектесейік деп келген Борис Васильевичтен, күнде телефон соғып, біздің жағдайымызды бағдарлап отырған Здановскийден ұялдық. Салтанат та қатты түніліп кеткендей. Бізді осы бір жайсыз сәттен Борис Васильевич құтқарып кетті. Ол кісі министрдің кабинетінің сыртындағы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі деген жазуға қайта үніліп, біз қателесіп басқа кабинетке

кіріп кеттік пе десем, нағыз өздеріңнің бастықтарына кірген екенбіз ғой, «министр деп осыны айт» деді біртүрлі мысқылды үнмен. Біз оған қарап езу тартқан болдық. Сыртқа шыққанша үшеуміз де үн қатқан жоқпыз. Көлікке отырғанда барып Б.В.Леонов «Иә, уақыт қалай өзгереді, осындай тұрғынсыз шаруа бүтін бір министрдің кабинетінде шешілмесе, медицинаның бағы ашыла қоймас. Мұндай орындарға шенеуніктің шекпенін кигендерді емес, адамдардың жағдайына дұрыс қарайтын адамдарды, мысалы сендер орналасқан «Совминнің» ауруханасының бас дәрігері Бекмахан секілді адамдарды қою керек қой, бірақ, жігіттер бұл сіз бен біз шешетін шаруа емес екендігі түсінікті, өз шаруамызға орайлайық. Халық қолдап тұрғанда тек алға ұмытылуды ойландар. Конференция өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бұл саланы көбірек насихаттай беру керек. Содан кейін пара бергенше, бара бер дегендей басшыларға тыныштық бермендер. Құдайға шүкір, өмірге келіп жатқан перзенттерің бар. Осы зертхана арқылы жүкті болып, сәбилі болған ата-аналармен сөйлесіп, олар туралы да ақпараттар беріп тұрыңдар. Ең бастысы, қиын кезендердің барлығы артта қалды. Ал енді алға ұмтылу, осы саладағы өздеріңнің еңбектеріңді қорғап, оның игілігін жұртқа көрсету өз қолдарыңда» деп Борис Васильевич ЭКО тәсілінің ХХІ ғасырдағы бедеулік дертіне қарсы күрестің, Жаратқанның перзент сүюді кешеуілдетіп, оған зар болып жүргендерді жұбатуға

дәнекер болатын тәсіл болатынын, бұл сала бойынша бәсекелес клиникалардың да пайда болатынын, бірақ солардың арасындағы шоқтығы биігі Қазақстанға осы тәсілді әкелген алғашқы бастамашылар – сендердің шоқтықтарың биік болады, тек салдарыңды суға кетірмей ізденіп, тек алға жүрудің жолын ғана іздестіріңдер. Сендер секілді жаңашыл, бастамашыл жастарының бар болғаны үшін әлі-ақ бүгін кеуделеріңнен кері итеріп, түсінбеушіліктерге жол беріп отырғандар сендерге рахмет айтады, – деп ақжол тілегендей болып кетіп еді. Бұл пікірлерін сол жолы «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Жанна Ойшыбаеваға берген сұхбатында да ашық айтып, дүйім жұрттың алдында мәртебемізді бір көтеріп кетіп еді. Осыдан кейін ЭКО зертханасы екі жылға дейін жұмысын тоқтатып тұрды. Дейтұрғанмен ондағы құрал-жабдықтарымызды бедеуліктің бастапқы кезеңіндегілерді, ем-шаралар арқылы емдеуге болатын әйелдерді емдеу-сауықтыру жұмыстарына пайдалана білдік. Ел арасында жақсылық деген жақсы нәрсе жатпайды емес пе, оның үстіне ақпарат құралдарының ықпалы бар біздің зертхананы іздеушілер сонау Атырау, Алтайдан емес шет елдерден де іздеп келе бастады. Мәскеудің өзінен Салтанат Байқошқарованың клиникасы деп іздеп келгендерді көргенде жайбарақат жатудың жоғын түсініп, зертхананы қайта ашудың жолдарын қарастыруға кірісіп кеттім. Мен болсам, қолы бос адаммын. Өзі әр нәрсенің сәтін келтірер сәтті

сағаттарды күтумен жүре бердім. Тығырықтан шығар жол іздеп жүрген осындай кездерде институтта бірге оқыған курстасым Мұрат Құрманғалиев жолыға кетті. Ол кезде жұрттың көзі ашық, көкірегі ашық, газет-журналдан көз алмайтын кездері. Біздің зертхана туралы ЭКО бағдарламасы жөнінде біраз мәліметтері барын білдіріп, оның қажеттілігін айтып кәдімгідей мені қуантып тастады. Інісінің сол кездегі Үкімет басшысы Әкежан Қажыкелдиннің көмекшісі екендігін, ол кісінің әйелінің мамандығы акушер-гинеколог екендігін, соны жұмысқа шақырып көру жөніндегі ұсынысын қоса айтты. Мен қуанып, оның ұсынысын қолдай кетіп едім, бірақ ол кісі де академиктің аты-жөнін естігенде ат-тонын ала қашты. Қажыкелдиннен де қайран болмайтынына көзім жетіп, кабинетімде енді не істесем екен, қайда, кімге барып жолықсақ екен деп ой теңізін кешіп, терең ой құшағында отырғанымда Салтанат телефон шалып, өзіне шақырды. Тағы не болып қалды деп барсам, қасында бір жігіт бар сөйлесіп отыр екен. Амандасып, жөн сұрастырдым. Жас жігіт бізді іздеп Қырғызстаннан келіпті. Уролог-дәрігер екен, бізден осы тәсілдің жолдарын, емдеу шараларының жолдарын үйреніп, іс-тәжірибеден өтуге өтініш білдіре келіпті. Оны Қазақстанға арнайы жіберген Қырғызстанның Денсаулық министрі болғанымен негізгі бастамашы өзінің әкесі осы елдегі белгілі уролог, медицина ғылымының докторы, профессор Ж. Мәмедәлиев екен. Ол кісі медицина универси-


тетінде кафедра меңгерушісі болып жұмыс істейтін көрінеді. Ал Қырғызстанның сол уақыттағы Денсаулық сақтау министрі бізге келіп отырған Асқарбектің әкесінің медициналық институтта бірге оқыған досы болып шықты. Сонау жер түбінен жақсыны көрсем, үйренсем деп келген қонағымыздан сырымызды жасырмадық. Үйретуден қашпайтынымызды, тіпті қажет болып жатса оқыту іс-тәжірибелік орталық ашуға дайын екенімізді, бірақ оған дәл қазір мүмкіндік бермей отырғанын айттық. Асқарбек Қазақстаннан кетіп қалған мықты кардиохирург Жошыбаевты жақсы танитын болып шықты. «Сіздердің министрліктеріңіздің мықты мамандардың санын көбейтудің орнына олардың жұмыс істеулеріне кедергі келтіріп, басқа жаққа кетулеріне мәжбүр ететіндері қызық екен. Сонда да Жошыбаевты іздеп баратындардың жолын ешкім кесе алған жоқ. Жыл сайын қаншама қазақстандықтар Қырғызстанға келіп жүректеріне ота жасатып қайтады. Сіздер де ЭКО орталығын Қырғызстаннан ашыңыздар деген ұсынысын білдірді. Мен ойланбастан көне кеттім. Салтанатқа айтып көріп едім, ол да онша қарсы еместігін білдіріп қалды. Татьяна болса вахталық әдіспен жұмыс істеудің жоспарын жасап үлгеріпті. Мамандығым дәрігер болғанда көп ойланбастан Қырғыз жаққа көшімді бастап кетіп қалар едім, бірақ осынша адаммен бірден келісімге келіп кетіп қалу оңайға түскен жоқ. Ертесінде Әдебиет Раисоваға барып осы ойымды жеткіздім. Ол кісі де

бізге бұл жерде жұмыс істете қоймайтынына көз жеткізсе керек, көп ешнәрсе айтқан жоқ. Бішкектегі акушерлік-гинекологиялық институттан таныс тауып беріңізші деп едім, Мәскеуде бірге оқыған курстасы, медициналық университетте кафедра меңгерушісі болып жұмыс істейтін Қарабек Шаршенов деген профессорға хат жазып берді. Телефонын білмейді екен. Қ. Шаршеновтің аты-жөні жазылған қағазды алып, сапарға шықтым. Бішкек соншалықты үлкен қала емес қой, Шаршеновті шаршамай тез тауып алдым. Оны тез табуыма Асқарбек Мәмедәлиевтің де көмегі болды. Баспасөздің соншалықты қуатты құрал екендігіне сонда анық көз жеткіздім. Біз жөнінде көп нәрсені біледі екен. Жалғыз бізде ғана емес, Қырғызстанда да бардың қадірін білмейтіндердің кездесіп қалатынын, ЭКО тәсіліне Мәскеуде жүргенде қызығушылық танытқанымен оны жүргізетін мамандар болмағандықтан қолға алмағанын айтты. Ал бізді толық қолдағанмен күндердің күнінде Қырғызстанның денсаулық сақтау министрлігі келісім бергенмен, Қазақстан жағы бұл мәселеге қарсы шығуы мүмкін екендігін жасырмады. Дегенмен жолдарын қарастырып, министрліктегі әйелдер мен балалар денсаулығына жауапты мамандармен сөйлесіп көруге уәде берді. Оның уәделі сәтін күтетінімді білдіріп, Алматыға келген соң Бекмахан Сыбанбайұлына кіріп барлық жағдайды айтып көріп едім, ол кісі бұл асығыс шешім қабылдайтын мәселе

еместігін түсіндіріп, көбіне шыдадыңдар ғой, әлі де қабырғаларыңмен кеңесіп ойланып көріңдер. ЭКО деген Азия елдеріне келіп жатқан жаңалық, Қырғызстанда бұл сала өркендеп кете қояр деп ойламаймын, бірақ, соңғы шешім өздерінде, дегенмен, менің айтар ақылым әлі де әліптің артын баға тұрыңдар деді. Аға дегендер осындай болса ғой дейсің, бірақ, Бекен сияқты інілеріне сүйеу болатындар қазір сиреп барады. Бекен білгендей айтыпты. Бішкекке де біздің Алматыдан хабар барып, бізден аулақ жүруді ұсынған көрінеді. Қырғызстанға сөйтіп көшпейтін болдық. Жыртық үйді төңірегіндегілердің ықыласы мен қамқорлығы да жылытатын көрінеді. Біз орныға алмай қиналып жүргенде адамдар өздері ізденіп, сөзіміз өтеді-ау деген жерлердің барлығына хат жазып, өтініштерін жолдап жатыпты. Денсаулық сақтау министрлігі мен Президент аппаратының, Үкімет кеңсесінің, Денсаулық сақтау министрлігінің пошталарын жан-жақтағы әйелдерден келген хаттар басып қалып жатты. Тіпті біздің орталықтың көмегімен жүкті болып, сәбилі болғандар балаларының суреттерін де жолдап, өздері секілді бала сүю арманы болып жүрген әйелдер үшін, отбасының бүтіндігін сақтап қалу үшін де ЭКО тәсілінің қажеттілігі жөнінде жазылған кейбір хаттарды оқығанда өзіміз де қатты толқитынбыз. Бірақ ол хаттардың да жауабы жоқ болатын. Бірде тағы осы мәселе бойынша іссапарға кетсем, Жезқазған облысының денсаулық сақтау

басқармасының басшысы Төлебай Қосиябекұлы Рахыпбеков Алматыға жиналысқа келіп, Салтанатпен жолығыпты. Біздің әлі күнге дейін лицензия ала алмай жүргенімізді естіп таң қалып, бұл деген сендерге жасалып отырған үлкен қиянат қой, лицензияны өзім-ақ жазып беремін деп жанашырлық танытып, Жезқазғанға көшіп келу жөнінде ұсыныс айтыпты. Тіпті арнайы санитарлық ұшақпен көшіріп алып кетейін депті. Жезқазғандағы облыстық аурухана жаңадан пайдаланылуға берілген болатын. Бірақ, Қырғызстанға көшу туралы ойлары жүзеге аспай қалған қыздар ол кісінің ұсынысынан үлкен рахмет айтып, бас тартыпты. Сол кезде ол кісінің батырлығына, жаңашылдығына, заманауи сауаттылығына қайран қалдық. Кейін де Төлеубай Қосиябекұлы жағдайымызды сұрап хабарласып тұрды. Өзінің ауруханасында істейтін, Қарағандының медициналық институтының түлегі, мамандығы акушер-гинеколог Гүлнар Өтепова деген маманын бізге іс-тәжірибе үйренуге жіберді. Төлеубай Қосиябекұлының бұл бізге білдірген үлкен сенімі деп бағаладық.

КӨРГЕНІ ЖАҚСЫ КӨШ БАСТАР



езінде Мәскеудегі В.И.Кулаков басқаратын Ресей медицина ғылымдарының академиясына қарасты Акушерлік-гинекологиялық институтта он бес жылдай қызмет атқарып, ғылыми жұмыстарын осы институт қабырғасында жүріп жазып, қорғаған Әдебиет Темірболатқызы да ЭКО тәсілінің қажеттілігін жақсы түсінетін. Сол үшін де біздің сөзімізді сөйлеп, қамқорлап жүретін. Бірде Әдебиет Раисовамен жолығып қалдым. Ол кісі өзі де менімен хабарласқалы жүрген көрінеді. Жақында академик кісімен телефон арқылы сөйлескенін айтып, бір реті келгенде кіріп шығайық деді. Мен ол кісіден көңілім әбден қалып қойғанын айтып, мүмкіндік болса, өзінің ғана кіріп шығуын өтіндім. Академикке телефон соғып едік, жұмысында екен. Ертеңгі күнді кеш қылғанды ұнатпайтын Ә. Раисова академикке кіріп кетті. Мен сыртта қалдым. Арада көп уақыт өткен жоқ, Әдебиет Темірболатқызы келді.

«Тістің үккенін тіл біледі» деген емес пе, ол кісінің жүзінен-ақ істің мәнін түсінгендей болдым. Ол кісі менен шылым сұрады. Мен үнсіз өзім шегіп жүрген жеңіл шылымның бір талын қолына ұстаттым. Әдебиет Темірболатқызының шылымды шиыра тартып, терең ойға шомғанынан-ақ бұл қадамымыздың да қайраны бола қоймағанын түсіндім. ЭКО зертханасының жұмысын тоқтатып тұрғаны Салтанаттың жанына көбірек батты. Енді қайтсін, бөбегіндей мәпелеп, түн ұйқысын төрт бөліп жүріп істеген жұмысы емес пе? Министрлік лицензия берген Алматыдағы екі орталықтың жұмысынан хабарымыз болмады. Дегенмен, құлағымызды түріп, қандай жаңалық жасап жатыр екен деп баспасөз беттерін шолып қоятынбыз. Бірақ, олар тым-тырыс көрінді. Акушерлік институтта зертхана ашыла қоймапты. Салтанатқа қараған сайын менің де жаным ауырып, оған көмектесудің жолын іздестіре бастаймын. Адам қиналып, тіпті ақыл сұрар адамын таппаған кезде ол ақыл-кеңесті кітаптан іздейтініне көз жеткіздім. Сондай сәттерімнің бірінде Д.А.Қонаевтың естелік мемуары қолыма түсті. Өлгі кітапты бір түнде оқып шықтым десем өтірік болмас. Маған қатты әсер етті. Ол кісі де қиянаттың көкесін көргенін ашық жазыпты. Сонда ол кісі аяулы жары Зухра жеңгеміздің ақылы, адамгершілік қасиеттері көп сүйеу болғанын айта келіп, жігіттерге жар таңдауда кателеспеу туралы кеңес береді. Жар сүйіп, отбасын құру адамға өмірде бір-ақ рет

берілетін тағдыр сыйы екенін айтқан ұлы кісі әйел адамды қадірлей білуді ер азаматтарға көбірек табыстайды. Мені де тағдырым жар тандаудан жаңылыстыра қойған жоқ. Жаны нәзік, үнемі адамдарға жақсылық жасауға асығып тұратын, өзге десе, тіпті, өзінің де жағдайын есінен шығарып қолұшын беріп жүретін Салтанатқа жәрдем бере алмасам кім болғаным? Осы ойға бекінген мен жаңа жоспарларымды іштей жобалап жүргенмін. Бір күні Сырым екеуміз үйге қайтып келе жатқанбыз. Енді Достық пен Шевченко көшесінің қиылысындағы бағдар шамнан өте бергенім сол еді, біреу маған дабыл бергендей болды. Қоймай дабыл қаққышын басып келе жатқан кім болды екен деп жаныма қарасам, менімен қатарлас бұрын Мәскеу аудандық комсомол комитетінде қызмет істеген Әбдіғали Бегманов екен. Екі езуі екі құлағына жетіп кеткен. Көлігінің терезесінен басын шығарып «Батыр, сүйіншілерінді дайындай беріндер, лицензия алатын күнің туды. Қырымбек Көшербаев министр болып келіп жатыр. Кешке хабарласам»,— деді де БМВ-сін зулатып өте шықты. Бір ауыз жақсы сөздің құдыретін қойсаңызшы, үйге жетуге, бұл сүйінші хабарды Салтанатқа жеткізуге асықтым. Үйге жеткенше, ішіме сыймай бара жатқан қуанышымды әлі еш нәрседен хабары жоқ оннан енді асқан Сырымға айтып жатырмын. Мәре-сәре болып баламыз екеуміз үйге келдік. Біздің жақсы көңіл-күйде келгенімізді аңғарған Салтанат бұл ненің қуанышы

дегендей бізге қарап қалыпты. Мен естіген жаңалығымды айтып жатырмын. Әйтсе де министр дегендерден жүрегі шайылып қалған ол бұл хабарға дәл мен сияқты елпілдеп соншалықты қуана қойған жоқ. Дейтұрғанмен, Қырымбек жайында жұрттың пікірінің жаман еместігін білетінін айтып, оны да көрейік дегендей, құттықтап шыққанымыздың жөн екендігін айтты. Кешке мен ЭКОМЕД-тің тағдырын, біздің жағдайымызды жақсы білетін Талғат досыма телефон соқтым. Ол да қуана келісті. Осыған дейін министр біткенге арыз айтып кіретін басым, енді министрге қызметіңіз құтты болсын деп кіру біртүрлі екен. Не істерімді білмей састым. Біреуге шаруамды шешіп берші деп сыйлық беріп көрмеген басым, қатты састым. Сасқанымнан Талғатқа қандай сыйлық алайын деп ақылдасып қайта телефон соғып едім ол мені тыйып тастады. Ертесінде кешкі сегіздер шамасында Талғат екеуміз Жамбыл атындағы көшеде орналасқан министрлікке келдік. Келсек, оның қабылдау бөлмесінде сол кездегі еліміздегі ең алғашқы медициналық сақтандыру қорының төрағасы Талапкер Иманбаев пен хатшы қыздан басқа ешкім көрінбейді. Біз хатшы қызбен келісе алмай тұрғанда кабинеттен министрдің көмекшісі шығып, сіздер кіріңіздер деп екеумізді мензеді. Сөйтсек, Қырымбек Елеуұлы іштегі монитор арқылы Талғат екеуміздің келіп тұрғанымызды көріпті. Қырымбек Елеуұлы креслосынан көтеріліп, бізге қарай жақындап қолымызды алып амандасып,

жағдайымызды сұрап жатыр. Қарапайымдылық пен кішіпейілділіктің өзі адамның ең үлкен қасиеті болса керек. Оның министр болдым деп шіренбей, өзіне жақын тарта сөйлеу менің бойымдағы кешелі бергі министрлер туралы жағымсыз пікірлерімнен біржола арылтып жіберді. Сөйтіп тұрғанымда Қырымбек Елеуұлы төтесінен «хатыңды әкелдің бе?» деп сұрады. Менің хат әкелгенімді қайдан біліп қойды дегендей сасқалақтап, кеше Салтанат жазып берген хатты папкамнан шығарып қолына бердім. Тез көз жүгіртіп оқып шықты да, хатшы қызды шақыртып хатты тіркеуді және бұдан былай халық игілігіне қатысты жазылған хаттарды тек өзіне әкеліп тұруды тапсырды. «Батыр, бұл шаруадан хабардармын. Халыққа керек болып жатса, оған деген сұраныс болса, неге тежеуге тиістіміз. Келер аптада уақыт тауып зертхананы барып көрейін, жұмыстарыңмен танысайын. ЭКО тәсілі арқылы өмірге әкелген тұңғыштарыңды көрейін» деді. «Ал лицензия алу жағын уайымдамандар, аласыңдар. Тек маған мәскеулік мамандардың сендердің зертхананың жұмысы жайында берген қорытындыларын және осы зертхана ашылғалы бергі нәтижелердің қорытындысын жеткізіп берсендер болғаны. Толық танысып шығуым керек қой» деді. Бұл біздің көптен бергі мемлекеттік қызметкерлер тарапынан естіген ең алғашқы жылы сөзіміз еді. Талғат қалжыңбас «Мен сенің орнында болсам, Қырымбекке иілер едім» — деп, менің қолымнан ұстап тартып қояды.

Басымызды идірмей-ақ шаруамыздың шешілетінін айтқан министрдің іс білетіндігіне ішім жылып, министрліктің ғимаратынан аяғыммен емес, қанат біткендей болып, көңіл шіркіннің қуанған кезде алып ұшар көк дөненіне мініп алып ұшып шыққандай болдым. Сол күннен бастап менің жұмыс орным өзгеріп кетті десем де болады. Олай дейтінім, Қырымбек Көшербаев келемін деп уәде берген соң нақты қай күні келетінін білгім келіп «Қазақойлда» қызмет істейтін Талғат досымның жанынан күніге табыламын. Оның бастығы жоқ кезде Елтаңбасы бар салмақты телефон тұтқасын көтеріп, Қырымбек Көшербаевтың көмекшісіне хабарласып қоямыз. Зертханада министрді қарсы алуға дайындық басталып кеткен. Бір нәрсе істеу үшін үш шоқып, бір қарап үйренген Салтанаттың тағы тыныштығы кетті. Мейірбикелеріміз Айнаш пен Мәдина да тыным көрген жоқ. Ламинар шкафтары мен инкубаторды сүрткіштеп әлек. Мәскеудегі Александр Залетовтан сатып әкелген алғашқы ультра-дыбыстық тексеру аппаратына Татьяна адам жолатпайды. Совминнің ауруханасындағы дипломатиялық корпусының бір қанатын түгел жайлап алған зертханамыз сырт қараған адамға әжептәуір болып көрінеді. Бір оншақты күннен кейін министрдің көмекшісі телефон соғып, министрдің келетінін хабарлады. Оны күтіп алатын адамдармен өзім хабарласамын, алаң болмаңыздар деген соң біз министрді өз тарапымыздан күтіп алудың

дайындығына кірісіп кеттік. ЭКО тәсілі арқылы тұңғыш баланы өмірге әкелген отбасын, одан кейін де бізде балалы болған аналарды балаларымен келулерін өтіндік. Адамның адамға жасаған жақсылығы басыңа іс түскен осындай шақтарда алдыңнан шығып жатса, соның өзіне шүкіршілік етеді екенсің. Хабарласқан емделушілеріміздің барлығы келеміз, қажет десеңіздер министрге бар жағдайды өзіміз айтып береміз десіп жатты. Айтқан күні Қырымбек Елеуұлы қасында С. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университетінің қазіргі ректоры Айқын Аканов, қазіргі таңда елімізге еңбек сіңірген қоғам қайраткері атанған Президент жанындағы Әйелдер кеңесінің төрайымы Нина Каюпова, бізге жанашырлық танытып, көмек қолын соза білген Сәуле Ғалымқызы Нукушева және «Совмин» ауруханасы бас дәрігерінің орынбасарлары, гинекология бөлімінің мамандары, министрдің өзінің екі орынбасары және бізге бейтаныстау тағы екі адамы бар Қырымбек Елеуұлы келді. Келген бетте күтіп тұрған адамдармен амандасып, кішкентай балалардың қолынан алып зертханаға қарай беттеді. Зертханаға кірген бетте әңгімені ет қызуымен мен бастап кетіппін. Аздан соң асығыстық танытқаным үшін кешірім сұрап, сөз кезегін Салтанаттың өзіне бердім. Салтанат байыпты қалпын өзгертпестен баптап сөйлеп, зертхананы, ондағы әрбір құрал-жабдықтардың атқаратын қызметтеріне тоқталып, осындай ғажайып жабдықтар

мен медицина ғылымындағы жана тәсіл арқылы жарық дүние есігін ашып, ата-аналарын тәтті қылықтарымен сүйсіндіріп жүрген сәбилер мен олардың ата-аналарымен таныстырды. Келгендер «ЭКО арқылы өмірге келген балалар қандай болады екен?» дегендей сәбилерге ұрлана көз тастап қояды. Ал балалардың ойында еш нәрсе жоқ асыр салып ойнап жүр. Қырымбек Елеуұлы Салтанат таныстырған Қазақстандағы ЭКО-ның тұңғышының ата-анасының қасына келіп, сүйкімді қыздың мандайынан сыйпап тұрып, Нина Әмірқызына қарата, «Нина Әмірқызы, ЭКО саласы қазір белең алып келе жатқан бизнестің жана түрі ме әлде халыққа керек игілікті әрі сауабы мол істің бірі ме? Бірақ, мен бедеулікті емдеудің аурудың қай түрін болсын емдеуге қарағанда өте күрделі екендігін жақсы түсінемін. Тіс ауырса, жұлып алып тастауға болады, соқырішек болса, ота жасап алып тастайсың. Ал бедеулікке, әйел неге бала көтере алмай жүр деген сұрақтың жауабын табу, менің неге балам болмай жүр деген жап-жас әйелге оның мән-жайын айтып түсіндіру өте қиын. Шындыққа жүгінсек, перзент сүю Алланың бұйрығымен болатын тағдыр сыйы. Алла сол бақытты бұйыртқан жандарға ғана ЭКО дәнекер бола алады. Батырдың бағана сөз арасында бедеулік қасіретінің нақты жауабы жоқ дүниеге, тағдырдың шешімі табыла қоймаған жұмбағына балауы тегін емес. Ал сол жұмбағы көп саланы қолға алып жүргендердің бұл қадамын игілікті іс деуімізге бола ма?» деп Нина

Әмірқызынан жауап күтіп тұрғанын байқатты. Нина Әмірқызы да бізді қолдайтын кейіп танытып, еш саспастан «жауабы неге болмасын, мына алдыңызда жүгіріп жүрген нәрестелер мен ана болу бақытына ие болған бақытты аналар осы еңбектің нәтижесі. Бұл саланың баласы жоқ отбасыларына тигізетін көмегі үлкен» деді. Менің де күткен жауабым осы дегендей Қырымбек Елеуұлы төңірегіндегілерге көз жүгіртіп өтіп, төрт көздеріңіз түгел тұрғанда айтайын, мен Денсаулық саласына жауапты министр ретінде айтайын, Салтанат Берденқызы Байқошқарова басқарып отырған мына ЭКОМЕД орталығына лицензия беру туралы бұйрыққа қол қойып, оларға лицензия берілсін деген шешім қабылдадым деп бірнеше жылдарға созылған сергелденімізге біржола нүкте қойып берді. Маған қарап «Батыр, саған айтарым, сен басқару ісінде тәжірибең мол, комсомол ұйымы деген үлкен мектептен өткен әрі қазіргі заманның да тынысын дер кезінде аңғарып бизнестің тізгінін ұстап жүрген азаматсың. Қазір бізге істің көзін білетін, ұйымдастыруға аса қабілетті заманауи менеджерлер жетіспей жатыр. Сені де өз бұйрығыммен осы ЭКОМЕД орталығының бас менеджері, бас директоры етіп сайлаймын деп әзілге сүйеген болып үлкен жауапкершілік жүктеп кеткені бар. Сол күннен бастап мен әлі күнге дейін өзімді Қ. Көшербаев тағайындап кеткен директормын дегенді мақтанышпен айтып келемін. Салтанатқа да жақсы сөздерін арнап, оны академик Нәйла Базанова

секілді қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш биолог қыздарға теңеп, бастаған ісіне сәттілік тіледі. Жиналған жұрт алдында «мынау адамға берілген үлкен бақыт қой, сені қолдап, өзіңмен бірге жан аянбай еңбек етіп жүрген ұжымыңның еңбегінің жемісі» деп анасының алдына ойнап отырған баланың маңдайынан сипап, барлығымызбен қоштасып шығып кетті. Министрдің келуін күтіп жиналғандардың барлығы Салтанатты орталарына алып, оны кезек-кезек бетінен сүйіп құшақтап, құттықтап жатты. Министрдің қадамы бізге ғана емес, көптен бұл жөнінде іштеріндегі пікірлерін айта алмай жүрген мамандарға да ақжолтай болып, ЭКО тәсілі төңірегіндегі «мұздақтың сеңі» бұзылды. Қабағы бізге қырын болып жүрген Нина апамыз «Адам ұрпағын өрбіту жөніндегі үйлестіру кеңесін» құрып, ЭКО төңірегіндегі ой-пікірлерді дамытып, оны кеңінен қолдануға болатыны жөніндегі қорытынды пікірге келді. Сәтін салайын десе бәрі ретімен шешіле береді екен, сол жылы Денсаулық сақтау комитетінің басшысы болып, Т. Рахыпбеков келіп, біздің жұмысымыздың дөңгелегі алға жылжи бастады. Салтанат екеуіміздің бедеулік деген қасіреттен соңғы тағы бір қасірет ЭКО-ны түсінбеушілерден арылып, алдағы күндерімізге құлшына кірістік. Ол еңбегіміздің бүгінгі жемісі қазіргі күні көпшілікке аян. ЭКОМЕД-тің жетістігі туралы бүгінде Қазақстан жұрты ғана емес, алыс-жақын шет ел азаматтары да жақсы біледі. Қазір біздің орталық

арқылы өмірге келген сәбилеріміз Америкада, Канадада, Германияда, Түркия, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Украина және де басқа бірқатар елдің төрінде асыр салып шапқылап жүр. Олардың туған күндері сайын бізге жолдаған хаттары мен суреттері алтын қорымыздағы ең қымбат дүниелердің бірі саналады.

Иә, қазекем «көргені жақсы көш бастайды» деген сөзін осындай халқына жақын, соның мұң-мұқтажына көбірек көңіл бөлетін Қырымбек Елеуұлы сынды ел азаматтарына қарап айтса керек. Қырымбек барған жердің барлығы жайнап шыға келетін. Батыс елінің қимай шығарып салып, Сыр елінің туған ұлын қуана қарсы алуы Қырымбек Көшербаевтың көшелі елдің перзенті екендігінің дәлелі екендігі даусыз. Тегі жақсының бойынан сол тектіліктің қасиеті білініп тұрады. Еңбек Ері атанған атасы Көшербайдан тәлім алған Қырымбектің өз әкесінің де Қызылорда облысына сіңірген еңбегі орасан. Осы облыстың бес ауданын басқарған әкеден баланың алған тәлімі көп болды. Қазір ел-жұрты Қырымбек Елеуұлын құрметтеп, ел ағасына лайық тұлға деп бағалап жатса, ол сол текті тұқымнан дарыған асыл қасиеттердің жемісі дер едім. Бірінші хатшы болып тұрған кезінде Көшербаев Елеу ағамыз халық жауы атанған Тұрмағанбат ақынның ақталуына себепші болып, оның халық арасына кең тарап кеткен мұраларын жинақтауға мұрындық болғанын жақсы білеміз. Сыр жағалауына Қорқыт бабамызға арнап кесене саламын деп

партия билетінен айырыла жаздағанынан да хабардармыз. Дінмұхамед Қонаев атамыз айтқан, жар тандауда жолы болған Елеу ағамыз бен жары осындай аяулы ұлдар өсірген апамыздың ортасындағы сүйіспеншілік, жарасымды қалжың Сыр елінің жыры десе де болады. Аудандық партия комитетінің бюро мүшелігіне ерлі-зайыпты олардың қайсысын өткіземін деп басы қатып отырған бірінші хатшыға ер азамат қой, Елекен бюро мүшесі болсын, бірақ кейін сол жақсылығымды ұмытып кетпесін дейді екен көреген апамыз. Ел көшін түзеуге үлес қоса білген Көшербаевтар туралы әңгіме кітаптың бір-екі бетіне сия қоймасы анық. Бірақ, біз Қырымбек Елеуұлының бізге жасаған жақсылығын сол өңірден келіп бізде емделіп жүрген кісілерге үнемі айтып, ЭКОМЕД-тің іргетасының қалауында сол кісінің үлкен еңбегін, орталықтың тұсауын өзі кескенін айтып жүреміз. Жалпы, біз осы жылдар аралығында біздің қолтығымыздан демеп, қолұшын берген адамдардың барлығының портреттерін жасап ЭКОМЕД-тің өз «Құрмет» кітабына түсіріп қойғанбыз. Онда В.М. Здановский, Б.В. Леоновтан бастап Бекмахан, Бейнеш ағалар жалғастырып Иманғали Тасмағамбетов, Қырымбек Елеуұлы, Әдебиет Темірболатқызы, Аман Дүйсекеев, Талғат және Бақыт досым және басқа да қиын-қыстау күндері жанымыздан табылған жақсы адамдардың барлығының аты-жөндері түгел түсірілген. Ал біз лицензия алып, еркін жұмыс істейтін күнге қол

жеткізгенде қуанбаған адам кемде-кем болған шығар. Сөйтіп, ЭКОМЕД-тің жаңа тынысы ашылып, орталық қызметкерлері құлшына жұмыстарына кірісіп кетті. Күн өткен сайын емделушілер саны артып, дәрігерлеріміздің жетіспеушілігі байқала бастады. Байқау жариялап, қаламыздағы перзентханалар мен емханаларда қызмет істеп жүрген әйелдер дәрігерлерін, андролог-мамандарды, зертхана мамандарын қызметке шақыра бастадық. Басшы қызметін тастап үздік гинеколог Бибігүл Сәдуқызы Сағындықова келсе, Шымкенттен Перизат Берденқызы қосылды. Біздің орталық қызметкерлері сол кездің өзінде мемлекеттік мекемелерде қызмет істеп жүрген мамандардан еңбекақыны екі-үш есе көбірек алатын. Сананы тұрмыс билеп тұрған кезде оның да маңызы зор. Біз де өз тарапымыздан жұмысқа келген мамандарға қолдан келген көмегімізді аяған емеспіз. Қажет дегендерін шетелге, Мәскеуге оқуға жіберіп білім-тәжірибелерін жетілдіріп алдық. Талай тар жол тайғақ кешу тағдырды басынан өткерген, бүгінде сан мындаған сәбидің кіндік ата-анасы атанып отырған ЭКОМЕД орталығының өмірге келуі осылай болған еді. Ал біз орталығымыздың кіндік әкесі деп қазір Қызылорда облысының әкімі қызметін атқарып жүрген Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың есімін өрқашанда құрметпен атап жүреміз.

АЛҒЫС АЛҒАН АРЫМАС




лкендеріміз құдай деген құр қалмас, алғыс алған арымас деп отыратынын жас кезімізде талай естідік қой. Әйтсе де арымайды деген сөздің түп төркінін түсіне қоймайтынбыз. Ал қазір көшіп-қонып жүріп даналық әліппесін жинаған сол бабаларымыздың әр сөзін қағида етіп ұстанып келеміз. «Көп тілеуі — көл» дейді тағы сол дана халқымыз. Ол рас шығар. Қазір біз ЭКОМЕД орталығының жиырма жылдық тарихының әр парағын ақтара отырып сол тәмсілдің өмір шындығына айналып отырғанына көз жеткіземін. Расында бұл орталық көптің тілеуімен ашылды. Перзентті болған әрбір ана, бедеулік дерттерінен арылған әрбір ерлі-зайыпты босағамызға рахметін жаудырып кетіп жатса, соның өзі үлкен құрмет. Кейде оңаша отыра қалсам, біз жоғарыдағылармен әлек болып, адал ісімізді дәлелдей алмай әуре-сарсанда жүргенде қаншама әйел жылап кетті екен, қаншама отбасы баланың жоқтығынан шаңырағының уығын

ыдыратып алды екен деп ойлап қоямын. Қазір шүкір, көптің сол тілеуімен өркеніміз өсіп, өрісіміз кеңейді деуге болады. Астана мен Алматы қалаларынан әрқайсысы екі мың шаршы метрді құрайтын орталық аштық. Тараздағы орталықтың жетекшісі өзімнің ең сүйікті де сүйкімді балдызым білікті де білгір маман Перизат Берденқызы Байқошқарова басқарады. Кезінде берген интервьюінде Бейнеш Жарбосынов ағамыз уақыты келгенде осындай орталықтар әрбір облыс орталығында ашылады деп көрегенділік жасаған. Экомедтің атымен аталған Экомед-Атырау орталығына шіркін Бейнеш ағамыздың атын берсек. Экомед-Шымкент жұмысын нәтижелі бастап жатса, Экомед-Талдықорған, Семейлердің жобасы жасалып та қойды. Екі орталықтың да беталыстары жаман емес. Қазіргі таңда Америка, Жапония, Германия, Ресей сынды өркеніетті мемлекеттермен іскер байланыстар орнатып, олардың ЭКО мамандарымен бірлесіп, осы саладағы ең жаңа тәсілдерді игеру ісін қолға алу үстіндеміз. Құдайға шүкір қазақстандық ЭКО мамандарының шетелдік әріптестерімен қазір терезелері тең дегенді нық сеніммен айта аламыз. Ал Салтанат Байқошқарова болса, еліміздегі бедеулікті емдеудегі репродуктивтік технологияларды ендірудің көшбасшысы бола білді. Өмірінің ширек ғасырдан астам уақытын осы саланы дамытуға арнаған оның еңбегі әділ бағасын алды. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті еліне Мәңгілік ел болуды мұрат етіп отырған

Нұрсұлтан Назарбаевтың қолынан «Құрмет» орденін алды. Өңіріне «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Алтын дәрігер» белгілері жарқыраса, еліміздің Алтын кітабына есімі жазылды. Ғылыми еңбектері де кандидаттық, докторлық диссертациялары да ЭКО-дағы адам физиологиясына арналған. Ал енді өзіме келсем, В.М. Здановский, Б.В. Леонов, Қ. Көшербаев, Б. Құралбаев, Т. Сәдуақасовтардың «мықты менеджерсің» деген сенімін ақтап жүрмін. Алдағы уақыттарда да сол азаматтарды ұятқа қалдырмай, перзентті болуды аңсаған аналардың қуанышты сәттерінің куәгері болып жүре бергіміз келеді. Маған көптің алғысы мен журналистер берген көп балалы отбасы деген атақтан қадірлі, құрметті атақтың керегі де жоқ. Абай атамыз айтпақшы, өзі үшін оттаған хайуан секілді болмай, адамшылықтың қарызы үшін еңбек еткенімізді мақтаныш тұтамын. Дүниежүзінің айтулы мамандарымен біріге, дайын эмбрион жатырға неге бітпеді деген сұраққа әлі жауап таба алмай жүрміз... Жаратылыстың құпия сырлары көп, ғалымдар үнемі ізденуде...

ЭКОМЕДТІҢ МАҚТАНЫШТАРЫ



еңес дәуірінде іс тетігін маман шешеді деген қағидаға айналған жақсы сөз бар болатын. Ол рас. Қай саланың да жұмысының алға басып, ел құрметіне бөленуі, ең алдымен, сол мекемеде қызмет атқарып жүрген мамандардың біліктілігі мен іскерлігі, жаңашылдығы әрі іздемпаздығына тікелей байланысты. Бұл ретке келгенде ЭКОМЕД орталығы қолдары шипалы, ауыздары дуалы мамандарымен мақтана алады.

ЭКОМЕД-тің мақтаныштары десе, ең алдымен тілімнің ұшына алғашқы күннен бастап бізбен бірге келе жатқан екі жасында әкесі оқыс оқиғаның салдарынан қайтыс болып, жас кезінде көп қиындық көріп ер жетіп, қазір үлкен жетістіктерге жетіп отырған акушер-гинеколог дәрігеріміз Татьяна Павловна (Рубашина) Копылова, репродуктолог дәрігерлер Бибігүл Сағындықова, Перизат Байқошқарова, мейірбикелеріміз Айнаш Демеуова, Мәдина Жантілеуовалардың есімдері орала кетеді. Бас

қолбасшылары Салтанат Байқошқарова бастап олардың есімдері орталықтың тарихына арналған «Алтын кітапқа» алтын әріппен жазылатыны анық. Ал біз үшін ең құрметті алтын алқа – елдің алғысы, балалардың шат күлкісі дер едім. Жігіт жасы жиырмаға толып отырған ЭКОМЕД орталығына дәйім жұлдызымыз жоғары болсын деген ізгі тілегімді білдіргім келеді.

Сөзімнің соңын ақын Оразақын Асқардың өзім сүйіп оқитын «Бақыт туралы баллада» деген өлеңінде өрілген мың бір шумақпен аяқтағым келіп отыр.

*Ұлық болсаң, кішік бол кеуде керме,
Әділ, адал бол, сайтан сөзіне ерме.
Кеудеңдегі бақытты ұстай білсең,
Айналасың азамат қайраткерге.*

*Бақыт сөйтіп басыңа қонар барып,
Куә болар қуаттап оған халық.
Басың бірақ бақыттан айналмаса,
Бақыт сонда тұрақтар ұя салып.*

КІТАБЫМНЫҢ БАСТЫ КЕЙІПКЕРЛЕРІ

ВАЛЕРИЙ МСТИСЛАВОВИЧ ЗДАНОВСКИЙ ЖАЙЫНДА



Осы жылы менің Досым, нағыз Адам, шын мәнінде қаһарман, ғалым – Валерий Здановский 75 жасқа толады. Бұл күн Экомедтің 20 жылдығымен тұспа-тұс келді. Өткен жылдарды қорытындылай келе, осы мейірімді адамның біздің дамуымызға қосқан үлесі жайлы еске алмау мүмкін емес. Здановскийдің сыпайылығы соншалық, Шығыс елінде қалыптасқандай, өзіне айтылған мақтау сөздер мен тілектерді құптамайды. Бұл бізді үнемі таңқалдырған еді. Кейде шын жүректен оған алғыс айтқың келеді, бірақ ол тез арада тоқтатып, жай жауап қайтаратын: «Жарайды достар, қайдағы, мен – ұлы, ерекше. Мен қарапайым адаммын!»

Осындай сөздерден кейін сүйіспеншілік білдірудің өзі ыңғайсыз екен. Шын мәнінде, әкелік қамқорлығы мен жылулығы оның ісінде, оның жылы әрі мейірімді көздерінде. Осы кезде дүниеге

көзқарастары бірдей жақын жандар үшін бір елде тұру, бір ұлттан болу және бір дінге сену міндетті еместігін еске аласың.

Жалпы, ол көп сөзді адам емес. Ол – нағыз ер, сөз бен істің адамы, өз ісінің өте жоғары жан-жақты маманы, бір уақытта әртүрлі салада: акушер-гинеколог, репродуктолог, эмбриолог және кез келген микроскоп пен инкубаторды бөлшектеп талдайтын және жинайтын технарь ретінде жұмыс істей алатын маман. Ол ешқашан демагогиямен айналыспайды, өзін жарнамаламайды. Оның мінезінің ерекшелігі – ешуақытта жағдайды қиындатпау, барлық іске қарапайым тұрғыдан қарау. Ол кез келген жағдайдан оңай шешім табады. Сонымен қатар ол әрбір адамның аржақ-бержағының ойын көре алатын нағыз психолог.

Ол Кеңес Одағы мен Ресейде ғана емес, сонымен қатар басқа елдерде репродуктологияның дамуына зор үлес қосқан ғалым. Ол ЭКО мамандарының бірнеше буындарын жетілдіріп, тәрбиелеп өсірді, соның ішінде Салтанат, ол жайында Мәскеудегі клиникасының ресми сайтында жазылған. Оның және ізбасарларының еңбегінің нәтижесінде бедеу ерлі-зайыптыларда он мындаған нәрестелер дүниеге келді. Оған ерекше алғыс білдіре отырып, ең басты оған денсаулық тілейміз!

Атақты ғалымдар мен оның шәкірттерінің – профессор В.Здановский клиникасының қызметкерлерінің оған деген игі қарым-қатынасы, құрметі жайлы осыдан 10 жыл бұрын ол кісінің 65-жылдығына жазылған арнаулардан төменде танысуға болады.



«Проблемы репродукции» журналынан, №6 2005 ж.

В.М.ЗДАНОВСКИЙ. ТУЫЛҒАН КҮНІНІҢ 65 ЖЫЛДЫҒЫНА

Валерий Мстиславович Здановский 1940 жылы 25 қарашада Мәскеу қаласында дүниеге келді. Ол суворовшы болған, бұл, сөз жоқ, оның мінезі мен тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер етті: тәртіптілік, тазалық пен тәртіпке құмарлық, өзіне және айналадағыларға талап етушілік, мақсатқа қол жеткізуде мақсаткерлік пен табандылық, стратегиялық және тактикалық ойлау мен әрекет ету икемділігі.

Валерий 9-сыныптан кейін Суворов мектебін тастап кетеді, өйткені ол әрқашан нені қалап, нені қаламайтынын жақсы білді, ал офицер болуды

қаламады. Орта мектепті бітіргеннен кейін аз уақыт суретші болып жұмыс істейді, сосын Н.И.Пирогов атындағы Мәскеу Ленин орденді мемлекеттік медициналық институтына түсіп, оны 1965 жылы сәтті аяқтайды. Жолдама бойынша дәрігерлік қызметін Чукоткадағы Ларино селосында бастайды, ол село жайлы сол уақытта ешкім ештеңе естімеген және білмеген –экранға әлі «Начальник Чукотки» фильмі шықпаған еді. Жас маман терапевт болып жұмыс атқарып, көп кешікпей учаскелік аурухананың бас дәрігері атанады және санавиация құрамында Қиыр Солтүстіктің жолы қиын, іс жүзінде адам тұрмайтын жерлеріне ұшады. Шалғайдағы бір ауыр науқасқа ұшып бара жатып, тікұшақ құлап, ауыр апатқа ұшырап, құдай сақтап, үстінің біраз жері күйіп, біраз жері сынып, зорға дегенде аман қалады. Сонда да ол осы жұмысынан беті қайтпайды, ауыр еңбегін жалғастырады. 1967 жылы Мәскеуге қайтып, Здановский 2-МОЛММИ акушерлік және гинекология кафедрасына қарасты клиникалық ординатураға түседі. Сол жерде көмекші, кейін доцент болып қызмет атқарады. 1972 жылы кандидаттық диссертацияны қорғап шығады. 1982 жылы В.М.Здановский «жасаған түсіктеріміз соншалықты көп, неде болса ол күнәні бедеулікті емдеу арқылы ғана өтей алатынын» жариялайды. Сол кездегі ешкімге белгісіз ЭКО күнәларды өтеу бойынша оның армандары мен жоспарларын іске асыру құралы болып табылады. Бұл кеңес уақыты екендігін еске алу қажет, ол кезде

карапайым адамға (сол кезде Здановский дәл сондай адам болды) ЭКО-ны тәжірибесінде қолданған әріптестерінің жұмыстарына қарау үшін шетелге ұшпақ тұрмақ, олардың мақалаларын оқу мүмкін болмады. Бүгінгі күні оның алғашқы ЭКО-зертханасының қандай жағдайларда, қандай күш-жігермен құрылғанын елестету қиынға түседі: керек жабдықтарды сұрау үшін кеңес шенеуніктерінің жағдайларын жасап, оларды ішкізіп-жегізіп, Здановский секілді әлемде моншаға сонша көп түскен адам жоқ шығар, өз қолымен кафедра берген жалғыз бөлмені ұзындығы және биіктігі бойынша қоршайды, бөледі, «қараторғайдың үйшігі» – кішкентай ғана эмбриологиялық зертхана үстіндегі жеке кабинетіне алып баратын баспалдақты қатты мақтан ететін. Шәует тапсыру қоғамдық әжетханада болғанын айту жеткілікті. Басқа егжей-тегжейіне жете қарамай, тек Валерий Мстиславовичтің бірбеткей табандылығы мен сәттілікке деген сенімі 6 жыл ішінде шағын пікірлестер тобымен өздерінің алғашқы жүктілігіне жетуге мүмкіндік бергенін айту керек, нәтижесінде 1988 жылы 17 қарашада оның алғашқы «түтіктегі» нәрестесі дүниеге келді, сол кезде елдегі үшінші нәресте. Ол сол кезде жылдар бойы өзінің зертханасында күні-түні ізденіп, сақалы өсіп, дәрігер де, лаборант та, санитар да болды. Табиғат Валерий Мстиславовичке қасиетті молынан аямай берген: ол тартымды, төзімді, ерекше ақылды, барлық жаңалыққа, келешекке деген ерекше талғам мен сезімге ие,

оның дәрігерлік дарыны тек коммерциялық дарынмен бәсекелесе алады. Қазіргі таңда, ол медицина ғылымдарының докторы, РММУ акушерлік және гинекология кафедрасының профессоры, кәсіби қоғамдардың және редакция алқасының беделді мүшесі, РФ үкіметі сыйлығының лауреаты, екі ЭКО орталығының иесі. Дегенмен, ең бастысы – ол Ресейде бірінші болып СПКЯ, ГИФТ, ЗИФТ, ЭКО және ИКСИ қарасты аналық бездерді эндоскопиялық каутеризациялау әдісі арқылы бедеулікті емдеуде жемісті қол жеткізген алғашқылардың бірі. Оның ең соңғы жетістігі – IVМ жүргізгеннен кейінгі Ресейде алғашқы дүниеге келген балалар. В.М. Здановскийдің жетекшілігімен 18 000 астам бедеуерлі–зайыптылар тексерілді және емделді, «түтікте» 3000-нан астам балалар дүниеге келді. Оның жетекшілігімен 8 кандидаттық диссертациялар қорғалды. 200-ден астам ғылыми жұмыстар басылып шықты. Валерий Мстиславовичтің көптеген шәкірттері Ресейдің, жақын және алыс шетелдердің ЭКО клиникаларында ойдағыдай жұмыс істейді. В.М.Здановский – Ресей адам репродукциясы қауымдастығының негізін қалаушылардың бірі және президенті (АРРА). В.М.Здановский – Здановский-Дрейерлер дәрігерлер әулетінің ақсакалы, оның негізін қалаушы Тула губерниясынан шыққан Михаил Иохимович Здановский болған. 132 жыл бойы осы әулеттің бес ұрпағы медицинаға қызмет етуде. Дегенмен, немерелер өсіп жатыр, бізде, Валерий

Мстиславовичке онымен дәрігерлік әулет тоқтама-сын деп тілейміз. Валерий Мстиславовичке шын жүректен денсаулық, амандық, мол бақыт, болашақта жарқын жетістіктер, өркендеу және мәңгілік жастық тілейміз.


Профессор В.М. ЗДАНОВСКИЙ
клиникасының қызметкерлері

Аса құрметті Валерий Мстиславович! Ресей адам репродукциясы қауымдастығы өзінің алғашқы президенті, құрметті мүшесі және Ресейдегі репродуктивті технологиялардың негізін қалаушылардың бірі – Сізді 65 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз. Сізге денсаулық және ұзақ жылдар бойы біз білетін және бағалайтын қайратты да, ВРТ жарқын жаңашылы болып жүре беруіңізді тілейміз.

АРРА президенті профессор В.С. КОРСАК
«Проблемы репродукции» журналының редакциясы құттықтауларға қосыла отырып, шын жүректен Валерий Мстиславовичке шығармашылық белсенділік, жетістік және кәсіби бақыт тілейді.

Мәскеу, 2005 жыл

**БЕКМАХАН СЫБАНБАЙҰЛЫ
ҚҰРАЛБАЕВ ЖАЙЛЫ**



енің кітабымның кейіпкерлері» тарауының атауы шынында осы тұлғалардың болмысына сай келеді. Шын мәнінде, Валерий Здановский де, Бекмахан Құралбаев та – бір-біріне ұқсас, батыр, ер мінезді озық жандар. Олардың ортақ қасиеттері көп – адамгершілігі мол, тәртіптілік, батылдык, адамгершілікті сүю, еңбекқор, жаңашыл амалдары. Өткен жылдары Құралбаевпен жалғыз бір кездесуден кейін Валерий Здановский бізге былай деді: «Достар, сендердің жолдарың болды! Бұл нағыз еркек, сендер сенімді қолдасындар, мен сендер үшін енді алаңдамаймын!» Құралбаев бізді өз қол астына алып, біздің аяққа тұруымызға, танылуымызға мүмкіндік берді, біз, ол үшін әрқашан алғыс айтамыз! Ол денсаулық сақтаудың ең ауыр аумақтарында еңбек етті, ең төменнен бастап, ең жоғарғы жауапты лауазымдарға, ғылыми дәрежелерге және мемлекеттік сыйлықтарға дейін жетті. Мұны оның өмірбаянынан көз жеткізуге болады.



ҚҰРАЛБАЕВ Бекмахан Сыбанбайұлы

1947 жылы 1 шілдеде қызметшілер отбасында дүниеге келді. 1971 жылы Семей Мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетін тәмәмдады. Институт бітіргеннен кейін 1971 жылдан 1973 жылға дейін Германияда Кеңес әскер тобында полк медицина орнының бастығы лауазымында қызмет етті. 1973 жылы әскерден қайтқаннан кейін әртүрлі дәрігерлік лауазымдарда тәжірибелік жұмыстарға кірісті.

1974 жылы шетелде жұмыс істеу үшін «Ішкі аурулар» мамандығы бойынша Мәскеу қ. Орталық дәрігерлерді жетілдіру институтының арнайы клиникалық ординатурасына түседі.

Оны аяқтағаннан кейін 1976 жылдан 1979 жылға дейін КСРО АМН Тағамтану институтының Қазақ филиалында ғылыми қызметкер болып еңбек етті.

1979 жылдан 1985 жылға дейін Республикалық клиникалық ауруханада Бас дәрігердің орынбасары лауазымында, кейін 1991 жылға дейін №5 Қалалық клиникалық аурухананың Бас дәрігері лауазымында еңбек етті.

1991 жылы Қазақстан Республикасының Президенті аппараты мен Министрлері Кабинеті Денсаулық сақтау бөлімінің Аға референті, осы бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды.

1992 жылдан 1994 жылға дейін Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасын басқарды.

1994 жылдан 2009 жылға дейін Қазақстан Республикасы Президенті істер басқармасы медициналық орталығының Орталық клиникалық ауруханасының Бас дәрігері болып жұмыс істеді. 2009 жылдан Қазақстан Республикасы Президенті істер басқармасының медициналық орталығын басқарды.

2010 жылдан бастап Алматы қ. №1 Қалалық клиникалық ауруханасының Бас дәрігері болып қызмет атқарды.

2011 жылдан бастап 2014 жылға дейін Қазақстан Республикасы Президенті істер басқармасы медициналық орталығының «Алматы» шипажайы» Акционерлік қоғамының президенті болды.

2000 жылы медицина ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі, 2001 жылы профессорлық ғылыми лауазымы берілді.

1996 жылы Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы еңбегі үшін «Қазақстан еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағына ие болды.

1997 жылы Қазақстан Республикасының халық денсаулығын сақтау ісіндегі еңбегі үшін «Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігіне» деген омырауға тағатын белгімен марапатталды.

2003 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды. Сондай-ақ «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық медальдармен марапатталды.

2005 жылы «Нарықтық жағдайда жаңа аса тиімді технологияларды дайындау және енгізу негізінде медициналық көмек көрсету жүйесін қайта құру және жетілдіру моделі» жұмыстары үшін «Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлығы» берілді.

2003 жылы Халықаралық экология, адам және табиғат қауіпсіздігі ғылымдары академиясының толық мүшесі (академик) болып сайланды. Бірнеше шетелдік қоғамдық академиялардың академигі болып табылады (Халықаралық Вена университетінің құрметті профессоры, РФ медициналық-техникалық ғылымдар академигі).

2007 жылы Ресей Федерациясының медициналық-техникалық ғылымдар академиясының Қазақ филиалының президенті болып тағайындалды.

2012 жылы «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері» атты Қазақстан Республикасының құрметті атағы берілді. 300-ге жуық ғылыми жұмыстардың авторы, 10-нан астам монография, 30-дан аса әдістемелік сипаттамалар басылып шықты. Оның ғылыми жетекшілігімен 7 докторлық және 15 кандидаттық диссертациялар қорғалды.

<http://biografia.kz/famous/4138#ixzz3i1YHYfF5>

БІЗДІҢ ЕҢБЕГІМІЗДІ МАҚТАН ТҰТАМЫН!

Татьяна Павловна Копылова (Рубашина), «Медицинский центр доктора Копыловой» ЖШС жетекшісі, дәрігер акушер-гинеколог, жоғары білікті репродуктолог, алғашқы қазақстандық «түтіктегі» нәрестенің бірлескен авторы.



Уақыт қалай зымырап барады... Міне, жиырма жыл өтті. Барлығы кеше ғана болған тәрізді есте.

Аңсаумен еске аламын: мен ол уақытта бедеу ерлі-зайыптыларға көмектесуге біріккен ақылды да, адал адамдардан құралған үлкен ұжымда – Қалалық адам репродукциясы орталығында жұмыс істедім. Сол кезде мен сенің әрекеттеріңнің арқасында ұзақ күткен жүктілік болғанда алғаш рет кәсіби ләззаттың қайталанбас дәмін сездім! Сол себепті Салтанаттан маған ЭКО-мен айналысу жайлы ұсыныс келгенде

– бір минутта ойланған жоқпын! Тіпті, Мәскеуге табан астында оқуға бару шарты еш күмән тудырмады!

Оқудың бірінші модулін өтіп, көңіл-күйім бастапқыда көтеріңкі болды. Мен «Көз қорқақ, қол батыр!» деп ойладым. Бірақ, күмән туа бастады: ал болмай қалса ше? Үйге қайтатын соңғы түнде, тыныштықта жатып, ұзақ уақыт бойы ұйықтай алмадым, кенеттен Салтанаттың дауысын естимін: «Татьяна, ал болмай қалса ше?» (Сөйтсем, оны да сол ойлар толғандырған екен!) Осы жерде кәсіби намысыма тигендей болды! Мен былай жауап бердім: «Олай болу мүмкін емес! Міндетті түрде болады. Және де – алғашқы он емделушілер арасынан!» Дәл солай болып шықты ғой!

Бірінші ұрықтандыруды жасағанда табиғаттың бұл құпиясын микроскоп астынан көріп бірнеше күн бойы Алла Тағаланың қонағы секілді сезімде жүрдім, себебі, Ол ғана жаңа өмірдің дүниеге келу құпиясын көреді, ал адамдар көре алмайды. Мені өміріміздің шындығы тез арада жерге қайта түсірді.

Кейде мүлдем дәрігерлік емес мәселелермен айналысуға да тура келетін. Мысалы, сол кездері электр қуатын жүйелі түрде уақытша сөндіру жиі болып тұратын. Түнгі сағат 11-де Салтанат екеуіміз электр кіші станцияларын аралап, инкубаторда адам эмбриондары өліп қалуы мүмкін екендігін түсіндіре отырып, электриктерді электрмен жабдықтауды өтініп сұрайтынбыз! Техникалық жұмыскерлер бізге

таңырқап қарап, самайларына саусақтарын айналдыратын. Алайда, бұлардың ешқайсысын байқамайтынбыз, себебі, бізде МАҚСАТ болды!

Барлығы сондай бір екпінмен, әсерлі сергекпен өткені соншалық, жұмыстың алғашқы айларында бірінші жүктілік болған кезде біз өз көзімізге өзіміз сенбедік! Біздің алғашқы ЭКО ұстазымыз профессор В.М.Здановскийдің өзі де бұған сенбеді! Оның телефон арқылы айтқан алғашқы сөздері: «Қыздар, бұл мүмкін емес! Біз бірінші жүктілікті көп жыл күттік!» Ал, бұл мүмкін болды! Осыдан кейін келесі қауіпті кезең басталды: осы жүктілікті қалай аман-есен алып шығу?! Түнгі қоңырауларға атып тұратынбыз, осы жүкті әйелмен бір үйде тұруға дайын едік. Оған қоса, алғашқы жүктілік егіз болып шықты, бірақ 3-4-аптада эмбрионның екеуінің біреуі өзінің дамуын тоқтатты.

Біздің мәскеулік әріптестеріміз саспай былай жауап беретін: «Ия, мұндай болады, екіншісі де дамымауы мүмкін... Алайда, мүмкін біз өзіміздің жанымызды екіге бөліп, екінші жартысын біздің эмбрионға беріп ... көтеріп шықтық! Ал, біздің АЛҒАШҚЫ «түтіктегі» нәрестеміз дүниеге келгенде, республикамыздың репродуктология тарихының алғашқы бетін жазуға біздің тікелей қатысымыздың бар екендігін керемет сезіндік!

Сосын екінші, үшінші және көптеген келесі жүктіліктер болды, бірақ бірінші – ол бірінші! 20 жыл артқа қарап, сол кезді аңсаймын және білемін

– мен өз мамандығымды дұрыс таңдап алғаным бақыттымын және оны ешқашан ауыстырмаймын! Өз өмірін ЭКО-ға арнаған барлық дәрігерлерге сабырлық, шеберлік және Табиғаттың өзі жасай алмағанын сіздер жасай алатын қуанышты сәттер тілеймін!

ЭКО-дағы бүкіл жұмыс кезеңінде өмірімді жұмысыма арнадым, отбасы және балалар үшін уақыт жетпейтін. Кейін біраз уақыт өткеннен кейін, сол кезде мәселенің мәнін түсінбеген, менің аналық ілтисипатым мен махаббатымсыз тәрбиеленіп, адам болып қалыптасқандары үшін өз ұлдарым Константин мен Станислав Рубашинге дән ризамын. Олар, сол уақытта небәрі, 12 және 8 жаста еді, олар маған «Ана, сенде қашан жақсы демалыс болады?» деп жиі сұрайтын. «Жақсы» дегені – оларға ғана арналған уақыт, өйткені емделушілердің телефон қоңырауларына жауап беру, гиперстимуляция, қан кету, жатырдан тыс жүктілік немесе аналық бездердің жарылуы нәтижесінен туындаған шұғыл жағдайлармен үйден жиі шығып кетуге тура келетін! Өзімнің анам Нелля Григорьевнаға (қазір марқұм) ерекше алғыс білдіргім келеді, себебі өзінің жұмыс істеп жүргеніне қарамастан, барлық осы жағдайларда балаларыма қарауға көмектесті. ЭКО біздің отбасымыздың тағдырымен тығыз байланыса бастады. Қызықтысы, «түтіктегі бірінші нәрестенің» дүниеге келуімен аяқталған пункция 9 карашада болды, ал осы күн біздің топтағы 2 адамның дүниеге келген күндері –

бұл біздің директор Батыр Қаратайұлы және менің тұңғыш ұлым Константин. Бірақ, біз ол кезде бұл күннің «тарихи» болатынын білмедік қой! Біз, жай ғана ауыр жұмыс күнінен кейін Батыр, Салтанат бәріміз менің анамның үйінде сол кісінің дайындаған дастарқанында туған күнді бірге атап өттік. Тамақ істеуге, дайындалуға ол кезде біздің уақытымыз да болмайтын!

Бірінші жүктілікті босандыруға дайындық кезеңі — менің «ЭКО тағдырымда» ерекше орынға ие. Біз болатын кесарь тілігі жайлы дәрігер-акушерге хабарлауды алдын ала жоспарламадық. Айқайшудан, бір қызығы, көз тиюден де қорықтық, кез келген акушерлік жағдайдан сақтандырылмаған мәселелерден де қорықтық. Ал, бұл жағдай кез келген жағдай емес еді! Белгіленген күні телефонның жанында отырып, отаның аяқталуын күтіп, оны төрт көзбен гипноздадық.... Ота жасаған хирург, менің курстасым Андрей Георгиевич Петров (бүгінде өкінішке орай марқұм) «Неге сонша алаңдадыңыз? Ол сізге кім болып келеді?» (Мен бұдан бұрын ол үшін өзімнің туысым сияқты сұрағанмын) деп сұрай отырып, отаның сәтті аяқталғанын және Апгар шкаласы бойынша 8 баллға сәйкес келетін сап-сау қыз туылғанын хабарлады. Оған құпиямызды және оның Қазақстандағы «түтіктегі алғашқы нәрестенің» дүниеге келуіне қатысы бар екендігін айттық, ол: «Сіздікі дұрыс шығар, әйтпесе мен екі есе уайымдайтын едім!» деді. Осы жерде қуанышқа

бөлендік, мұндай қуаныш менің өмірімде екі-ақ рет болған: 1977 жылы оқуға түскен күн (осы жылдары оқуға түскен адамдар мұның қандай қиын екендігін түсінеді) және осы «тарихи» босанған күн 1996 жылдың 31 шілдесі! Біз қуанып, шаттанып, шампан іштік! Енді міне ЭКО Қазақстан бойынша 20 жыл бойы қадам басып келеді, ғашықтықтан махаббатқа айналу қағидасымен сол кездегі қуаныш пен шаттық күйі әлі күнге дейін біздің жүрегімізде!



ҚАЗАҚСТАНДА ЭКО-НЫҢ БАСТАЛУЫ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР «ЭКОМЕД» ЗЕРТХАНАСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН



Салтанат Берденқызы Байқошқарова – Қазақстандағы алғашқы ЭКО зертханасының – «Экомед» адам репродукциясы клиникасының жетекшісі, биология ғылымдарының докторы, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі.



мір зымырап өтеді, мұны бәріміз білеміз, дегенмен, кейде санамыз онымен келіспейді. Бүгінгі таңда бар-жоғы 2-3 маман жұмыс істейтін Қазақстандағы ЭКО алғашқы шағын зертханасының құрылғанына 20 жыл толғаны сенгісіз.

Ешнәрсе бос жерде пайда болмайды, жаңа бір нәрсенің пайда болуына қандай да бір негіздер мен алдыңғы себептер әсер етеді. 80-жылдары экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭКО) әдісі арқылы бедеулікті емдеу зертханасын құру идеясы маған кездейсоқ келмеді. 1988 жылы мен өзім армандаған жұмыс орнына орналастым. Тағдырдың өзі мені бедеулік мәселесімен айналыссын деп шешті. Мен медицинаны жақсы көрдім және бұл саланы тандау себебім, бедеулік менің жеке басымның проблемасы болды. Мен жұмысқа орналасқан мемлекеттік медициналық мекеме сол уақытта «Отбасыға медициналық-әлеуметтік көмек-кеңес беру емханасы» деп аталды. Емхананың ұйымдастырушысы және бас дәрігері — жас жігерлі дәрігер Т.М.Джусубалиева болатын.

Мен ол кезде сол емхана жанындағы «Отбасы және неке» консультациясының дәрігер-лаборанты (консультацияның меңгерушісі тәжірибелі акушер-гинеколог К.Х.Тусеева болды) болып жұмыс істедім.

Мен еркектің бедеулігі мәселесімен, шәуетті зерттеумен, шәуетпен жасанды инсеминация жасауды енгіздім, шәуетті криоконсервациялаумен айналыстым. Біздің емделушілер көбінесе жасанды инсеминацияны түсінбей, оны ЭКО деп ойлап, барлық бедеулік жағдайда ұрықтандыру бойынша көмектесуді сұрайтын. Маман ретінде күн сайын ол екеуі екі түрлі зат екендігін және жатыр түтігі болмаған немесе олар тарылған жағдайларда біз көмектесе алмайтындығымызды түсіндіру керек болатын.

Бір күні мен, ЭКО шетелде ғана бар, Мәскеуге немесе Петерборға бару керек деп түсіндіруден жалықтым, осындай зертхананы құру үшін жұмысты қалай бастау керек деген мәселенің шешімін іздей бастадым. Сол кездегі мамандар ондай зертхананы түстерінде де армандай алмайтын. Емделушілердің үздіксіз сұрақтары менің намысыма тиді, егер басқа елдерде ЭКО жасай алса, неге біз жасай алмаймыз деген сұрақ мені қинады.

1991 жылы медициналық журналдағы ЭКО туралы шағын мақалаға көзім түсті, бұл жұмысты бастауға түрткі болды. Көп ұзамай академик В.И.Грищенконың криобиология мен криомедицина жайлы кітабын тауып алып, оны оқып, ЭКО зертханасының жұмыс істеуі үшін қандай жабдықтар керек екендігін біліп алдым. Кітапты оқығаннан кейін барлығы оңай болып көрінді.....

Ресей-Америка адам репродукциясы және генетика орталығында бедеулікті емдеу мәселелері бойынша Сочида болатын конференция жайлы

білгенде (Адлер), өз каражатым есебінен сол жаққа барып, КСРО-дағы ЭКО негізін қалаушы – профессор В.М.Здановский, сондай-ақ АҚШ-тан профессор Ю.Верлинскиймен таныстым. Көп ұзамай профессор Б.В.Леоновпен таныстым, оның зертханасында 1986 жылы Кеңес Одағындағы «түтіктегі» алғашқы нәресте дүниеге келген, сондай-ақ, мен одан дәріс алғанмын, және біздің зертхана жұмыс істей бастаған кезде ол кісі де бізде Алматыда болған.

Келгеннен кейін бірден бас дәрігерге сапар нәтижелерін қуана айтып бердім, ол әрине осындай зертхананы ашу идеясын қолдады. Оған Адлердегі орталықтың атауы ұнап қалды, кейінірек соған байланысты емхананың атын Қалалық Адам репродукциясы орталығы (ҚАРО) деп өзгерттік. Сол жылдары шетелге бару әжептәуір қиын болатын. Ол кісі де шет елге барып, емхананың дизайны мен жұмысына креативті идеялар алып келгені есімде.

Консультация бойынша менің әріптесім, доктор В.Е.Полумисков жаңа идеяны белсенді қолдады. Біз онымен бірге осы жұмыстың басталуын ұзақ уақыт бойы талқылайтынбыз. Сонымен қатар ол Германияда жұмыс істеп келген еді, тағы да Германияға 2-3 жылға баруды жоспарлаған еді, жабдықтармен көмектесуін сұраған едім. Жоспарлар құрып, бедеулікті емдеудің жаңа әдістерін қолдана отырып, бірге жұмыс істейтін күндерді армандайтынбыз.

Сол уақытта біздің емханамызда бірнеше жыл бойы жас дәрігер, өткір мінезді акушер-гинеколог

Татьяна Павловна Рубашина жұмыс істеді. ЭКО жайлы менің әңгімемді естіп, дереу менімен бірге жұмыс істеуге ерекше ынтасын білдірді. Көп кейінірек біздің «Экомед» орталығымыз ашылғанда, ультрадыбыстық аппараттың көмегімен аналық жасушаларды алу үшін ең алғашқы трансвагинальды пункцияны жасады, бұл оның мықты тұлға әрі кәсіпқой маман екендігін сипаттайды.

Алайда, Сочидағы конференциядан келгеннен кейін, эмоция мен осы тақырыптағы ойлардан басқа, жұмыс алға жылжымай қойды. Мәселе қандай-да бір ғылымды ашу емес, осы әдісті қалай елге ендіру болды. Әрине ол кездері оны ендіру іс жүзінде мүмкін емес еді. Әлемдегі технологиялар мен жабдықтар бастапқы даму сатысында болатын, бүгінгі таңдағы мол мүмкіндіктер ол кезде болмады. ЭКО ғылымының жетістіктері мен мүмкіндіктері сол кездері ең төмен деңгейде болатын, Мәскеу мен Петербордың өзінде санаулы зертханалар болатын. Кеңес Одағының құлдырауы, экономикадағы, мемлекеттік құрылымдардағы жаппай хаос бұл идеяның іске асырылуын тағы бірнеше жылға шегерді.

Сол уақытта, елде ЭКО-ны мемлекеттік қолдау мүмкін болмады, себебі КСРО құлдырағаннан кейін жас егемен Қазақстан өзінің алғашқы қадамын бастады, елде азық-түлік, алғашқы қажеттілік тауарлары жетіспеді, әсіресе ауылдарда электр қуаты болмады. Сол уақытта барлық республика бойынша тек стоматологиялық кабинеттер және бар-жоғы

бірді-екілі медициналық орталықтар жауапкершілікті өздеріне ала отырып жұмысын бастады.

Арманымыз тек 4 жылдан кейін ғана орындалды. Адлерде танысқан және достасқан «Сероно» швейцариялық фармацевтика компаниясы өкілдігінің бастығы Георгий Кавкасидзе мырзаның қолдауымен, біз 1995 жылы 21-22 наурыз күндері Алматыда ЭКО бойынша алғашқы конференцияны өткіздік. Ол маған: «Алматыға кімді алып келейін?» деп сұрақ қойды. Мен оған: «Әрине, Мәскеуден В.М.Здановскийді тобымен және Питердан профессор А.И.Никитинді!» деп жауап бердім.

Ол кезде мемлекеттің қолдауына сүйену қиын еді, сондықтан жұмысты бастауға мақсатшыл тұлға, қаражаты, ұйымдастырушылық мүмкіндіктері және басшылыққа табиғи қабілеті бар бизнесмен, өзімнің өмірлік жарым Батыр Бекмұсаевтан қолдау көрсетуді сұрадым. Бұдан бұрын 3-4 жыл бойы В.М.Здановскийге, Мәскеуге және Адлерге оқу сапарларым мен жұмыс сапарларымды қаржылай демеген ол ұзақ уақыт бойы ЭКО зертханасын құру жайлы менің идеяма үмітсіз қараған болатын.

1995 жылы 22 наурызда В.М.Здановскиймен танысқаннан кейін ғана мұның өте маңызды іс екенін, ер кісінің қолдауымен және бұл іске байыпты көзқарас болғанда ғана оның іске асырылуы мүмкін болатынын түсінді.

1995 жылы 18 сәуірде Батыр ЭКО зертханасын ұйымдастыру мақсатында «Экомед» бедеулікті емдеу медициналық орталығын тіркеп, оның ұйымдастыру

жұмыстарын белсенді бастады. Мәскеуден арнайы жабдықтарды іріктеп алу және әкелу, мамандарды оқыту, бөлмелерді дайындау, ескі жабдықтарды жөндеу, мұның барлығы өз қаражатының есебінен жүзеге асырылды. Ол бас дәрігермен бірге ЭКО-ға лицензия алу үшін Денсаулық сақтау басқармаларының табалдырықтарын сан рет тоздырды. Жоғарыда айтылғандай, 90-жылдардың басында мемлекеттік емес медицина бастапқы деңгейде ел түсінбейтін іс болатын, ол мәселеге ел де мамандар да жабайылау көзқараспен қарайтын, сондықтан да ол заманда лицензияны «Экомедке» емес, мемлекеттік ұйымға — ҚАРО-ға бергені де бізге толықтай түсінікті. Біз, шындығында жеке кәсіпкерлік туралы, өз басымыз туралы ойламадық, біз іс туралы, қандай жолмен болса да, оны тез арада іске асыру мүмкіндіктерін ойладық. Зертхананы дайындау бойынша ұйымдастырушылық жұмыстар мен лицензиялау жұмыстары қатар жүрді.

Сол кезде кәдімгі гинекологиялық креслолар мен кушеткалардың өзі өте тапшы болатын. Сол себепті бізге далаға шығарылып тасталған ескі бұзылған креслолар мен кушеткаларды жөндеп жинауға, қалпына келтіруге, «жаңаларын» жасауға тура келді. Барлығын аз-аздан жинауға тура келді. Бас дәрігер жұмыс бастауға қажет бірнеше бөлме берді, ультрадыбыстық аппаратпен қолдануға мүмкіндік берді, жұмыстың бастамасына біраз керек-жарак ұсақ материалдарын берді. Біздің қолымызда

бұрынғы бұзылған инкубатор болды, оны Батыр қиындықпен зорға дегенде жөндеуші тауып жөннеді. ЭКО зертханасына арналған арнайы жабдықтар — ламинарлық шкаф, ерекше екі микроскоп, қатыру құралдары, инкубатор және басқа зертханаға аса қажетті арнайы жабдықтар, сондай-ақ көп шығын құралдары, материалдар, дәрі-дәрмектер — өз қаражатымыздың есебінен Мәскеуде сатып алынды, Батырдың жетекшілігімен — мен, ұшқыш-емделуші және Батырдың інісі — Жанболат үшеуіміз оларды Мәскеуден алып келдік. Біраз заттарды Здановский берді, тіпті ол кезде стерильді бір киер киімнің өзі тапшы, соған дейін сол алыстан әкелуге тура келді. Сөйтіп бүгінгі таңда айтылатындай мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында аса қиыншылықпен жұмыс басталды. Татьяна Павловна екеуіміз бір жағынан ҚАРО қызметкерлері, ал екінші жағынан 1995 жылы 18 сәуірден бастап «Экомед» қызметкерлері ретінде қатар жұмыс істедік.

Ең бастысы бізге жұмыс істеу қажет болды, ал кім болып жұмыс істейтініміз маман ретінде бізге маңызды болмады.

Жаңа істің алғашқы негізін қалаушыларына әрқашан қиын болатынын толық жауапкершілікпен түсінетінбіз. 1995 жылы қазан айының басында зертхананың жұмысы басталды.

Сол кездері қатты қобалжитынбыз, уайымдайтынбыз, дегенмен жаңа, аса жауапты іс болды ғой, сондықтан зертхана дайын болғаннан кейін

Мәскеуден проф. В.М.Здановский мен доктор Л.В.Хилькевичті шақырдық, зертхананың дайындығын тексеріп, аудит жасауды өтіндік, өйткені, біз жануарлардың материалымен емес, адамның жасушаларымен жұмыс істейтін болғандықтан айрықша жауапкершілікті сезіндік. Өз жұмыстарынан қолы босайтын адамдар біздің жұмысымызды тексеріп, мақұлдап, бір-екі күннен кейін қайтып кетті.

Демалыссыз және мереке күндерсіз шексіз ауыр күндер басталды, осындай қиын тәртіппен алғашқы 8-9 ай жұмыс істедік. Ол уақытта бізде бірінші дәрежелі жабдықтар болмады, бірақ нәтиже алуға үлкен ықыласымыз болды және жұмысымыз басталғаннан кейін бір айдан соң бірінші клиникалық жүктіліктің болуы барлық еңбегіміздің сыйақысы болды. Бұл күнді ешқашан ұмытпаймын — 1995 жылғы 9 қараша. Біз кезекті емделушіге кезекті пункцияны жасадық, аналық жасушаларды алып, оларды ұрықтандырдық, қатты шаршап Татьяна Павловнаның анасы Нелли Григорьевнаға көуап жеуге бардық. Горький саябағының жанындағы үйде қос туған күнді атап өттік: біздің директор Батырдың және Татьянаның ұлы — Костяның. Сол кездері Татьяна Павловна екеуіміздің дастархан жайып, мерекелерді тойлау түгілі, тамақ істеуге де уақытымыз болмайтын. Ол кезде бізден ұйқы да кеткен, отбасыларымызға қарауға мұрша болмайтын.

Туған күннің барлық қамын оның қонақжай анасы өз мойнына алды, көңілінің кеңдігі үшін біз

оған әрқашан риза болатынбыз. Біз, ол күннің жеңісті, біз үшін бастапқы қадамымыз, шын мәнінде мерекелі күн болатынын білмедік!

Біраз уақыт өтті, қуанышпен емделушінің жүктілігін анықтап, тоғыз ай бойы ол үшін қорықтық. Өйткені, бұл алғашқы тәжірибе болатын. Жүктіліктің қалай өтетінін қатты уайымдадық. Шын мәнінде, біз және босанған әйел үшін ең қиыны босанғаннан кейінгі сәт болды, себебі, «түтіктегі» алғашқы нәрестенің авторы біз екендігін анықтау үшін нағыз журналистік тергеу жүргізілді.

Сол кездері қаланың төменгі аудандарында, соның ішінде біз орналасқан Сейфуллин көшесінің қиылысындағы Седов көшесінің бойындағы электр қуатында жиі проблема туындайтын, жарық кенеттен өшіп қалатын, электр желілерінде апат болып жататын. Әрине, біздің барлық жабдықтарымыз толықтай электр қуатына байланысты болды. Бізде үздіксіз қуат көзі болмағандықтан, бұл бізді абыржытты. Бір жарым айдан кейін, 1995 жылы желтоқсанның басында «Экомед» зертханасын министрлер кеңесінің (Совмин) ауруханасына ауыстыруды шештік, бұл электрмен қамту жағынан толықтай қауіпсіз болатын. Нәтижесінде, Бас дәрігер - проф. Б.С.Құралбаевтың қолдауымен сол жерде 9 жыл жұмыс істедік, сол үшін ол кісіге және аурухананың барлық ұжымына алғыс айтамыз.

Біздің осындай жанқиярлық еңбегіміздің нәтижесінде 1996 жылы 31 шілдеде «түтіктегі» алғашқы

қазақстандық нәрестенің дүниеге келуімен елдегі бедеулікті емдеу саласында жаңа парақ ашылды. Алайда, алғашқы оншақты бала дүниеге келсе де, «Экомедтің» қарсыластары әрдайым жеткен жетістіктерді төмендету арқылы орталықтың жұмыс істеп тұруына кедергі жасады. Солардың ықпалымен Денсаулық сақтау министрлігі «Экомед» бастаған істі жалғастыруға мүмкіндік бермейтін бұйрық шығарды. Ұзақ уақыт бойы қысым көрсету кезеңі, жас клиникаға біржақты көзқарастар болды, соның салдарынан депрессия да болды, зертхананы Жезқазғанға, мына тұрған көрші Қырғызстанға ауыстыру туралы ойлар да болды. Жезқазған облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы, өзі дәрігер, сонымен қатар заңгер Т.К.Рахыпбеков болып жатқан кедергілерге наразы болып, өз ұйымы атынан арнайы лицензиялауға және біздің зертхананы санитарлық авиация ұшағымен солардың облысына ауыстыруға көмегін ұсынды. Ол кісіге қолдауы және көмек ұсынғаны үшін алғыс айтып, біз, неде болса күтеміз деп шештік. 2 жыл күттік...

Біздің достарымыздың және Кеңес Одағындағы ЭКО негізін қалаушылардың жігерлі қолдауымен «Экомедке» өз ісін жалғастыруға рұқсат берілді. Сол кездің қиыншылықтары, самғау мен құлау сәттері жайында біздің Бас директорымыз Батыр Бекмұсаев «Честная повесть», «Жауабы жоқ дүние» атты кітаптарын жазды. «Экомедтің» құрылуы жайлы деректі фильм түсірілді.

Есте қалатын және таңқаларлық жәйт, осындай жаңа және ауыр жұмыстың артында үш-ақ адамның тұрғаны: мен – эмбриолог, Татьяна – гинеколог және Батыр – ұйымдастырушы, осы істің ынтагерлері, ал зертхана бар-жоғы 50 шаршы метрде орналасқан еді. Қазіргі таңда «Экомед» Алматыда, Астанада орналасқан, Тараз, Шымкент, Атырауда филиалдары бар, онда жүзден астам мамандар, шамамен оншақты адам ұрпағын өрбіту саласындағы еліміздің және шетелдің клиникаларында жұмыс істейтін репродуктологтар, эмбриологтар дайындалған. «Экомед» өз мамандарын әрдайым әлемнің жетекші клиникаларында оқытады, дүниежүзілік конференцияларға, семинарларға, мастер-класстарға жібереді. Клиниканың халықаралық ғылыми кеңесшілері - репродуктология саласындағы әлемнің атакты, жетекші ғалымдары профессор В.М.Здановский (Ресей), профессор Дов Фельдберг (Израиль), д-р Маркус Ницшке (Германия), д-р Джон Занг (АҚШ), д-р Евгения және Владимир Исаченко (Германия), д-р Массашиге Куваяма (Жапония), д-р Ориол Колл (Испания) және т.б. Соңғы жылдары ЭКО-ның негізгі әдістерімен қатар, өзіміздің тәжірибемізге және жетекші ғалымдардың – проф. О. Катоның (Жапония), д-р Дж. Зангтың, д-р М. Ницшкенің тәжірибелеріне сүйене отырып, клиникада табиғи циклда және аз ынталандырумен ЭКО әдістері енгізілді және белсенді қолданылып жатыр. Жыл сайын халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, репродуктология саласындағы жетекші мамандардың мастер-класстары өткізіледі.

Бүгінгі күні артқа қарасақ, жүрегің дір ете қалады. Бізге төнген көп қауіптен, қатерлі жағдайлардан батырлықпен, табанды еңбекпен, жанпидалықпен өткен екенбіз, аман қалыппыз. Нәтиже алмаған жағдайда өзіміздің де және емделушілердің үміттерін ақтай алмай қалу, жұмыстан айырылу, құрал-жабдықтарға, оқуға кеткен қаражаттан айырылу және т.б. жағдайларға ұшырау қатері өте үлкен еді, біз соның бәріне тәуекел етіппіз. Сол жылдары мемлекеттік мекемедегі жұмыстан өз еркінмен шығып, мүлдем жаңа, бір түсініксіз саламен айналысу сау адамның ойына келмейтін іс екенін біз бүгін ғана түсінгендейміз...


Бүгін Қазақстандағы алғашқы ЭКО зертханасын құруға және ұйымдастыруға қатысқан әрбір адамның ролін айтып өту қажет. Біздің елдегі ЭКО – бұл үлкен жеңіс, оған жетуде жоғарыда аталған барлық ұйымдастырушылар мен мамандардың ролі даусыз маңызды, және ол бүгінгі күні, өз кезегінде Қазақстанда және шетелде бірнеше мың балалардың дүниеге келуімен нәтижеленеді. Осы бағасыз еңбек үшін барлығына алғыс айтқым келеді!

Бүгінгі таңда, елімізде жиырмаға жуық адам репродукциясы клиникалары мен зертханалары жұмыс істейтіндігі қуантады, онда заманауи ғылыми деңгейде бедеулікті зерттеу және емдеу мүмкіндіктері бар, отандастарымызға шетелге шықпай-ақ ЭКО саласында жоғары білікті көмек алудың барлық түрлері мен мүмкіндіктері ұсынылған.

КҮЛКІЛІ ДЕ, МҰҢДЫ МЕНИҢ ТАНЫСУ ОҚИҒАМ



*Жанна Ойшыбаева,
«Свобода слова»
газетінің бас
редакторы*



ұл кәдімгі редакциялық күн болатын. Сол кезде «Казахстанская правда» газетінің редакциясында жұмыс істеп жүрген мені бөлім меңгерушісі шақырды, Совминнің емханасына барып, алғашқы «түтіктегі» нәрестенің дүниеге келуіне арналған пресс-конференцияны баяндау туралы тапсырма берді. Бұл 1996 жылғы тамыздың алғашқы күндері болатын. Тапсырма берілді – оны

орындау керек, яғни жазу қажет. Газетші жұмысының аксиомасы осы. Бардым. Ұзын бойлы, әдемі қыз жаңадан құрылған «Экомед» бедеулікті емдеу клиникасы мамандарының өз қолдарымен таңқаларлық жағдай жасағанын айтып жатты. Нақтырақ айтқанда, олардың зертханасында экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭКО) әдісін қолдану арқылы алғашқы жүктіліктің болғанын, алғашқы сәбидің дүниеге келгенін хабарлады. Жас мемлекет үшін бұл шынымен таңқаларлық жағдай болды. Біріншіден, алғаш рет жана репродуктивтік технологиялар қолданылды. Екіншіден, олар нәтиже берді. Осы ЭКО әдісі арқылы жүкті болған әйел 1996 жылы 31 шілдеде дүниеге сәби қыз алып келді!

Харизмалық тұлға – пресс-конференцияда спикер болған – Салтанат Байқошқарова, кейін анықталғандай ЭКО әдісін қазақстандық медицинаға енгізген тұлға болып шықты.

Сонымен, ақпарат «Казахстанская правда» қосымша беттерінде - «Казахстанские новости» газетінде жарияланды. Ол шыққаннан кейін мен басқа жаңалықтар іздеп, басқа репортаждар жазуға кірісіп кеткенмін. Алайда, мені басшылық шақырып, сұрақ астына алды: «Неге сен алғашқы «түтіктегі» нәрестенің дүниеге келуі жайлы оқырмандарды жаңылыстырасың? Шынында, «Экомед» клиникасының бұл іске ешқандай қатысы жоқ екен, ал басшылары қарапайым алаяқтар. Журналистік тергеу жүргізіп, олардың бетпердесін ашу қажет!»

Мұндай игі істің осындай жағдайға айналғанына аңтаң болып, ұзақ ойландым. Салтанат Байқошқарованың телефоны жауап бермеді. Бір кезде медбике трубканы көтеріп, ол қалада жоқ екендігін хабарлады. «Алаяқтардың өзі!» деп ойладым.

...Салтанат жолдасымен Батыр Бекмұсаевпен бірге редакцияға өздері келді. Осы күндері оның қайын атасы (жолдасының әкесі) қайтыс болыпты, олар Жамбыл облысына соған байланысты кетіп қалған екен. Мен оларға: «Егер сіздер алаяқ болмасаңыздар, дәлелденіздер!» - деп үзілді-кесілді түрде мәлімдедім.

Бір сөзбен айтқанда, журналистік тергеуді бастадық. «Экомед» клиникасына жүгінген және эмбриолог Салтанат Байқошқарованың жетекшілігімен ЭКО бағдарламасына тікелей жазылған емделушілерге ұзақ уақыт арнап барып, сөйлестік. Соның ішінде алғашқы «түтіктегі» нәрестенің ата-анасымен кездестік, жаңа туылған сәби қызды көрдік. Содан кейін Салтанаттың ақпаратының рас екеніне көзіміз жетті, барлық сұрақтарымызға жауап алдық, анық-қанығын білген соң алғашқы нәресте жайлы бізде басқа ешқандай күмән туындамады. Осы іске қатысы бар барлық кісілермен, сондай-ақ оппоненттермен тілдескеннен кейін «Түтіктегі «Егіз»: бірі — нәресте, екіншісі — дау» атты мақала жаздым. Ол «Казахстанская правда» қосымшасында — «Жұма-Пятница» газетінде жарияланды.

Осы мақаланы жазуға ұзақ уақыт кеткені есімде. Мен көптеген адамдармен: емделушілермен, «Отба-

сы және неке» қалалық консультациясының басшысы Тамара Джусубалиевамен, Республикалық ана мен бала денсаулығын қорғау ғылыми орталығының директоры Нина Каюповамен, академик Мұхтар Әлиевпен, КСРО-дағы «ЭКО-ның әкесі» Борис Леоновпен, сол кездегі ҚР Денсаулық сақтау министрі Василий Девяткомен және отандық медицинаның басқа да ғылым қайраткерлерімен тілдестім.

Негізінде, ешқандай алаяқтық жоқ болып шықты. Бұл жерде сырт адамдардан қызғаныштан көзделген басқа мақсаттар бар және болды: көптеген адамдар «түтіктегі» алғашқы нәрестенің дүниеге келу жағдайын өз авторлықтарына жазғысы келді. Сондықтан қызығушылық танытқан тараптар дау отына жандандыра беру үшін әртүрлі майлар құйып жатты.

Қазақстанда бедеу ерлі-зайыптылар көп және елдің кез келген жерінде ондаған ЭКО зертханасын ашуға болады деген дәлелдерге ешкім құлақ аспады.

Қазіргі таңда мұның бәрі күлкімен қабылданады. Бірақ, бұл шынымен болған: жаналық ашушы Салтанат Байқошқарова өмірде немқұрайлық пен екіжүзділікті бетпе-бет кездестірді. Ал, бала күлкісін аңсайтын аналардың жасын ешкім елемеді. Қажетті лицензияны алу үшін «Экомед» бедеулікті емдеу клиникасының негізін қалаушыларының айқын заттарды дәлелдеуіне бірнеше жылы кетті.

Одан бері екі он жылдық өтті. Бұл клиника менің көз алдымда өсті: Астанада және Таразда


филиалдары ашылды. Жүздеген қазақстандық отбасылар көбейді, олардың үйінде балалардың күлкісі және шуылы естілді. Салтанат Байқошқарова – Қазақстандағы әйгілі әйелдердің бірі, оның пікірін барлық жерде тыңдайды.

Тағдыр ешнәрсені жай істемейтін шығар. Біздің кездесуіміз, мен үшін тағдыршешті болып шықты. Біз, Салтанат Байқошқарова мен Батыр Бекмұсаевпен қазір жай ғана дос емеспіз. Олардың көмегімен көптеген жылдардан кейін ғажап оқиға менің де отбасымда болды. «Экомед» мамандарының зергерлік еңбектерінің арқасында мен сүйкімді қос ұлдың анасы атандым.

Әрине, Салтанат Байқошқарова «кіндік шеше», ал оның өмірлік жары Батыр Бекмұсаев «кіндік әке» болып тұсаукесер тойда тұсау кесті.



МЕРЕЙТОЙҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛЫ СӨЗДЕР!



иырма жыл – бұл жеңіс пен жетістіктердің тізімі ғана емес. Бұл сансыз достар мен адамдар, осы жылдар бойы олардың қолдауы көмектесіп, шабыттандырды. Сондықтан Шығыс салты бойынша оларға сөз беру заңдылық!

Мәулетбай ДАУТБАЕВ, ұшқыш:

– Салтанат пен Батырмен біз он бес жылдай таныспыз. Қызмет бабы бойынша мен көптеген елдерде, барлық континенттерде болдым. Клиниканың алғашқы жұмыс жылдарында жиі көмектесетінмін. Әрине, рейстен кейін құжаттарға бару немесе мамандармен қажетті жабдықтар жайлы келісудің орнына демалуға болатын еді. Бірақ, мен бұл істің маңызды екенін түсіндім. Бедеулік мәселесі бүкіл әлем бойынша өзекті. Бұған экология проблемасы да әсер ететін шығар. Осындай маңызды істе ерікті көмекші болғанымға қуанамын. Одан басқа, Батыр мен Салтанат өте адал адамдар, біздің уақытта ондай адамдарды жиі кездестірмейсің.

Осындай маңызды істе көп серіктестер тілеймін. Аңсаған армандары орындалған аналардың көздері жайнасын деп тілеймін. Бұл үлкен іс және мұны олар балалардың дүниеге келуі үшін істейді!

Шолпан АЮПОВА,

Президенттің істер басқармасы Медициналық орталығының ОКА емханасының бас дәрігері:

– Қазақстан үшін бедеулік мәселесі өте өзекті. Барлық әлем үшін де өзекті. Салтанат пен Батырмен олар өз орталықтарын ашқан кезде таныстық, мен басқаратын емханаға көмек сұрап келді. Олардың бастамасын біз қолдадық, бұл серіктестігіміз қызықты болды. Мені олардың тез шешім қабылдап, жылдам қимылдау қасиеттері, қиын ұйымдастыру мәселелерін шешу қабілеттері таңқалдырды!

Маған Салтанаттың мақсатқа талпынушылығы ұнайды, білімді биолог, қиын ұрықталу процесінің егжей-тегжейін жақсы білді және жаңа медицина мамандығы репродуктологияны нақты меңгеріп алды. Оның ізденіп, көп оқығандығын білемін! Оның ұжымды жұмылдыру, сауатты мамандарды және адал адамдарды таңдай біліп, еңбекке тарту, елге қызмет ету сияқты ұйымдастырушылық қабілетін елемеу мүмкін емес. Біз, Салтанат пен Батырдың алғашқы сәттіліктеріне, жаңа технологияларды қолдану арқылы дүниеге келген алғашқы балалары үшін қуандық. Үміт еткен жүктілікке қол жеткізген,

армандары орындалған әйелдердің бақытты жүздерін көрдік.

Олар игі іс жасады. Орталық елу жылдығын және жүз жылдығын атап өтсін! Дегенмен, отандық медицина тарихында Салтанат пен Батырдың аттары жазылып үлгерді.

Евгения САДУАҚАСОВА, отбасы досы:

– Менің жарым Талғат Батырмен бірге оқыған, сондықтан біз қырық жылдай таныспыз! Олардың тойы әлі менің есімде, ал кейін бедеуліктен қатты қиналғандарын көрсетпесе де, өз балаларын қалай күткені есімде. Маған жалпы Салтанат пен Батырдың қарым-қатынастары ұнайды. Әрине, олар осындай маңызды да, пайдалы істе өздерін таба білгендеріне қуанамын. Себебі, біздің буын – қайта құру кезеңінде отыздан асқан, тұлға ретінде қалыптасқан, өз алдына мақсат қойған, мақсаттарына қол жеткізген адамдар. Бірақ, екі дәуір ауысқан кезде барлығы құлдырады, үйреншікті әлем өткен шаққа кетті. Біздің достарымыздың арасында осындай қиын уақытты басынан өткізіп қана қоймай, өздерін жоғалтпағандары қаншама, оларды мақтан тұтамын. Өз өмірлерін, өз істерін қолдаусыз, көкелерсіз құрғандар. Мен үшін бұл өте бағалы адамгершілік қасиет – қиын уақытты басынан өткізіп, өздерінің зор мақсаттарын жоғалтпау. Батыр мен Салтанат осы қасиетке толықтай ие. Олар бірге үлкен қиыншы-

лықтардан өтті. Салтанат өз арманын іске асырды, ал Батыр өзін нағыз ер ретінде көрсетті: ол Салтанатқа көмектесті, оның барлық бастамаларын қолдады, барлық ауыр ұйымдастыру жұмыстарын өз мойнына алды. Сол себепті олардың кәсіби қасиеттеріне де, бір-біріне деген қарым-қатынастарына да таңқаламын.

Оларға сәттілік тілеуге болады, дегенмен, менің ойымша осындай үлкен іс атқарған адамдар баяғыда өздерін жеңілдетіп, жалпы басшылықпен ғана айналысуға болатын еді. Алайда, «Экомед» басшылығы өздерінің сүйікті жұмыстарын әрі қарай жүзеге асырғысы келеді, сондықтан оларға көптеген ниеттестер тілеймін!

Күнсұлу САЙФИТДИНОВА, емделуші:

— Мен өзім көпбалалы отбасынан шықтым — анамның он баласы болды. Әрқашан бала күлкісі толы үйді армандайтынмын. Қазір менің екі үлкен қызым бар — 25 және 17 жаста және екі кішкентай балаларым, оларды мен ЭКО-ның көмегімен 43 және 49 жасымда босандым. ЭКО бағдарламасы бойынша алғашқы сәтті жүктілік жеті сәтсіз жүктіліктен кейін ғана болды. Бір кездері Салтанат пен Батыр оны жалғастырудан айнытуға тырысты. Бірақ, мен баланы қатты қаладым, өзімнің дәрігерлеріме және бәрі болады деген ішкі сезіміме сендім. Себебі, Салтанаттың Қазақстанға жаңа технологияларды

алып келгенін және өз емделушілеріне жүкті болу үшін барлық мүмкіндіктерді ұсынғанын көрдім. Біздің арман орындалды – енді бізде осы кісілердің арқасында екі ұл бар!

Мен емделіп жүрген кезімде ЭКО технологиясын дәрігерден кем еместей біле бастадым. Дәрігердің көмегімен де болмайтын нәрселердің бар екендігін түсіндім. Дәрігер – ол тек Құдайдың қолындағы құрал. Кейде өзіміздің қалауымызды, ниетімізді, арманымызды ұғынуымыз керек, содан кейін ғана бізде барлығы болады. Мен осы жайында емделушілер мектебінде ЭКО-ға баратын әйелдермен әңгімелесем. Әрбір бала үйге қажет уақытында келетінін түсіну өте маңызды, дұға оқып, Салтанат секілді дәрігерлерге сену қажет.

Жасаған ерен еңбектері үшін Салтанат пен Батырға ғана емес, сонымен қатар клиниканың барлық ұжымына, әрбір қызметкеріне алғыс айтқым келеді және барлығына денсаулық пен сәттілік тілеймін!

Махаббат ҚУАНОВА, емделуші және отбасы досы:

– Біз тоқсаныншы жылдары, Салтанат «Отбасы және неке» консультациясында жұмыс істеп жүрген және болашақ «Экомед» клиникасын құрудағы алғашқы қадамдары кезінде таныстық. Күйеуім екеуіміз оған бедеулікке тап болған емделуші ретінде жүгіндік, соңында Батыр мен Салтанатпен жақсы

достық қарым-қатынас орнады. Олар бізді жүкті болу талпыныстары кезінде қолдап, өздері әлі экстракорпоральды ұрықтандыру жасамай жүргенде Мәскеуге профессор Здановскийге жіберді. Ал, біз оларға клиниканың құрылу кезінде болған барлық орын алған кедергілермен күресу кезінде қолдау көрсеттік. Сегіз жыл бойы алғашқы жүктілік болғанға дейін тығыз араластық, Салтанаттың жеңіл қолымен бала көтергенімді білгенде, қызымды соның атымен атадым. Жалпы менің байқағаным, Салтанат тартымды, ұнамды адам болғандықтан, адамдар оған тартылады. Қазір менің қызым он беске келді, мен өзімнің өмір жолымда Салтанат пен Батыр секілді осындай керемет жұпты кездестіргеніме қуаныштымын.

Сабырлық тілегім келеді. Олар өте маңызды әрі қажетті іс атқарып келеді. Әрине, бала мен немерелері толы отбасылық бақытын тілеймін!

Тамара ШАЛАХМЕТОВА, биология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры:

– Салтанатты біздің биология факультетінде оқып жүрген кезінен танимын. Әрине, «Экомед» клиникасында барлығы оңай болмағандығын, ана атанудың да оңай болмағанын білемін. Оны мен тағы да қызықты ғалым ретінде білемін. Мәселенің өзі докторлық дәрежеде емес, Салтанатта. Ол

болмысымен ғалым. Жетістікке қол жеткізгені де сондықтан. Барлығы Салтанаттың қаншама әйелдерге жүкті болуға көмектескендігін біледі, ал, мен, оның қаншама студенттерге көмектескенін және көмектесіп келе жатқанын білемін. Болашағы бар студенттерге қызықты жұмыстар ұсынады, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды стипендиямен қолдайды, кейбіреуіне оқуын төлеп береді. Бұл оның барлығына бизнесмен емес, ғалым ретінде қарайтындығын көрсетеді. Осындай пікірді германиялық әріптестерден де естідім. Ол өз саласында жаңа технологияларды меңгеріп, қолданып қана қоймай, мұның бәрі ол үшін өзі белсенді түрде зерттеп келе жатқан жолмен әрі қарай даму мүмкіндігі болып табылады. Оның жұмысының тағы бір маңыздысы және аса көрінбейтін бөлігі — үкіметтегі жұмысы — ауқаты әлсіз отбасыларға квота үшін Салтанаттың күресуі. Салтанатты еңбекқорлығы мен нағыз ғалым болғаны үшін құрметтеймін.

Салтанатқа және Батырға денсаулық тілеймін. «ЭКО» клиникасына жүгінген барлық әйелдерге жетістіктер тілеймін.

Бақытбек ТӘЖІБАЙ, отбасы досы:

— Мен, Салтанатпен студенттік жылдарды бірге өткізген досым Батыр арқылы таныстым, көптен бері араласамыз. Әрине, мен оның келіншегіне сын көзбен қарадым, бірақ мені Салтанат өзінің тәрбиесімен және білімділігімен таңқалдырды.

Осыған тағы әйел сүйкімділігін, сұлулығын, сымбаттылығын қосыңыз. Сосын оның адамгершілік қасиеті де жоғары болып шықты. Маған оның қалай тындайтыны, не айту керектігін түсіндіретіндігі, сендіретіндігі ұнайды. Ол ашық адам деп айта алмаймын, бірақ біреудің алдында ашылса болғаны, өте адал, алдамайды. Даусыз, Салтанат өзінің қатысуымен, өзінің қарым-қатынасымен – барлық жақсы қасиеттерімен Батырдың өмірін байытты. Ол керемет әйел.

Оларға өз еңбектерінің, күш-жігерлерінің жемісін көруін, содан рақат алуын тілеймін. Салтанатты өзі жақсы көретін және оны жақсы көретін жақсы игі тілекшілер қоршасын.

Бибігүл САҒЫНДЫҚОВА, клиникада алғашқы жылдардан бастап жұмыс істейтін дәрігер-репродуктолог:

– Бір кездері маған жұмыс ауыстыру қажет болды. Перзентханада да, әйел консультациясында да, мені жалықтыратын жұмыс істеп жүрген сияқты болдым. Сол кезде республиканың бас акушер-гинекологы осындай қызықты инновациялық зертхана ашылайын деп жатыр және оған мамандар қажет екендігін айтты. Зертханамен таныстырып жатқанда, Батыр маған бәрін сондай қызығушылықпен айтып бергені соншалық, мен іздеген, маған қажет жұмыс екенін түсіндім. Қателеспедім. Бұл жерде әрқашан

оқу керек, жана бір нәрселерді білу, көру қажет. Әрдайым бас қатырғыш, бірақ шешімі бар жағдайларға тап боласың. Өзіңді кейде нашар сезініп тұрғандай боласың, бірақ кабинеттің табалдырығын аттағаннан кейін – бірден өз проблеманды ұмытып кетесің, себебі жұмыс толығымен тартып әкетеді. Әрдайым барлық жаналыққа зергек, осы жана жолдарды іздеуге асық болатын басшымен жұмыс істеу керемет.

Жалпы айтқанда, жүктілікке қол жеткізу, сенің қатысуыңсыз мүмкін болмайтын, өз жұмысыңның нақты нәтижесін көру – өте қызықты. Кейде емделушілермен қоштасқың келмейді: олар бізге туысқан секілді болып қалады. Кейде өзімді сәтті көрсетілімнен кейінгі актер ретінде сезінемін: қол соғулар естіледі, шымылдық жабылады, сенің өмірінде бір толғандырған әсерлі істің аяқталғанын түсінесің. Біз, кейде әйелдермен ұзақ уақыт бойы жұмыс істейміз, оның барлық әйелдік механизмін бөлшектеп қарап, оны дұрыс жұмыс істетуге тырысамыз. Осындай жұмыстың нәтижесі өзіңді шаттықтың төбесінде тұрғандай сезіндіреді, ештеңеге тең келмейтін бақыт сезімін сыйлайды.

Перизат БАЙҚОШҚАРОВА,
дәрігер-репродуктолог және Салтанаттың сіңлісі:

– Салтанат мені «Экомедке» 1998 жылы шақырды. Әрине, оған өз адамы қажет болды. Себебі оқу, шетелге шығу керек – мұның барлығы қымбат және

осының барлығын игерген мамандар істі тастамай, клиникада жұмыс істегендері маңызды еді. Ол кезде бұл біртүрлі көрінді, республикада жеке медициналық мекемелер енді ғана пайда бола бастады. Жалпы, көп жерде бізге алғашқылар болуға тура келді, әрине, бұл өте қызықты болды.


Бірақ он жылдан кейін жұмыс орнымды ауыстыруыма тура келді. Күйеуімнің жұмысы Таразға көшуге мәжбүр етті, мұнда Салтанат маған үйреткен жұмыспен филиал ашып айналысып жүрмін. Жаңа технологиялармен жұмыс істеу қызықты, себебі, биология мен физиология жағынан мүмкін емес нәрсені мүмкін етеді. Бірде маған 50 жасқа толған емделуші келді. Ол күйеуге шығыпты, бала сүйгісі келген екен! Ал, бізге осыны іске асыру мүмкін болды! Жұмысымыздың қиындығы — бедеулікпен байланысты жағдайды нақты талдау ғана емес, емделушілеріміз осы саланың қаншалықты инновациялық екенін әрдайым түсіне бермейтіндігі қиын. Арзан, тез, кепілдігі бар ма деген қалыпты талаптармен келеді. Бірақ, мен бедеулікте барлық проблеманың жүз пайыз шешімінің жоқ және бұл әрқашан ұзақ әрі қиын жол екендігін дәл айта аламын.

Кейде бұл шынымен жауабы жоқ дүние десе болады. Бірақ көп нәтиже адамның сеніміне, қимылына байланысты.

Ксения ЕВДОКИМЕНКО, журналист:

– Салтанаттың нәзіктігінен бөлек, ерекше қабілеті бар – соққыға төтеп беру. Кез келген жағдайда – сырттан қарағанда сондай әсер қалдырады – ол кінәлі адамдарды іздемейді, наразылық білдірмейді, алға тағы бір қадам жасайды, қиын жағдайды мақсатқа апаратын тағы бір қадамға айналдырады. Сондықтан болар, ол өз клиникасының пайдасы мен тиімділігін емес, ғаламдық сапа мен деңгейлерді ойлайды. Сондықтан квотаның қажеттілігін, АИВ (ВИЧ)-жұқпалы ауруы бар емделушілер үшін де дені сау бала туу құқығын дәлелдейді. Барлық инновацияларға қатысты қандай да бір сау құмарлықты сезінетін сияқты. Бұл қаншалықты коммерциялық тиімді екенін есептемей, тағы бір бедеу ерлі-зайыптыларға мүмкіндік беруді ойлайды. Біз ұсақ-түйек деп есептеген заттарды ғалымның мейлінше дәлдігімен шексіз түрлендіреді: менеджмент, қоныраулар қабылдау орталығы қызметкерлерінің интонациялары. Ол үшін бұл ұсақ-түйек емес. Бизнеске немесе саясатқа біреу арқылы қол жеткізген ханымдардан гөрі, осындай селф-мейд вуман (өзін-өзі жасаған әйел) қадірлі. Тілек ретінде айтарым, клиника қабырғасында нағыз ғажаптардың болатындығын түсінетін игі емделушілер көп болсын.

СОҢҒЫ СӨЗ ОРНЫНА



ағдыр, сынақ болған іске жиырма жыл берілді... Мен де, әйелім де қиындықтардан, кенет пайда болған кедергілерден, тағдыр сынағынан қашқан жоқпыз. Біз Құдайға жақ іс жасап жатырмыз – жаңа адамның дүниеге келуіне көмектесеміз, оның ата-аналарының және олардың көптеген туысқандарының өмірін бақытты әрі мәнді етеміз деген ой күш-қуат берген болар.

Жылдар өткен соң, бір «бақытты» ата-аналармен кездескен кезде, олардың сөнген көздерін көрген ауыр болады екен. Ұзақ күткен, көп жылдар бойы барлық әулиелерден сұрап, оның дүниеге келуі үшін бүкіл әлем болып ақша жинап, озық медицинаның көмегімен туылған баласы отбасын берік ете алмаған. Жұптар ажырасып кетіпті...

Біздің тәжірибемізде балалы болу арманына жетсе де, бақытты бола алмаған отбасыларда одан да сорақы жағдайларды көріп, жанымыз түршіккені бар...

Ажырасу заманауи әлемнің соққысы болды. Отбасыдағы ері мен әйелінің бір-біріне қарым-

қатынасы біз үшін көп жағдайда үлкен жұмбақ. Ата-ананың болуы бала бақытына кепілдік емес деп сан рет айта берсек болады, егер махаббат болмаса, көрініс жасаудың қажеті жоқ. Бірақ, мен барлық осы дәлелдерді тыңдай отырып, қиын қашықтықты жеңіп шығуға дайын екі спринтердің дәрігер алдында отырғаны есіме түседі. Олар жеңіске қол жеткізу үшін қаншама күш салды. Айналадағыларға ата-ана бола алатындарын, ал бір-біріне ұзақ жылдар бойы бедеулікті жеңіп шыға алатындарын дәлелдеуді армандады. Сосын барлығындағыдай қалыпты өмір басталды: жаялықтар, жейделер, жаңа міндеттемелер, шаршау, ұйқысыз түндер, баланың жылауы. Егер нәтижесінде бір бүтін бақытсыз екі жарты болатын болса, ажырасуға кім кінәлі екендігін анықтаудың қандай маңызы бар. Және бұл теңдікте жаңа тұлға — еш кінәсі жоқ бала пайда болады. Ал ажырасу — бұл күшті заманауи медицина түзететін диагноз емес.

Кітаптың басында мойындағандай бәріне менің аяушылығым кінәлі шығар. Бірақ, әрқашан өз ата-анам жайлы ойлаймын: соғыс балалары, бес жасында жетім қалған, естерінде ештеңе қалмаса да әлі күнге дейін әкелерін сағынады. Тек еміс-еміс бұлдыраған үзінділер, баланың бай қиялымен өңделген. Әкелері майданға кеткен, қайтып оралмаған, осындай қарапайым әңгіме, ал олардың балалары өмір бойы өздерін белгісіз, өте маңызды нәрседен бақытсызбыз деп сезінген.

Егер ЭКО балалары жайлы әңгімеге қайта оралсақ, олардың тағдыры үшін жауапкершілік болмаса, бір нәрсе дұрыс болмай жатқан кездегі көмескі ауруды сезінемін. Бұл періште жандар Құдайдан да, өздерінің ата-аналарынан да, ЭКО мамандарынан да дүниеге келуге көмектесуді сұраған жоқ. Оларды ата-аналары қалады, осы балалардың дүниеге келуіне қол жеткізу үшін күш-жігерін, қаражаттарын, уақыттарын жұмсады. Ал, сосын әкесіне баланың жылағаны кедергі жасайтыны немесе анасының діни ағымға кетуі анықталады немесе жұмыс аналық сезімнен жоғары болып шығады, ұзақ күткен жүктілік түсік жасаумен аяқталып жатады...

Жақсы адамның – осы жиырма жыл ішінде серіктес қана емес, біздің клиникамыздың досы Валерий Здановскийдің сөзі есімде. Жиырма жыл бұрын тұманды Медеуде оның көмегімен басталған жаңа технология – ол бизнес емес, хобби емес, ол Тағдыр екендігін түсіндім. Менің жанымда жай керемет әйел емес, қолы алтын ерекше маман екенін және оған ер кісінің қолдауы қажет екенін түсіндім. Сол сәтте Здановский: «Батыр, Салтанат, жақсылап ойланындар! Егер ЭКО сендердің өмірлеріңнің мәні болмаса, онда бұл істі бастаудың да қажеті жоқ!» деп ескертті. Сол кезде мені, осы іс барлық жағынан көкке лайық, жеке алғанда отбасына бақыт сыйлауға тікелей әсер ететін сирек мамандық деген ой

Әйелдің жан дүниесі – өте күрделі әлем. Бірақ, оның бойындағы нәзіктіктің тасасында ұлы күш бар. Ол күш – жер бетіндегі тірлікті жалғастырады, ұрпағын, махаббатын, елін-жерін қорғау жолында әйелді адам айтқысыз қиындыққа қарсы тұрғызады. Шынайы сезімнен тумаған, адамгершілікпен рухани жақындықтан тумаған, қиын кездерде пайдасын көру мақсатымен сатып алған достық ұзақ тұрмайды.

Н. МАКИАВЕЛЛИ

жылытқанын мойындаймын. Здановский – ілтипат сезімдерден алшақ адам, егер ол ақын болғанда, ЭКО мамандарына және ұзақ күткен баланың ата-анасына баланың тағдыры үшін үлкен жауапкершілікті сезіну керектігін ескертер еді. Себебі, ол заманауи медицинаның әртүрлі әдістері арқылы дүниеге келеді.

Мен ешқашан алғашқы емделушілердің бірінің көз жанарын ұмытпаймын. Ол сирек кездесетін ұлттың өкілі

еді, оны жас қыз кезінде саны жағынан аз ұлттың салты бойынша ақсақалдардың қалауымен тұрмысқа береді. Ол өзінің жұбайын тойға дейін көрмеген, бірақ бала туу қауымдарының стратегиялық тапсырмасы секілді болған. ЭКО бағдарламасы нәтижесінде ол бір емес, екі баланы дүниеге алып келетінін естігенде, әйелдің көздерінен бақыттың орнына қорқыныш көрінді. Әйел бір нәрестені алып

тастауды сұрады. Жеке өмірінде басқа жоспарлар болған сияқты. Ал, егер шынында бала күтетін болсаң, онда өмір бойы оның қажеттілігіне бейімделу керексің. Сонымен бірге жұбайыңның қажеттілігіне де... Бұл өмірдегі қалыпты жағдай. Тек қазіргі заманның отбасылары біреуге қамқор болуды білмейді. Мүмкін, бұл – философиялық сұрақ. Бала емес пе, ең маңыздысы? Сол себепті «ЭКО» мерейтойына арналған қазақ тіліндегі кітапты «Жауабы жоқ дүние» деп атадым. Орыс тілінде «Жауабы жоқ сұрақ» дегенді білдіреді. Өмір бізге жиі жауабы қиын сұрақтар жібереді. Мысалы, неге осындай ұзақ күткен балалар ата-анаға қажет болмай қалады. Неге отбасылық өмірде, жалпы өмірде де, бедеулік мәселесінде, балалар тәрбиесінде, махаббатта айқын және анық рецепттер, сұраққа нақты жауап жоқ? Мүмкін, оларды іздеу – өміріміздің сабағы шығар...

Батыр БЕКМҰСАЕВ

*Жауабы
жоқ дүние*

РЕДАКТОРЫ – Б.БЕКБОЛАТҰЛЫ
ТЕХ. РЕДАКТОР – Р.ОЙСАЕВ
ХУДОЖНИК – Қ.УБАЙДОЛЛАҰЛЫ

Терімге берілген күні 3.03.16. Басуға қол қойылған күні 9.03.16. Пішімі 60x90
1/16. Қарпі «Таймс». Баспа табағы 12,7. Қағазы борлы. Таралымы 1000 дана.